Әр жолдауда Елбасымыз білім жүйесіне айрықша тоқталып, білім саласына белгі мерзімдер аралығына жоспарлар мен жобалар тағайындауда [3, 150 б]. Танымдық белсенді тұлғаны қалыптастыруда: қабылдау, есте сақтау, қиялдау мен зейіннің тұрақты күйін басқару қажеттілігі туындайды. Осы бағытта білім алушыларға мәселелік оқыту жүйесін В.И. Зазвязинский, М.И. Махмутов, Ж.Б. Қоянбаев, А.А. Бейсенбаева сынды зерттеушілер еңбегінен көре аламыз. Т.С. Сабыров, А.Н. Илясова, Н.Д. Хмель, Б.И. Мұханова және т.б. ғалымдар еңбегінде білім алушы тұлғаның оқу жоспарын жеңілдетіп, тиімді бағытта сапалы білім алу жағдайы қарастырылған [4, 66 б]. Белсенділіктің танымдық тұрғыда қарастыру барысында студенттің тек беріліп жатқан материалдармен шектелмей оның қызығушылығын шыңдау барысында өзіндік атқаратын жұмыстары көп болуды талап етеді. Бұл тәсілмен жетілдіру тұлғаға өзін – өзі дамыту, өзін – өзі басқару, жүйелеу, жоспар қоя алу, мәселелік оқиғалардан шыға алу, алға бағдар қою, әдет пен дағды қалыптастыруға жол ашады. Әрине бұл жолмен жүріп танымдық белсенділікті аттыру үшін де, түрткі болушы дүние болуы қажет. Кей жағдайларда көп кездестіріп жатамыз, мамандыққа қатысы жоқ пәндерді оқу студент үшін жалықтырғыш спектрдің нақ өзі. Мамандық бойынша өтілетін пәндердің қызығарлықтай дәрежеде, кең ауқымда тәжірибелік мақсаттарды көздей отыра өтілсе бұл өз нәтижесін берері анық [5, 39 – 43б].

Білім беруші тұлға көмегімен студенттер:

- тәжірибеге дейінгі біліктілігін қалыптастырады;
- мұғалімнің берген білімімен шектелмей, кең көлемде қарастырады;
- білім алушылардың уақытын үнемдей отыра, қысқа және түсінікті ақпараттармен қанықтырады (сызба, диаграмма, тезис т.б)
- проблемалық оқыту негізінде креативті ойлауға баулиды;
- әдибиеттер, әдістемелермен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдерін үйрете отырып, студенттердің бір – біріне деген қарым – қатынасын үйлестіреді;

Жоғарғы мектеп студенттерінің басты артықшылығы олардың өзіндік жұмыстарының басымдылығы, осы жүйені негізге ала отырып оқу орнында жасалып

жатқан оқу құралы, жоспар мен әдістеме негіздемесі дұрыс нұсқада студентке ұсынылуы қажеттілігі туындайды. Төмендегі айтылған мәселелер барысында студенттердің білім алу барысындағы ынтасын дамыту талаптары мен педагогикалық – психологиялық даму алғышарты макет түрінде жасалынды. Оны жоғарыдағы 1 – суреттен байқауға болады. Бірінші сызба бойынша, студенттердің білім алу ынтасын арттыру мақсатында негізгі студентке қойылатын талаптар қарастырылды. Ал, екінші сызба бойынша психологиялық – педагогикалық дамудың басты шарты кескінделді. Екі сызбаның байнанысы білім алу ынтасын арттыруға бағытталған жүйеге негізделген [6, 44 б].



Білім алушыға арнайы бір талап болмаса, білімнің игерілу ауылы алыс болары бәрімізге мәлім. Сол берілген талаптар негізінде, білім алушы сауатты, әрі сапалы оқу бағдарламасын меңгерумен қатар белгілі проблемалық жағдайлардың психологиялық – педагогикалық шешімін табуға ынталы, белсенді болады.



Сурет 1. Студенттердің жоғарғы мектепте оқуға ынтасын қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық талаптары мен негізгі принциптері

Сызбада көрсетілген, коммуникативті шеберлікті дамыту – ақпарат алмасу барысындағы қарым – қатынас негізінде психологиялық бейімделу жүзеге асады. Жалпы мен арнайы білімдерді сауатты меңгеру – оқу құралдарымен: кітаппен, оқу – әдістемелерімен, анықтамалармен, аудармалармен жұмыс істеуге үйретеді. Компенсаторлық қабілет – белгілі қиындықтар негізінде перифразалар мен синонимдік

сөздерді қолдану аясы. Студенттердің жеке бір мәдениетті меңгеру барысында жеке көзқарастарының болуы бұл педагогикалық және психологиялық кедергісіз жетілу негізінде жүретін процесс.

Интеллектуалдық және танымдық қабілеттер студентті шығармашылық, ізденушілік үдерістерінде дамуы, кез – келген өзгерістерді жақсы және тиімді қабылдауға үлес қосады. Сондықтан да осы екі сызбаны бір – біріне ұштастыру арқылы біз болашақ нағыз кәсіп иесінің сұлбасын бейнелейміз. Білім алу болсын немесе өмірлік басқа да іс – әрекеттер алған білім нәтижесінде жүзеге асып отырады. Тұлғаның қоғамда белгілі бір әрекеті оның білімі мен өмірлік тәжірибелер негізінде жүйеленіп бір сарынды процестер нәтижесінде өтіп отырады. Тұлға қалыптастыру өте күрделі, құнды жұмыс. Сол себепті, тұлғаны қалыптастыруда психологияны тұрақты ұстап, оны жетілдіру басқа сфераларда білім алушының ыңғайлы, еркін ұстауына себеп болады. Еліміздің білім жүйесі психологиялық – педагогикалық тәрбиеге баса назар аударып, әлеуметтік – мәдени тәжірибеде қоғамдық пайдалы, танымдық, теориялық, практикалық әрекеттерді мейлінше әр – түрлі формада үйреніп оны қолдана алатын тұлға тәрбиелеуді көздейді [7, 146]. Сонымен, тақырыпты қорыта айтсақ, студенттердің жоғарғы оқу орнында ынтасын, белсенділігін арттырудың психологиялық – педагогикалық шарттары тек оқытушыға ғана емес, сонымен қатар білім алушының өздігінен білім алуға қабілеті бола алады. Екі тараптан да белсенді әрекет барысында білікті кәсіби маман даярланады. ЖОО – ның басты айырмашылығы студентке қойылатын міндеттер мен талаптардың жоғарылығында. Психологиялық – педагогикалық әрекет білім алушыға кедергі келтірмей өз мамандығын игеруге септігін тигізу қажет.

Әдебиет:

1. Сабыров Т. Оқытушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының диалектикалық жүйесін тиімді қолдауға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері. Автореф. п.ғ.д.:05.11.96. – Алматы, 1996. – 78 – б
2. Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. – М., 1967. – 173 б
3. Есипов Б.П. Самоотчетная работа учащихся в процессе обучения. – М., 1961. – 150 с
4. Рысбаев Е, Ильясов С. Танымдық белсенділікті дамыту – өзекті мәселе. Қазақстан мектебі. № 2. 2007. 66б
5. Әмірова Б. Біріккен оқу іс – әрекетіндегі ұлттық таптаурындардың танымдық рөлі. Ұлт тағылымы. № 3, 2001. 39 – 43б
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: Елорда, 2006. 44 б
7. Бұзаубақова Қ. Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз, ТарМУ, 2003. 14 б

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘР ТҮРЛІ ЖАС КЕЗЕҢІНДЕ АДАМГЕРШІЛІК СЕЗІМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Байназарова Т.Б., Зенова А.А.

(Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті)

Адамның қандай да болсын әдеттері қоршаған орта тарапынан әр түрлі бағаланады. Адамдар жағымды және жағымсыз немесе дұрыс және дұрыс емес мысалдар негізінде әдеттерді бағалайды. Осыдан қоғамда адамгершілік ережелері

қалыптасады. Қоғамның ережені қалай қабылданғанына және қоғамның жүріс – тұрыс ұстанымдары мен ережелеріне қаншалықты сай жүретініне байланысты адамгершіліктің деңгейі туралы айтуға болады [1]. Осылай, адамгершілік адалдық, мейірімділік, шыншылдық, әдептілік, әділеттілік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік секілді тұлғалық қасиеттерді біріктіретін ұғым ретінде қарастырылады. Адамгершілік ережелері мен талаптары адамның қоғамда өзін қалай ұстап, қалай өмір сүру керектігін көрсетеді [2].

Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, адамгершілік ережелері қоғамның даму деңгейі бойынша өзгеріп отырады. Адамгершілік ережелері барлық уақыт бойы барлық халықта бірдей болу мүмкін емес. Қоғамдық – экономикалық процестердің ауысуымен бірге қоғамдағы адамгершілік және жүріс – тұрыс ережелері туралы түсінік өзгереді. Л.А. Григорович анықтамасы бойынша, «адамгершілік – жүріс – тұрыстың ережелері мен ұстанымдарын өз еркімен сақтауды қамтамасыз ететін тұлғаның ажырамас бөлігі. Жүріс – тұрыстың ережелері мен ұстанымдары қоғамға, жеке адамға, өзіне, еңбекке байланысты көрініс береді» [2].

Белгілі бір жағдайда адам қалай әрекет ету керектігін анықтайтын стандарттар, ережелер, талаптар. Адамгершілік ережелері баланы белгілі бір әрекеттер мен әдеттерді жүзеге асыруына әсер етуі немесе оларға тыйым салуы мүмкін. Адамгершілік тәрбие – балада қоғам ережелерінің талаптарына сәйкес адамгершілік қасиеттері мен сезімдерін қалыптастыру мақсатында оның санасына, сезіміне және жүріс – тұрысына жүйелі түрде әсер ету.

Жалпыадамзаттық ережелерге балалардың әрекеті, қарым – қатынасы, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып қатынас жасау секілді барлық өмір сүру процесі сәйкес келетін тұтас білім беру жүйесінде ғана адамгершілік тәрбие тиімді нәтиже береді.



1 сурет. Адамгершілік тәрбиенің компоненттері

Балаларды адамгершілік тәрбиелеу ұстанымдарын төмендегідей бөлуге болады:

– Оқу – тәрбие процесінің бірлігі мен тұтастығы ұстанымы дамудың түрлі кезеңдерінде адамгершілік тәрбиенің мақсаттарымен, мазмұнымен және әдістерімен арасындағы байланысты құрайды;

– Баланы ұжымда тәрбиелеу ұстанымы өзара көмектесу элементтеріне сай бірінші ұжым ретінде балалардың тобын біртіндеп қалыптастырудан тұрады;

– Баланың тұлғасына құрметпен қараумен байланысты бала қажеттіліктері ұстанымы әр баланың оның тұлғасына құрметпен қарау, оның күшіне сену, мейірімділік таныту секілді жақсы қасиеттерін тауып, тәрбие процесінде соған сүйену. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагог әр баланың темпераменті, мінезі және эмоциясының ерекшеліктерін жақсы білуі қажет;

– Бала сезімі, санасы мен жүріс – тұрысы әрекеттесуінің бірлігі ұстанымы адамгершілік тәрбие құралдары мен әдістерін іздеуде әр балаға кешенді тәсілді қолдануды білдіреді;

– Жүйелілік пен кезектестік ұстанымы;

– Балабақшада және отбасында балаларға қойылатын талаптардың бірлігі ұстанымы [3].

Ар – намыс – адамгершілік қатынас пен құбылыстарды растаудың позитивті процесі. Адамгершілік сана дамуының қозғаушы күші ретінде адамгершілік ойлау қызмет атқарады. «Адамгершілік ойлау – адамгершілікке байланысты сұрақтардың қарым – қатынасты және жағдайды жүйелі жинақтау мен түсіндіру, сонымен қатар оларды талдау, бағалау, шешімдер қабылдау, таңдаулы жауапкершілікті жүзеге асыру процесі.



2 сурет. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың адамгершілік жүріс – тұрысының мотивациялық бағыттылығын құрайтын компоненттер

Тұтас процестің нәтижесі адамгершілігі бар тұлға, ал жеке алып қарасақ, оның санасы, адамгершілік сезімдері, ар – ұят, адамгершілік еркі, әдеттері, қоғамдық жүріс – тұрысын қалыптастыру болып табылады [4]. А.С. Макаренко бойынша, тұлғаны адамгершілік тәрбиелеу – педагогикалық және әлеуметтік құбылыстарды қамтитын күрделі және көп факторлы процесс. Бірақ бұл процесс автономды түрде жүреді [5].

Адамгершілік тәрбиенің негізгі міндеттері төмендегілерді қамтиды:

– Адамгершілік сананы қалыптастыру;

– Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу мен дамыту;

– Адамгершілік жүріс – тұрыстың әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру [1].

Адамгершілік сезімдер санада, ойлауда, бағалауда, этикалық ойлауда байқалатын сенсорлық күйлер бірлігінде көрініс табады» [4]. Қазіргі зерттеулерде мектеп жасына

дейінгі кезеңдегі балалардың адамгершілік жүріс – тұрысының мотивациялық бағыттылығын құрайтын мынадай компоненттерге бөлінеді: адамгершілік қажеттіліктер мен мотивтер, адамгершілік өзін – өзі бағалау мен өзін – өзі тану, сезім мен басынан кешіру, әлеуметтік эмоциялар.

Зерттеулердің көпшілігінде мектепке дейінгі жас жеке тұлғаның мінез – құлқының әлеуметтік бекітілген тәсілдерінің пайда болуына сезімтал ретінде сипатталады. Л.С. Выготский бойынша, бұл жаста «ішкі этикалық инстанциялар» туындайды. Шетелдік зерттеушілер де бұл жасты баланың адамгершілік дамуы үшін ең қолайлы деп есептейді [6]. Мектепке дейінгі кезеңнің ерекшелігі – бұл балалардың қоршаған әлемді жоғары деңгейде түсінуінде, жүріс – тұрыс үлгілерін меңгеруге эмоциялық пен қабылдау. А.В. Запорожец осы жаста тәрбие ерекше әсер ететінін де айта өтеді. Н.В. Космачеваның пікірі бойынша, мектеп жасына дейінгі кезең балаларының ересектердің жүріс – тұрысында көрініс табатын адамгершілік ережелері мен құндылықтарды бойына сіңіруі балада ерте жастан бастап адамгершілік құндылық бағдарын қалыптастыру бойынша жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі балалық шақ белгілі бір әрекеттер бойынша ерекше жаңалық және оларды қабылдауға ішкі дайындық кезеңі болғандықтан, И.В. Сушкова өз кезегінде мақұлдау мен мойындау қажеттілігіне шартталған сананың дамушы адамгершілік – бағалау әрекеті негізінде адамгершілік таңдауды жүзеге асыру қабілеті қалыптасатынын да айта өтеді.

О.В. Куниченко мектеп жасына дейінгі кезең балаларының «адамгершілік Мен бейнесі» ұғымын қолданады. Бұл бейнеге адамның өзінің адамгершілік қасиеттері, мүмкіндіктері, көріністері туралы ойлары, оларға деген жеке көзқарасы кіреді және баланың адамгершілік әрекетті таңдауға және орындауға деген ұмтылысын алдын ала анықтайды. В.И. Слободчиков пен Т.В. Черникованың пікірі бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік саласы әлеуметтік ортаның әсеріне бейім, алайда бұл кезеңде ерік – жігер құлышынысы негізінде адамгершілік қасиеттер қалыптасуының психологиялық негізі болуы мүмкін.

Г.А. Урунтаева мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың адамгершілік даму ерекшеліктерін ұсынды:

- 1) балаларда алғашқы адамгершілік пікірлер мен бағалаулар қалыптасады, адамгершілік ережелерінің қоғамдық мәнін түсіне бастауы;
- 2) адамгершілік түсініктердің әсер етуі артады;
- 3) саналы адамгершілік пайда болады, яғни баланың жүріс – тұрысы ережелерге сай бола бастайды.

И.В. Сушкова да мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік сананың қалыптаса бастауы туралы айта келіп, бұл процестің арнайы ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

– қарым – қатынас саласындағы фактілер мен деректерді жинақтау қабілеті жоғары болған кезде осы жасқа тән жалпылау процестерінің дамуының салыстырмалы түрде төмен деңгейі;

– баланың балалармен және ересектермен қарым – қатынасқа, оң бағалауға, үлкендердің мақұлдауы және құрдастарының мойындауына деген қажеттілігі;

– даму жылдамдығы (оның ішінде әлеуметтік және адамгершілік) және сонымен бірге – әр түрлі балалардың әр түрлі жетілу кезеңдері (интеллектуалдық, эмоциялық және т.б.);

– балалардың адамгершілік құндылықтарға, дәстүрлерге, көзқарастар мен отбасылық менталитетке «байлануы».

Мектеп жасына дейінгі кезең балаларының адамгершілік саласына байланысты Н.В. Мельникованың зерттеуі бойынша 4 пен 7 жас аралығындағы балаларда адамгершілік жүріс – тұрыс ережелер мен талаптардың рөлін күшейту арқылы дамиды; адамгершілік білімдер негізінде өзінің және өзгенің әрекеттерін бағалаудың дұрыстығы артады. Оның пікірінше, мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының адамгершілік саласының динамикасы жоғары сипатқа ие (адамгершілік сезімдердің үстемдігі → адамгершілік сана мен адамгершілік сезімдердің бәсекелестігі → адамгершілік сананың рөлін арттыру). Бұл кезеңнің аяғында оның алғашқы үш компоненттен тұратын құрылым (когнитивті, эмоциялық және жүріс – тұрыс компоненттерінің бірлігі мен өзара әрекеті) мен негізгі компонент аралық байланыстар қалыптасады. Сонымен қатар, жасы ұлғайған сайын адамгершілік жүріс – тұрыс элементтері арасында алшақтық сақталады (адамгершілік әрекеттер мен іс – әрекеттерді орындау қабілеті, оларға адекватты көзқарас білдіру).

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік жүріс – тұрысы «Ересектерге өтірік айтуға болмайды», «Кішкентайларды ренжітуге болмайды» деген сияқты пікірлермен бекітеді және балалар «болады\болмайды» дихотомиясымен ойлайды. Алайда, Г.А. Урунтаева бала неге ережені сақтау қажеттігін түсіндіргенде ғана адамгершілік ережелер түсінігі қалыптасқандығы туралы айтуға болатынын ескертеді. 5 – 7 жастағы бала адамгершілік ережелердің жалпы мәнін, оның қарым – қатынасты реттеудегі объективті қажеттілігін түсінеді. Басқа адамның қызығушылықтар, қалауы да үлкен рөл ойнай бастайды [7]. Мектепке дейінгі жас кезеңінде бейбіт әрекет және әлемге аффективті – бейнелі қатынас бейнесі қалыптаса бастайды. Бұл кезеңде бала кейбір әрекеттердің адамгершілік мәнін ғана түсініп қоймайды, сонымен бірге өзінің ішкі күйін сыртқа дұрыс көрсете алады және құрдастарының күйін тани алады. Балалардың адамгершілік құндылықтарының эмотивті компоненті сезіну, басынан кешіру, жүріс – тұрыс нәтижесіне қуаны эмоцияларында көрініс табады. Н.В. Космачева «Егер бала бұрын жоғары баға алу үшін адамгершілік ережелерін орындаса, кейінірек оның әдеттері айналасын қуантқаны үшін адамгершілік нормаларын орындай бастайды», – деп жазады. Жалпылай алғанда, балада адамгершіліктің дамуында туындайтын эмоциялық компоненттің маңыздылығын атап өтеді.

Р.Р. Калинина мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік саласының когнитивті, эмоциялық және жүріс – тұрыстық сияқты үш компоненті дамуының кезеңдерін сәйкестендірді. Оның зерттеу жұмысында когнитивті және эмоциялық компоненттерінің даму деңгейі арасындағы, сонымен қатар эмоциялық және жүріс – тұрыстық компонент арасындағы корреляциялық байланыс анықталған. Осы мәліметтер негізінде автор мынадай қорытынды шығарады: адамгершілік ережелерді білу мен түсінудің жоғарғы деңгейі оған деген адекватты эмоциялық қатынастың дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, адамгершілік әдеттерді ашық басынан кешіру тереңірек түсінуге және жүріс – тұрыста адамгершілік ережелерін тұрақты жүзеге асыруға әкеледі.

Алайда, көптеген зерттеушілер балаларда моральдық білімнің болуы оның жүріс – тұрысына әсер етпейтінін айтады. Көптеген балалар адамгершілік таңдау жағдайында өздеріне таныс ережелерді орындаудан бас тартады. Е.В. Субботский 4 жастағы балалардың жүріс – тұрысы көптеген жағдайда ережеге сәйкес келеді, ал сыртқы бақылау болмаған кездегі жүріс – тұрыста эгоистік ережелерге бағынатынын көрсетті. Бұл жастағы балалар ересектердің барлық талаптарын өзгеріссіз және тікелей қабылдайтынын да айта өтеді. Л. Кольберг те осы тұжырымды мектеп жасына дейінгі балаларда жүріс – тұрыс ережелері туралы этикалық түсініктерімен қатынастағы ерекшелігін сипаттай отырып айтады [8]. В.М. Холмогорова мектеп жасына дейінгі

кезең балаларындағы адамгершілік туралы пікірлерін зерттеп, өзіне, моральдық ережеге, басқаға бағытталған деп түрлі мотивациялық құрылымға негізделген этикалық дамуды бірнеше түрге бөлді.

Балалардағы адамгершілік ережелердің бұзылуы көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша, жүріс – тұрыстың екі нұсқасына негізделген:

1) байқамай бұзу, бала салдарын ойламай, өз қалауы бойынша әрекет еткенде байқалатын жүріс – тұрыс (баланың жас кезеңіне байланысты ерекшелігі – ырықты жүріс – тұрыс механизмдерінің дұрыс қалыптаспауы);

2) бала өз жүріс – тұрысы мен қоғам қабылдаған үлгі арасында қарама – қайшылық бар екенін түсінеді, бірақ ережені бұзады.

И.В. Сушкова мектеп жасына дейінгі кезең балаларындағы адамгершілік санасының ерекшелігі тек қана моральдық ережелер мен оның жүріс – тұрысындағы сәйкессіздік қана емес, ережелерді білу мен оны сақтау мен бұзудағы жеке қатынасындағы қарама – қайшылық болып табылады.

Яғни, басқа адамның әрекеті бала қызығушылығында көрініс тапса, онда бұл әрекетті көптеген балалар объективті моральдық құндылықтары арқылы емес, қызығушылықтары арқылы бағалайды. Т.Р. Мустафин бала дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен ерекшеленетін нормативтік жағдай ережелеріне сәйкес жүріс – тұрыстың көрсеткіші ретінде «мәдени конгруэнттілік» деген жаңа теориялық түсінік енгізді. Мәдени конгруэнттілік төрт түрлі өлшеммен анықталады:

- жүріс – тұрыстың қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келуі;
- жүріс – тұрыстың өзін – өзі бақылау ережелеріне сәйкес келуі;
- жүріс – тұрыстың тіл алу ережелеріне және ересектердің күткеніне сәйкес келуі;
- жүріс – тұрыстың гигиена талаптарына сәйкес келуі [9].

Оның зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі кезең балаларында мәдени конгруэнттіліктің түрлі деңгейінде формальды – логикалық және диалектикалық ойлау түрлерін анықтауға болады. Формальды – логикалық ойлаудың негізгі көрсеткішінде объектілердің ерекшелігін түсіну мәдени конгруэнттілік деңгейі жоғары екенін білдіреді. Сонымен қатар, диалектикалық ойлау деңгейі мен бала жүріс – тұрысының нормативтік жағдай ережелеріне сәйкес келуі арасында кері байланыс бар. Бұл жағдайда ережелерге сәйкес жүрудің жоғары деңгейіндегі балаға жалпылау, салыстыру, себеп – салдарлық байланыстар орнату сияқты формальдық – логикалық операциялардың қалыптасуы тән. Ал, диалектикалық ойлау дегеніміз – қарама – қарсы түсініктерді біріктіруге ұмтылумен сипатталатын ойлау түрі.


Н.Е. Веракса бұл ойлаудың түрі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатынын айтады. Бұл жас кезеңінде пайда болған диалектикалық ойлау құрылымы мектеп жасында және ересек болғанда шығармашылық шешім табуды қажет ететін жағдайларда қызмет етеді [10]. Яғни, Т.Р. Мустафинның зерттеу нәтижесінде алған мәліметтер бойынша, баланың мәдени конгруэнттілігі оның креативтілігімен, шығармашылық қабілеттерімен сәйкес келмейді. «Нормативтілік» пен «креативтілік» ұғымдары онтогенез барысында жиі бір – біріне қарама – қарсы болатыны басқа зерттеулерде де дәлелденген. Соңғы жылдары бірқатар зерттеулер мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың эмоциялық және адамгершілік салаларының қиылысындағы «эмоциялық қайырымдылық» ретінде осы феноменге арналған. Ю.В. Лебедова зерттеулерге ретроспективті талдау жүргізе отырып, эмоциялық қайырымдылықтың қалай қарастырылғанын көрсетеді:

- адамдар арасындағы бір – бірін түсіну құралдарының жүйесіндегі қасиеттердің бірі;
- тұлғаның эмоциялық – адамгершілік дамуының компоненті;

- баланың басқа адамның күйіне эмоциялық реакциясы;
- эмпатияның құрылымдық компоненті;
- адамгершілік сезімдер мен ұжымдық қатынастар дамуының көрсеткіші;
- адамдар арасындағы қатынаста көрініс табатын негізгі эмоциялық құрылым.

Ю.В. Лебедева келесі тұжырымды ұсынады: «эмоциялық қайырымдылық жақын ұғымдармен (эмоциялық жауап, «эмпатия», «симпатия», «эмоциялық зият» «аттракция», «әлеуметтік зият» және т.б.) сипатталатын басқа феномендерден ерекшеленетін психологиялық феномен және басқа адамның күйін жауап беру процесіне дайындықта көрініс табады. Бұл жағдайда, эмоциялық қайырымдылық феноменін адамгершілік құрылымдарының бірі ретінде қарастыра аламыз.

Эмоциялық қайырымдылық «өзара көмекке дайын болу» феноменімен де байланысты. Бұл мәселені ресейлік ғалым П.В. Андреев зерттеу жұмысында қарастырған. Өзара көмек моральдық жүріс – тұрыс нормасы ретінде, эмпатия нәтижес ретінде, эмоциялық топтық идентификация ретінде қарастырылады, ал ол мына анықтаманы ұсынады: өзара көмектесу – бір баланың әрекеті басқа баланың әрекетін қолдау мен жеңілдетуге бағытталған балалардың бірлескен әрекеті. Сонымен бірге П.В. Андреев өзара көмекке дайын болудың психологиялық статусын когнитивтік, эмоциялық және әрекеттік компоненттерден тұратын құрылым ретінде анықтайды [11].



2 сурет. Балаларда өзара көмекке дайын болу құрылымының даму деңгейлері

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балаларға қатысты «толеранттылық негіздері» түсінігі де пайда болды. Бұл позитивті құндылықтарға, құрдастарымен диалогқа, қайырымдылыққа, ымыраға келуге дайындығына, шағын топтарда басқа балалармен ойнай алуына және үлкен ұжымда басқалармен өнімді әрекеттесе алуына негізделген балалар жүріс – тұрысының тұрақты алгоритмдерінің жиынтығы.

Н.В. Мельникова баланың адамгершілік санасы, сезімі мен басынан кешіруінің бірігуінде көрініс табатын өлшемдерді, белгілерді ұсынды және бөліп көрсетті:

1) адамгершілік білім өлшемі (адамгершілік нормаларын, адамгершілік қасиеттерін, адамгершілік жүріс – тұрыс және қатынас ережелерін білу және түсіну, өз әрекеттеріне жауапкершілік алу түсінігі);

2) адамгершілік қатынас өлшемі (өзін және басқаларды қабылдау, басқа адамға деген қызығушылығы, әлемді позитивті жағынан қабылдау, қайырымдылыққа, шыдамдылыққа, құрмет пен сыпайылыққа негізделген ересектерге және құрдастарына қатынасы);

3) адамгершілік жүріс – тұрыс өлшемі (адамгершілік нормаларды орындау қабілеті, қажетті, пайдалы, мақұлданатын әрекеттерді орындауы, ережені бұзуға қарсы тұра білуі, моральдық таңдау жасай алу қабілеті);

4) моральдық басынан кешіру өлшемі (өз сезімдеріне сену және оларды жүріс – тұрысты таңдаудағы негіз ретінде қарастыру; адамгершілік әрекеттерін жасай отырып, позитивті сезімдерді басынан өткеру; нормалар мен ережелерді бұзғанда ұят, кінә сезімдерін басынан өткеру, өзгеруді қалау).

В.Н. Мельникова бойынша моральдық дамудың жалпы өлшеідері жоғарыда сипатталған барлық белгілердің бірлігімен сипатталады [9].

Н.В. Космачева мектеп жасына дейінгі кезең балаларында тұлғаның адамгершілік саласының үш компонентімен байланысты адамгершілік құндылық бағдардың даму өлшемдері мен көрсеткіштерін ұсынды:

– когнитивтік: мейірімділік, адалдық, әділеттілік, жомарттық, еңбексүйгіштік секілді құндылықтармен көрініс табатын тұлғаның адамгершілік қасиеттерін білу және түсіну; адамгершілік ережелерді түсіну және бағалау; адамгершілік үлгілеріне бағыттылық;

– эмотивтік: басқа адамның эмоциялық күйін тану; адамгершілік нормаларға адекватты эмоциялық қатынас және оларды қабылдау; әрекеттерге сай эмоциялық реакция көрсету;

– жүріс – тұрыстық: адамгершілік нормалар мен құндылықтарға сәйкес тұлғааралық өзара әрекетке түсу қабілеті, көмек көрсетуге ұмтылу, жүріс – тұрыстағы жағымды бағыттылық [10].

Ғылыми деректерді талдау нәтижесі бала адамгершілігінің дамыту факторларын авторлар әр түрлі ақпараттар ұсынғанын көрсетеді. Олар:

- ересектермен және құрдастарымен қарым – қатынас;
- беделді үлгі тұтатын тұлғалардың болуы (отбасы, тәрбиеші);
- ойын (әсіресе, рөлдік);
- адамгершілік әрекеттерге баланың жаттығуы, моральдық таңдаудың болуы);
- көркем шығармаларды балалардың қабылдауы (ең алдымен, ертегілер);
- өзінің және басқалардың эмоциясын түсінуге жаттығу;
- бәсекелестікті жеңуге арналған ойындар мен сабақтар;
- гуманистік, эмоциялық – эстетикалық және эмоциялық – этикалық қатынас, қамқорлық бойынша жеке тәжірибе;
- психологиялық қауіпсіз ыңғайлы орта;
- үш қарым – қатынас кеңістігінің қиылысындағы топтық әрекет (бала – құрдастары, бала – ата – ана, бала – тәрбиешілер);
- тең қарым – қатынастың болуы.

Аталған факторлардың соңғысы «ересекпен қарым – қатынас» фактордың маңыздылығынан қарастыру шеңберінен ығыстырылады. Бірақ Ж. Пиаже «бала – ересек» иерархиялы және симметриялы емес қарым – қатынастан қарағанда құрдастармен қарым – қатынас теңқұқылы және симметриялы болатынын, сондықтан да оларда сыншылдық, төзімділік, эмпатия секілді қасиеттер дамитындығын атап көрсеткен [12]. Балаға тең адамдар, алдымен басқа балалар, кейінірек ересектер деп көзқарастардың бөлінуі арқасында шынайы адамгершілік балаға тән эгоцентризмді алмастырады. Балабақшаға баратын балаларда «құрдастарымен серіктестік» факторы көбірек қолжетімді екенін айтуға болады. Сонымен, адамгершілік сана – сезімді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту адамгершілік тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ал, адамгершілік тәрбиенің мақсаты – жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген тұтас адамгершілік тұлғаны қалыптастыру. Адамгершілік сезімдерін қалыптастыруда балалардың жас ерекшелігі

мен жан – жақтан әсер ететін факторларды ескере отырып, дұрыс ұйымдастырылуы қажет.

Әдебиет:

1. Возрастная и педагогическая психология // Под. ред. Гамезо М.В. и др. – М.: Деловая книга, 2004. – 565 с.
2. Гребенкина Л.К., Аджиева Е.М. Своеобразие национального и патриотического воспитания. Педагогическое образование и наука. – 2015. – № 3. – С.49 – 54.
3. Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 2009. – 340 с.
4. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. – М.: Академия, 2015. – 676 с.
5. Ядэшко В.И. Дошкольная педагогика; учеб. пособие. – М.: Просвещение, 2011. – 415 с.
6. Tomlinson P., Quinton M. Values Across the Curriculum / P. Tomlinson, M. Quinton. – L.: Cassell, 2016. – 152 p.
7. Урунтаева, Г.А. Дошкольная психология: Учеб. пособие / Г.А. Урунтаева. – М.: «Академия», 2001. – 336 с.
8. Голоюс, Е.А. Психолого – педагогические факторы формирования нравственных установок дошкольников: диссертация / Е.А. Голоюс. – Саратов, 2019. – 229 с.
9. Крайг, Г., Бокум, Д. Психология развития / Г. Крайг, Д. Бокум. – СПб.: Питер, 2016. – 944 с.
10. Веракса, Н.Е., Комарова Т.С., Васильева М.А. От рождения до школы. Примерная основная общеобразовательная программа дошкольного образования / Н.Е. Веракса, Т.С. Комарова, М.А. Васильева. – М.: Изд – во «Мозаика – Синтез» СЭ, 2013. – 304 с.
11. Андреев, П.В. Психолого – педагогические условия развития психологической готовности дошкольников к взаимопомощи: диссертация / П.В. Андреев. – Самара, 2008. – 186 с.
12. Пиаже, Ж. Моральное суждение у ребенка / Ж. Пиаже. – М: Академический проект, 2015. – 480 с.

УДК 372.8

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛДЕРІН ДАМУ

Баубаева А.У., Кабденова А.К.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚУ*)

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халқына «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түзетуіміз керек», – деп айтқан [1]. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай – ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік – психологиялық, тұлғалық, ерік – жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қалыптастырады [2].

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзек алатын жері – ол ата – бабадан қалған асыл мұра. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, тілдерін дамыту мақсатында халық ауыз әдебиетінің асыл – мұралары: жұмбақтар, ғажайып ертегілер, мақал – мәтелдер, жанылтпаштар, тәрбие әліппесі, аңыз әңгімелер, жырларды қолданудың маңызы зор тиімді тәсіл екені белгілі. Мектепке дейінгі балалардыңхалық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ауызша сөйлеу тілдерін дамытуды меңгертудің мазмұндық жүйесін саралауда сананы дамытуға, әдістемелік сипатын жетілдіруде білімді баланың ішкі мүддесімен үйлестіруге басымдылық беру

қажеттігі айқындалып отыр. Өйткені, білім мазмұнында баланың өзіндік ойлау қабілеттерін, жеке көзқарастарын дамытуға тірек болар негізгі өзекті тауып, баланың ұғым – түсініктерін соған сәйкестендіре жүйелеу қандай маңызды болса, баланың білімді өздігінен меңгеруіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға, әр түрлі өмір жағдаяттарында дұрыс жол табатындай қажетті іскерліктерді қалыптастыруға бағытталатын жұмыстарды үйлестіре жүргізудің де мәні соншалық үлкен

Халықтың ауызекі шығармашылығы тарихшылар, этнографтар, философтар, өнертанушылардың еңбектерінде (М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қасқабасов С., А. Жұбанов, Б. Қазыханова, т.б.) көрініс тауып отыр [3]. Ата – бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы өшпей, жалғасып келе жатқаны – тіл құдіреті мен танымының тереңдігінің көрінісі. Адам баласының өз тіршілігінде көрген – білгенінен, тоқып – түйгенін ойлап – толғап, қорытып, келешек ұрпағына мирас етіп қалдыратыны – табиғи заңдылық. Мұндай дүниелер әр түрлі жолдармен де берілетіні белгілі. Соның бірі – ата – бабамыздан қалған мәдени мұра – халықтың ауыз әдебиеті.

Бала тілін ерте жастан дамыту олардың ойын өрбіту, сол арқылы жеке басының қалыптасуына жағдай жасау – оқу – тәрбие мәселесіндегі негізгі мақсаттардың бірі. Бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтыны күрделі психологиялық үрдіс. Ол жүйелі жүргізілетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асады.

Фольклорист – ғалым М. Ғабдуллин өз еңбектерінде ауыз әдебиеті туралы ғылыми тұрғыда түсініктер беріп, ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылықтарын, қазақ ауыз әдебиетінің зерттелу жайын қарастырды. Сондай – ақ, тұрмыс – салтқа байланысты туган шығармалар, төрт түлік мал жайындағы шығармалар, мақал – мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз әңгімелер, батырлар жырына кенінен тоқталып, олардың тақырыбы, түрлері, өзіне тән ерекшеліктері туралы «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ фольклористикасы» атты еңбектерінде зерделеді [4]. Фольклорлық шығармалардан халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы көрінеді, халықтың ұғымы мен түсінігі байқалады. Бұны қалыптастыруға, әрине, жалпы білім беретін мектепке дейінгі сатысында мүмкіндік мол. Өйткені, «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында»: «Балабақшаның өзінде баланың барлық танымдық және психологиялық мүмкіндіктерін жетілдіріп, адамның күнбе – күнгі өмірінде білім алудың қандай келешегі болатынына оның көзін жеткізу қажет. Бұл кезеңде гуманитарлық – эстетикалық бағыттағы пәндерді кенінен енгізу керек, өйткені осы жастағы балалар әсершіл, әрі ұғымтал келеді. Бала мектепке дейінгі ұйымнан кейінгі кезде төңірегіндегі оқиғалар жайындағы әсерін қисынды да жүйелі түрде баяндап, жанындағы адамдармен ешбір қиындықсыз, белсене қарым – қатынас жасауды үйренуге, алған білімін түйсініп, өмірде қолдана білуді талап ететін міндеттерді шешу дағдыларын толық игеруге тиіс», – деген талаптар қойылған [5].

Халықтық шығармалардың ішінде ертегілердің балаларға тигізетін әсері мол. Халық ертегілері – халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған оқиғалы көркем шығарма. Бұл шығарма шытырман оқиғаларға бай мектеп жасына дейінгі балалардың ойына қозғау салып, өмірдің алуан түрлі сырларын танытады, сана – сезімі мен ақыл – ой қызметінің дамуына, ерте қалыптасуына көмектеседі. Ертегі шығармасын балалар сүйсіне тындайды, себебі ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп, халықтың даналы, тапқырлық ой пікірлері жинақталып, көркем әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Ертегі оқиғасы басталатын жерден – ақ қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, еліктіріп әкетеді. Халық ертегілерінің ішінде балалар арасына кен тарағаны – хайуанаттар жайындағы ертегілер. Ондай ертегі кейіпкерлерінің өмір сүру жолындағы, қарым –

қатынастар жасаудағы айла тәсілдері балаларға ой салады. Бұл ертегілер баланың санасын оятып, мақсат – мұрасына жетуге үйретеді.

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің бәрін алып қарасақ та, баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі, қызықты болып айтылады. Ертегілерде балаларға ой салатын екі сипат бар. Олар: ертегі бәрі кейіпкерлерінің мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күн көрінісін байқайды. Есту, тындау арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге құштарланады. Екіншіден, хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы оны мысал ете отырып, адамдар арасындағы қарым – қатынасты, олардың мінез – құлқын салыстыра отырып, байқайды [6].

«Қатынас» білім беру саласында мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін, тіл қызметінің жеке қабілеттілігін, мазмұнды монолог пен диалог құра білуді, тілдік шығармашылықты көрсете білуді, сауат ашу мен жазуды меңгеруге дайындықты дамыту жөнінде ұсыныстар берілген.

«Қатынас» білім беру саласының мақсаты айналадағы адамдармен ауызша және ауызша емес құралдардың көмегімен қарым – қатынас жасауға қабілетті көптілді мектеп жасына дейінгі тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Алты жасар баланың өмірінде адамдар арасындағы қарым – қатынасқа, мінез – құлықтың жалпыға бірдей нормаларына негізделген қарым – қатынас жасаудың тұлғалық түрінің қалыптасуы басталады, сондықтан осы жас тілдің барлық жақтары мен қызметінің дамуына өте қолайлы.

«Қатынас» білім беру саласында мектепке дейінгі ересек жастағы баланың сөздік қорын дамыту және де монологты, диалогты сөйлеу тілін үйрету, сонымен қатар, қандай әдіс – тәсілдер арқылы бала тілін дамытуға болатыны қарастырылған.

Бағдарламалық материалдың бір бөлігін балалар жатқа (өлең – тақпақтар, шағын фольклорлық жанрлар), ал енді бір бөлігінің мазмұнын мәтінге жуық айта білуі тиіс. Сонымен бірге, балаларды әдеби сюжеттер бойынша драмалау ойынында, сахналау көрінісінде рөлдерді орындау тәсілдерін меңгеруге үйретеді. Маңызды міндеттердің бірі – көркем тілдік және сахналау ойыны іс – әрекетіндегі дербестікті қалыптастыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Мектеп жасына дейінгі халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ересек топ балаларының тілін дамытуын қалыптастыру барысында мына қағидаларға сүйенуге болады:

- халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру;
- суретке қарап әңгіме құрастыра білуі;
- ҰОҚ халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалану арқылы бала тілін дамыту.

Бұл өлшемдердің негізінде мектепке дейінгі ересек топта халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланудың көрсеткіштері:

- халық ауыз әдебиетін пайдаланудың қажеттілік сипаты;
- халық ауыз әдебиетінің білімділік сипаты;
- халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік сипаты айқындалады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша перспективалық жоспарды әзірлеу, дәстүрлі халық мерекелері, тұрмыстық заттары, киімдері, туралы ақпараты бар фольклор шығармаларын таңдап алып, жүйеге келтіру, тәрбиешілерден, балалардан, ата – аналардан сауалнама алу, ұйымдастырылған оқу қызметін және іс – шараларды ұйымдастыру арқылы ересек топ балалардың тілін дамытуға болады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалану арқылы балалардың тілін дамыту бойынша жүйелі мақсатты жұмыс жүргізу керек. Ең алдымен, балалардан, ата – аналардан, тәрбиешілерден сауалнама (Қосымша А) алу арқылы деңгейін анықтап, кейін халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы мектеп жасына дейінгі ересек топ балалардың тілін дамыту бойынша жұмысының перспективті жоспарында,

ұйымдастырылған оқу қызметін («Мақта қыз бен мысық» сахналау әдісі, «Білімді ұрпақ – ел тірегі» көрнекілік әдісі, «Қызықты қазақ тілі» әңгіме құрастыру әдісі), т.б. – жұмыс формалары енгізілген. Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы бала тілін дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің фрагменттерінде балаларды оқытып тәрбиелеу, білімге құмар болу, білу белсендігі мен бастамалар, жаңа мақсаттарды шешу; халық ауыз шығармашылығына оң көз қарасын қалыптастыру мақсатында дидактикалық ойындар қолдануға болады. Фольклор шығармаларын қолдану дидактикалық ойындардың құндылығы сөз сөйлеу мақсаттары ойын жолымен шешілетінінде қамтылған: дыбысты айтуға қалыптастыру, сөз байлығын кеңейту, байланысты сөз сөйлеуді дамыту. Балаларды халық ауыз шығармашылығымен таныстыру бойынша дидактикалық ойындардың міндеттері:

- балаларға халықтың рух өмірін сезіндіруге көмектесу;
- ықыласты, ойды, ойлау қабілеттерін, қиялдауды, ұсақ моториканы және сөз сөйлеуді дамыту;
- балаларға қазіргі, өткен және болашақ заманның өзара байланысын тануға көмектесу.

Дидактикалық ойындар балалармен жұмыс атқарғанда олардың сұраныстары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне байланысты. Балалар ойын мазмұнын даяр түрінде қабылдайды, кейін қойылған міндетті педагогпен қосылып немесе өз еркімен шешеді.

ҰОҚ үзінділер келтіретін болсақ:

Тақырыбы: Мақта қыз бен мысық

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың ертегілер туралы түсініктерін кеңейту, кейіпкерлердің айқын бейнесін көрсете білуге және кіші қойылымдарды сахналауға үйрету.

Дамытушылық: Сөйлеу тілін, қимылдарын дамыту.

Тәрбиелік: Ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Билингвальды компонент: мысық – кошка, сиыр – корова, тышқан – мышка, ағаш – дерево.

Мнемокесте арқылы әңгімелеу (Сурет 1).



Сурет 1. Мнемокесте

Кейіпкерлерді ретімен айту арқылы ертегіні әңгімелеу (Сурет 2).

«Мақта қыз бен мысық» ертегісін жаққа бөліп қайталап айту үшін, өзара диалог түрінде айтылатын сөздері қайталанып келетін болғандықтан, балалардың сөйлеу тілін жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Әсіресе балалар қаратпа сөзді, көтеріңкі бірынғай сөздерді сахналап атыу интонациясын меңгереді, балалардың сөзі жан сезімін аңғарту

тұрғысынан байи түседі – кейіпкердің басына түскен күйініш, сүйінішін балалар дауысынан аңғаруға болады.



Сурет 2. Ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған көрнекілік

Тақырыбы: «Жұмбақ жанылтпаштар»

Мақсаты: Әртүрлі жұмбақтарды тез шешу арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жанылтпашты шатаспай тез айтуға машықтандыру, сөздік қорларын дамыту.

Әдіс – тәсілі: мнемотехника.

Тәрбиеші балаларға мнемокесте арқылы жұмбақтар жасырады.

1. Шана зырып желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс).

2. Күн ұзарып қар еріп,
Су сайларға толады,
Бұл қай кезде болады? (Көктем).

«Кім жанылыспайды»? магнитофоннан жанылтпаш тыңдалып, жанылыспай айтылуы керек (мнемотехника әдісі арқылы жаттатқызу).

1. Дәу тау болады, тау дәу болады.

2. Ара, ара, аралар
Орман ішін аралар.

3. Қарға, қарға, қарғалар
Қар үстінде жорғалар.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды жұмбақ, жанылтпаштардың халық ауыз әдебиет үлгілері екенін түсіндіріп, мнемотехника әдісі арқылы көзбен көріп есте сақтау арқылы тілдерін дамытып, жаттату керек.

Тақырыбы: Наурыз көктем мерекесі (Қосымша Б)

Мақсаты:

Білімділік: Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қостілділік компонент: көктем – весна, үстел – стол, домбыра – домбра.

Тосын сәт: Кәмшат келіп балаларға жұмбақ жасырып, бірнеше тапсырмалар береді.

1. Бір ауызды бұйым бар
Тіктөртбұрыш пішінде.
Затынды аман сақтайды,

Салып қойсаң ішіне.
Көлемі болса, әртүрлі,
Орташа, үлкен, кіші де.
Оюлар зерлеп жасалған,
Қызығасың түсіне.
Айтындаршы, бұл не зат
Көрпе жинайтын үстіне? (Сандық).

2. Төрт аяқты қатты зат
Беті тегіс, дөңгелек.
Үйімізде қолданар,
Заттын бірі ең керек.
Сол бір заттын үстіне,
Дәмді тағам толады.
Дәм татам деп шетіне,
Жайғасады қонағы.
Аласа, биік түрі бар
Бұлқандайзатболады? (Үстел).

3. Мойны ұзын, әдемі
Бар онын қос құлағы.
Он тоғыз перне мойнында,
Тізіліп қатар тұрады.
Екі ішіектен естілген,
Үні қандай ұнамды.
Әр қазақтың үйінде,
Төрде ілініп тұрады.
Кеудесі бар сопақша,
Бұл қандай аспап болады? (Домбыра).

– Ой балалар жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Солүшінсендерге Наурыз мерекесі туралы айтып берейін.

Тіл ширату:

1. Тоқ тоқылдақ,
Теректі тоқылдатпайды.
2. Ұзақ, ұзаққа ұшты,
Ұзақ, тұзаққа түсті.
3. Түйе маған – шұбат береді,
Шұбат маған – қуат береді.

Балалармен «Наурыз» мерекесі жайлы әңгімелесу.

– Ал енді өздерін отбастарында бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.

– Сендердің аналарың мерекеледе наурыз көже пісіре ме? Оған не қосатынын байқадыңдар ма? (Балалар өз отбасыларында наурыз мерекесін қалай қарсы алатындарын әңгімелейді. Наурыз көже пісіреді. Оған жеті түрлі тағам қосады. Тәрбиеші көмегімен жеті түрлі тағамды айтады).

Мектеп жасына дейінгі балалар қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде балалардың сөйлеуін дамытуда тиімді әдіс – тәсілдерді ұтымды қолдана отырып, әрбір жанрдың өзіндік ерекшелігіне сәйкес жүйелі түрде мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізу, нақты нұсқауларға сүйену, жұмыс жүргізудің көрсетілген жолдары мен ұсыныстарды орындауға қол жеткізгенде халықтық шығармаларды меңгертуге, оған қызығушылықты арттыруға, сөйтіп нәтижелі көрсеткіштерге жетуге болатыны анық.

Негізінен, халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша шығармашылық жұмыстар жүргізу қызықтылығымен әрі жан – жақтылығымен ерекшеленеді, өйткені өнердің барлық саласымен байланыстыруға мүмкіндік мол, сонымен қатар пәнаралық шығармашылық байланысқа да жақсы келеді. Өмірмен байланыстыруда жанаша идеялар тудыруға, жобалар құруға, болашақты фантазиялап, қиялмен елестетуге, армандауға және т.б. шығармашылықпен жол ашылатыны рас. Егерде жоғарыда ұсынылған әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып оқу қызметін жүргізетін болсақ, мақал – мәтелдердің, жанылтпаштардың, ертегілердің мазмұнын түсіне бастайды, ақырындап мақал – мәтелдерді, жанылтпаштарды өздерінің сөздік қорларында пайдалана алады, сюжеттік – рөлдік ойындарда, әңгіме, ертегі құрастырғанда кіріктіруді үйренеді деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауы // Егеменді Қазақстан, 12 сәуір 2017.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2018 ж. 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығы)
3. Алдабергенова Д.Н. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ халық ауыз әдебиеті // Отбасы және балабақша. – 2017. – №6. – Б. 22 – 23.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 2000. – 320б.
5. Жанабай Ә.Қ. Диссертация авторефераты: Болашақ педагогты мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамытуға даярлау (халық ауыз әдебиеті негізінде). – Талдықорған. 2016. – 94 б.
6. Жнабаева М.Т. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда ертегілерді пайдалану жолдары // Отбасы және балабақша. – 2014. №1. – Б. 55 – 57.

УДК 372.8

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛЫРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ ЖАҒДАЙЫ

Берлан Жұлдыз

Ғылыми жетекші: PhD, доктор Рахимжанова А.М

*(«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қ.)*

Қай заманда болмасын қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Оқушылардың денсаулығына әсер ететін факторлар өте көп, сол себептен оларды салауатты өмір салтына үйрету қажет. салауатты өмір салтын қалыптастыру оқу – тәрбие үрдісіндегі басты мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселе тегін көтеріліп отырған жоқ. Себебі, ерлердің 57% – ы, әйелдердің 34% – ы, жастардың 40% – ы, шылым тартса, ересек адамдардың 65% – ы үнемі арақ ішеді екен. Мектеп оқушыларының 17,5% – ы нашакорлыққа ауызданған. Ал экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20% – на себеп болып отыр [3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша денсаулық – бұл аурулар мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық, рухани және әлеуметтік әл – ауқат жағдайы. Денсаулық біздің күнделікті өмірімізбен, яғни жеке қауіпсіздігімізбен тығыз байланысты [1].

Мектеп жасында балалар құрдастарының немесе "көше идеологиясының" ықпалына түсіп, тәуелділікке ие болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, мектеп жасындағы балалардың үштен екісі денсаулығына байланысты әртүрлі ауытқуларға ие [4].

Оқушылар арасында тек 21,4% – ы толығымен сау деп санауға болады. 21% – да созылмалы аурулар анықталды. Қазірдің өзінде бастауыш мектепте оқушылардың 35% – ы нақты "мектеп" ауруларын алады: миопия, қалыптың бұзылуы, ас қорыту жүйесінің аурулары. Мектепте оқу кезінде ауру балалардың үлесі екі есе артады. Статистика мәліметтеріне сүйене отырып, біз мектеп оқушыларының денсаулығына қамқорлық жасау педагогтың басты міндеттерінің бірі болуы керек деген қорытындыға келді [2].

Мектеп жасында денсаулықтың негізгі көрсеткішінің бірі физикалық жетілу. Себебі мектеп жасында бала дене бітімдік жағынан жоғары өзгеріске ұшырайды. Баланың ағзасының жан – жақты дамуының негізі, тәрбие көзі дене тәрбиесі болып табылады. Сол себепті білім алушыларда салауатты өмір салты негіздерінің қалыптасу деңгейін зерттеу мақсатында 9 – 11 сынып оқушылары арасында тест сауалнамасын жасадым.

Бірінші сауалнама Алматы облысы, Ақсу ауданы, Н. Есеболатов мектебінің 20 оқушыдан тұратын, 9 – сынып оқушылары арасында жүргізілді. 30 сұрақты қамтитын сауалнама құпия түрде өткізілді. Сауалнама барысында көпеген мәселелер талқыланды. Соның ішінде оқушылардың 60% – ы зиянды әдеттерге бейім болса, 40% – ы сол әдеттерден аулақ екенін көрсетті.

Сонымен қатар балалардың 70% – ы басындағы қиындықтар туралы ата – аналарымен, жақындарымен бөліссе 30% – ы өз бетінше шешетіндігі анықталды. «Бос уақытыңда немен айналысасың?» – деген сұраққа 20% – ы теледидар көріп, компьютер ойындарын ойнаса, 40% – ы спортпен, 15% – ы серуендеумен, 25% – ы басқада әртүрлі нәрселерге әуестігі анықталды. Сонымен қатар оқушылардың тамақтану режимі де, әртүрлі болды. Солардың ішінде үнемі таңғы ас ішетін оқушылардың саны өте аз көрсеткіші көрсетті. Үйден тыс жерде тамақанатын оқушылар саны басымырақ болды.

Екінші сауалнама да, осы мектептің 11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Мазмұны жағынан ұқсас болғанымен, бұл сауалнамада оқушылардың аты – жөнімен, ашық форматта болуын өтіндім. Сауалнама қорытындысы өте жақсы нәтиже берді. Оқушылардың басым көпшілігі спортпен айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуге тырысатыны анықталды. Оқушылар денсаулықты сақтау үшін ең маңызды шарттар деп санады: спортпен үнемі айналысу – 75%, өз денсаулығына қалай қамқорлық жасау туралы білімі болуы – 50%, жақсы тамақтану және демалу үшін ақшасы болуы – 20%, жаман әдеттерден бас тарту – 70%, салауатты өмір салты ережелерін сақтау – 80%.

Қорытындылай келе екі сыныптың оқушыларының сауалнама қорытындысын салстырып қарасақ, 11 сынып оқушыларына қарағанда, 9 сынып оқушыларының салауаттылыққа деген көзқарастары арасында айырмашылықтардың барын байқадым. Олар өз құрдастарының немесе "көше идеологиясының" ықпалына түсіп, тәуелділікке ие болдыма деген тұжырым жасадым. Салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен залалды дағдылардан аулақ болумен байланысты болады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі болашағымыз. Әр балаға ата – аналары, мектеп қызметкерлері жылылық нәр беріп, үлкен үмітпен қараса, өзінің денсаулығын шыңдап, білімін нығайтуға ұмтылған азамат дайындауға болады. Салауатты өмір салтын сақтау арқылы ғана дені сау қоғамға жететіндігіміз айқын.

Қорытынды: Қорытындылай келе, денсаулық – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Жақын және қымбат адамдармен кездесу, қоштасу кезінде біз оларға жақсы және мықты денсаулық тілейміз, өйткені бұл толық және бақытты өмірдің басты шарты және кепілі. Салауатты өмір салты – бұл адамның денсаулығын сақтайтын және жақсартатын шығармашылық әлеуетін белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өмірдің өндірітік, тұрмыстық және мәдени жақтарын ұйымдастырудың қалыптасқан тәсілі. Сонымен қатар, ол нақты ортада физикалық, психикалық және әлеуметтік әл – ауқат пен белсенді ұзақ өмір сүруді қамтамасыз ететін адам мінез – құлқының жеке жүйесі. Салауатты өмір салты физиологиялық және психикалық процестердің қалыпты жүруі үшін жақсы жағдай жасайды, бұл әртүрлі аурулардың ықтималдығын азайтады және адамның өмір сүру ұзақтығын арттырады. Сондықтан да, мектеп табалдырығынан бастап, әр адам өз денсаулығына аса назар аударуы қажет. Сонда ғана, ел тұғырын биікке көтерер, нар тұлғалы азамат пен азаматшалар өсіп келе жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Әдебиет:

1. Орехова Т.Ф. Организация здоровьесотворяющего образования в современной школе: М.: ФЛИНТА, 2011. – 355 с.
2. Нұридинов Г. Салауатты өмір салтына құрылымдық моделі. // Биология және салауаттылық негізі. №3 – 2003.
3. Уақбаев Е. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000 ж.
4. Айдаркин Е.К., Иваницкая Л.Н. Возрастные основы здоровья и здоровье сберегающие образовательные технологии: Ростов – на – Дону: ЮФУу, 2008. – 176 с.

ӘОЖ 37.015.3

ТҰЛҒАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ӨЗІН – ӨЗІ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Бисембаева Н.А., Демиденко Р.Н.
(Павлодар педагогикалық университеті)

Психологияда жауапкершілік тұлғаның іс – әрекетін шоғырландырылған бақылау, әлеуметтік мінез – құлықты байқау және бағалау ретінде сараланған формалар көмегімен болжанатын стандарттардың орындалу критерийі ретінде қарастырылады [1, 75 б]. Жауапкершілік мәселесі бойынша нақты авторлардың жұмысын талдау, сонымен қатар осы категорияның сипаттамаларының әр түрлі тәсілдері мен түсініксіздігін көруге мүмкіндік береді. Кейбір авторлар оны адамның парызды орындау қабілеті ретінде анықтаса, ал басқалары оны адамның моральдық және құндылық бағдарымен байланысты ерікті сапа ретінде ашып (Т.Ф. Иванова) және адамның мінез – құлқында жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларды ұстануға, өз міндеттерін орындауға бейімділігін (А.И. Голубева, Л.С. Славина), қоғам мен өзіне жасаған әрекеттері үшін есеп беруге дайын деп көрсетеді.

Г.В. Ковалева жауапкершілікті іс – әрекеттің жалпы қабылданған мақсаттар мен құндылықтарға тәуелділігі туралы түсінігі негізінде адамның мінез – құлқын анықтайтын тұлғаның ажырамас сапасы ретінде анықтайды [2, 102 б]. Н.В. Бордовская, Я.Л. Коломинский, А.А. Рин өз еңбектерінде біріншіден: жауапкершілік тұлғаның ең маңызды сипаттамасы, «ең алдымен әлеуметтік жетілген тұлғаны әлеуметтік жетілмеген тұлғадан ажыратады» деп сипаттайды. [3, 92 б]. Екіншіден, басқару

теориясының локусына сүйене отырып, олар жауапкершіліктің екі типін қарастырады. Бірінші типтегі жауапкершілік – бұл тұлға өмірде не болатыны үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алатын жағдай «Мен өзімнің жетістіктерім мен сәтсіздіктерім үшін жауаптымын. Менің және отбасымның өмірі маған байланысты. Мен мұны істеуім керек және жасай аламын» – бұл осындай тұлғаның өмірлік кредосы және постулаттары. Екінші типтегі жауапкершілік адамның өзіне не басқа адамдарға, не сыртқы жағдайларға байланысты болып жатқан барлық жағдайларға жауаптымын деп санауға бейім келеді.

Ата – аналар, мұғалімдер, болашақта әріптестер, бастықтар, таныстар және т. б. сәтсіздіктер мен жетістіктер үшін жауапкершілік жүктелген «басқа адамдар» ретінде әрекет етеді. Тұрмыстық түсініктер тілінде жауапкершіліктің екінші типі тек жауапсыздық ретінде белгіленгенін байқауға болады. Бұл мәселе бойынша эксперименттік психологиялық зерттеулердің қызықты нәтижелері көруге болады. Біз келесідей нәтижелерге қол жеткіздік: әлеуметтік жетілмеген жасөспірімдер арасында екінші типтегі жауапкершілік 78% құрайды, ал 22% ғана жауапкершілікті өздеріне алуға бейім (яғни олар бірінші типке жатады). Бұл біздің зерттеулерімізде алынған басқа нәтижелерден біршама айырмашылығы бар. Бұл жағдайда негізінен кәсіби таңдау жасаған және белгілі бір өмірлік мақсаттары бар жасөспірімдер тексерілді. Мұнда жауапкершілік коэффициенті бойынша сурет айналымында – респонденттердің 80% – ы бірінші типті («мен өзім үшін жауаптымын»), тек 18% – ы екінші типті («басқа біреу жауап берсін»). Екі зерттеудің нәтижелері «дәл қарама – қарсы сәйкес келеді»

Өзін – өзі реттеу – бұл адам психикасының маңызды бөлігі және оны иелену әр адам үшін тиімді. Бұл адамның өздерінің психикалық және эмоционалды күйлерін басқару туралы сөз қозғалады, әрине бұл сөзсіз өте пайдалы сапа. Өзіне психикалық бейнелердің көмегімен әсер ету, тыныс алуды бақылау немесе басқа тәсілдерді қолдану арқылы адам тез «есін жинай алады».

Өзін – өзі реттеу – (лат. *regulare* – тәртіпке келтіру, оңалту) – жалпы жағдайда жүйеге әсер ету, оның жұмысының қажетті көрсеткіштерін сақтау мақсатында жүзеге асырылады, бірақ жүйенің өзі ұйымдастырған заңдарға сәйкес ішкі өзгертулер арқылы жүзеге асырылады [4, 215 б]. Өзін – өзі реттеу мәселелерін шешуге осы құбылыстың әр түрлі іс – әрекетте көрінуін зерттеген ғалымдар айтарлықтай үлес қосты.

Белсенділіктің өзін – өзі реттеуі және тұлғаны өзін – өзі реттеу қалыптасу тиімділігі тұрғысынан ең жоғары деңгейге дәл тұлғаны қалыптастыру процесі жүретін кәсіби дайындық кезеңінде жетеді. Тұлғаның өзін – өзі реттеуі келесі негізгі бағыттар бойынша жүреді: тұлғаның жеке басының маңыздылығы туралы сана болған кезде өзіне қатысты гуманистік позицияны дамыту; жалпы адам қабілеттері және жеке өзінің мүмкіндіктері туралы негізгі білімдерді, идеяларды алу; өзін – өзі зерттеу әдістері арқылы жеке ресурстарды өзектендіру; рефлексивті қабілетті дамыту – өзінің және басқа біреудің өмірлік жағымды және жағымсыз тәжірибесін үнемі қайта қарау [5].

Жеке өзін – өзі реттеудің мәні – адамның мінез – құлқын әлеуметтік және кәсіби мораль нормаларына сәйкес келтіру. Мінез – құлықты өзін – өзі реттеудің тиімді жеке құбылысы – моральдық категориялар. Моральдық өзін – өзі реттеу – бұл тұлғаның өз мінез – құлқын жалпыға танылған моральдық нормалар мен кәсіби талаптарға сәйкестендіру қабілетін сипаттайтын процесс. Бұл дегеніміз, тұлға қоршаған ортаға әсерін белсенді түсінеді және оларға деген тәуелсіз қатынасты анықтайды. Өзін – өзі реттеу жеке іс – әрекетті таңдаумен ғана шектелмейді, ол өзін тұлға ретінде қалыптастырудан тұрады. Ол үшін адамда, оның моральдық пен әлеуметтік санасында болатын және кәсіптік мораль нормалары мен мінез – құлық нормаларында көрсетілген сыртқы талаптардың тұрақты байланысын қамтамасыз ететін, ішкі механизмдердің немесе процестердің көп деңгейлі жүйесі болады. Тұлға өзінің белсенділігі мен мінез –

құлқын осы талаптарды білу және тәжірибе арқылы реттейді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз мінез – құлықты адамгершілік өзін – өзі реттеу дағдыларын, жеке өзін – өзі реттеуді қамтамасыз ететін ішкі процестерді, эмпатияны, шешім қабылдауды, өзін – өзі ұстау тәсілдерін, іс – әрекеттерді таңдауды, кемелділік туралы рефлексияны, ішкі көзқарас пен өзін – өзі бағалауды, күйлері мен мінез – құлқын психологиялық түзетуді қалыптастыру үшін ішкі факторларды ынталандырудың маңыздылығын атап өтеміз.

Норма – бұл өзін – өзі реттеу жеке өсумен қатар қалыптасып дамитын жағдай. Егер тұлғаның дамуы болмаса, адам жауапкершілікті үйренбесе, онда жағдай нашарлайды. Тұлғаның өсуінсіз өзін – өзі реттеудің дамуы мүмкін емес. Ересек жаста өзін – өзі реттеу үдерісі эмоцияны интеллектке бағындыруға көмектеседі, бірақ қартайған кезде тепе – теңдік қайтадан эмоцияларға ауысады. Өзін – өзі реттеудегі психикалық жағдайды оңтайландыру үшін әр түрлі әдістер қолданылады – аутотренинг, медитация, жаттығу, өзін – өзі уқалау, релаксация, тыныс алу техникасы, ароматерапия, арт – терапия, түс терапиясы және басқалар. Өзін – өзі тәрбиелеу адамның эмоционалдылығын арттыратын іс – әрекетте пайдалы. Өзін – өзі реттеудің кейбір түрлерін саналы түрде қолдану шамамен үш жастан басталады.

3 – 4 жаста өзін – өзі реттеудің еріксіз моторлық және сөйлеу тәсілдері басым болады – 7 – 8 еріксіз тәсілдеріне біреуі ғана ерікті болады.

4 – 5 жастағы балалар эмоционалды басқаруды ойын арқылы үйренеді. Еріксіз тәсілдер әлі де басым: төртеуге біреу.

5 – 6 жасқа таяғанда пропорциялар бір – біріне теңестіріледі, балалар қиялды, есте сақтауды, ойлауды және сөйлеуді белсенді қолданады.

6 – 7 жастан бастап өзін – өзі түзету және өзін – өзі бақылау туралы айтуға болады. Пропорциялар күрт өзгереді: өзін – өзі реттеудің 3 – 4 ерікті әдісіне біреу ғана еріксіз болады.

8 жастан бастап және өсудің барлық кезеңінде индивид өз әдістерін басқалардан қабылдай отырып жетілдіреді.

20 – 40 жаста таңдалған өзін – өзі реттеу түрі адамның іс – әрекетіне тікелей байланысты. Негізінен саналы ерік әдістері қолданылады.

40 – 60 жастағы адам манипуляцияларды мұқият сақтайды, бірақ олар біртіндеп пассивті демалыспен, библиотерапиямен ауыстырылады.

60 жастан кейін пассивті релаксация, байланыс, рефлексия және шағылысу басым.

Сонымен, жауапкершілік пен өзін – өзі реттеу процесі функционалды байланыстар жүйесі ретінде тұлғаның санасында, оның іс – әрекетін болжап, (іс – әрекеттер басталғанға дейін де, оларды жүзеге асыру кезінде де) оның қызметінің интегралды моделін құруды және динамикалық тіршілік етуді қамтамасыз етеді.

Әдебиет:

1. Коровин В.М., Свиридов В.А. Ресейдің әскери оқу орындарының мұғалімдерін дайындау // Педагогика. – 2004. – №1. – 75 – 84б
2. Ковалева Г.В. Бітімгершілік педагогикасы, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақтастық // Қазіргі заманғы педагогиканың басымдықтары. – М., 1993. – С. 109 – 125
3. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика. – СПб., 2004. – 300 б.
4. Ломов Б.Ф. Психологияның әдістемелік және теориялық мәселелері. – М: Ғылым, 1984. – 444
5. Гаранина Ж.Г., Мальцева О.Е. Саморегуляция как фактор личности – профессионального саморазвития будущих специалистов // Интеграция образования. – 2016.Т.20, – №3. – с. 374 – 381.

ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛАУ

Гоненко С. В., Шитов А.А., Мульдинова Э.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Халық арасында салауатты өмір салты маңызды рөл атқарады. Қоғамның, денсаулық сақтау ортасының үйлесімді дамуы үшін мектеп қабырғасынан, студенттерден және одан әрі – ересек өмірден бастап, кәсібилік дене шынықтырумен (денсаулықты дамыту және қолдау) қатар жүретін ерекше көңіл бөлінеді.

«Студенттер» сияқты қоғамның осындай сегментін қарастыра отырып, олардың қызмет түрінің негізгі бағыттарын анықтайтын бірқатар процестерді ажыратуға болады. Мұндай процестер: оқу, жаттығу және білім беру. Студент жастардың оқу, жаттығу және тәрбиелік процестері күрделі, көп қырлы, әртүрлі құрылымды және көп деңгейлі жүйе болып табылады. Техникалық, тактикалық және физикалық дайындықпен қатар психологиялық дайындыққа ерекше орын беріледі. Бұл дайындықтың мақсаты – тұлғаның жеке қасиеттерін жинақтау, оларды жетілдіру, мұнда спорттық іс – әрекеттегі маңыздылығына баса назар аударылады. Бұл студенттің дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану процесінде «негізгі» және «екінші» қатынастарын, сондай – ақ өзіне және басқаларға деген көзқарасын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Жаттығушының, спортшының психологиялық дайындығын негізінен сабақ барысында тәрбиеленушінің жағдайы мен мінез – құлқын жүйелі басқару арқылы оқытушы (жаттықтырушы) жүзеге асырады. Өз құрылымы бойынша басқа спорт түрлері сияқты жүзушілердің оқу және жаттығу процесі оңай емес. Тәрбиеленушілердің бойына қоғам үшін маңызды қасиеттер байқалатын адамгершілік сипаттағы көптеген нормалар (сана деңгейінде) сіңіріледі. Бұл қасиеттер келесідей болуы мүмкін: достық, өзіне, Отанға және айналасындағыларға деген сүйіспеншілік, адамгершілік, ашықтық, саналылық және жұмыстағы белсенділік, өзін – өзі сынау, сонымен қатар өз қасиеттерін жақсартуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Адамгершілікке тәрбиелеу процесі мақсатқа бағытталған, мұнда жаттықтырушы тәрбиенің формалары мен әдістеріне жататын жаттығушының (спортшының) тұлға болып қалыптасуына және тұтастай алғанда ұжымшылдыққа әсер етеді. Спортшының жеке қасиеттері, олардың дамуы да жеке адамды зерттеу және тәрбиелеу объектісі болып табылады. Ол (яғни – спортшы) жаңа ұжымға қалай қосыла алады, ондағы қатынастар («спортшы – спортшы», «спортшы – ұжым»), ұжымдағы және одан тыс қатынастар жүйесінің өзі және т.б. – мұның бәрі зерттелетін жеке қасиеттер процесіне жатады.

Көптеген спортшы мен ұжымның қарым – қатынасын зерттеу әдістерінің ішінен бірнешеуін ерекше атауға болады. Олар қатынастардың әртүрлілігін анықтайтындықтан, оларды социометрия әдісіне біріктіруге болады. Бұл әдіс соңғы жылдары өте танымал және кең таралған. Бұл – қарапайымдылық пен қолжетімділік. Әдіс мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- топтағы жүзушілердің беделін анықтау (топ көшбасшысын анықтау);
- ең күшті жүзушілердің өзара қарым – қатынасы, сондай – ақ олардың өздеріннен әлсіз жүзушілермен қарым – қатынасының сипаты;
- жеке жүзушілердің теріс сипаттағы тұлғааралық байланыстары;
- ұжымға жаңадан келгендердің жағдайы;

– топтың үйлесімділік деңгейі, сондай – ақ жеке жүзушілер арасындағы қарым – қатынас қажеттілігі.

Спортшылар мен жұмыс басталар алдында немесе оның барысында жаттықтыр ушы (нұсқаушы, оқытушы) тәрбиеленуші (лер) туралы ақпарат жинайды. Оның арсеналына жеке тұлғаның темпераментін анықтау арқылы спортшының белгілі бір қызмет түріне бағытын анықтау кіруі мүмкін. Адамның темпераменті белгілі факт ретінде жеке тұлғаның аз өзгертін ер екшелігі болып табылады. Темперамент қасиеттері көбінесе интроверсия және экстраверсия сияқты факторлармен бағаланады. Бұл факторлар екі қарама – қайшылық. Кейбіреулерде талпыныс (бағыттылық) «сыртқа» (экстраверттілік), ал басқаларында – «ішке» (интроверттілік) шоғырланған. Адамның психикасының бағытын анықтау үшін экстраверттер мен интроверттердің мінез – құлық ерекшеліктері салыстырылады. [1].

Экстраверттер мен интроверттердің салыстырмалы сипаттамасы келесідей: біріншісінде оттың қасиеттері (жарқындық, тез әрекет ету, концентрат (назар), жылдамдық, кеңдік және т. б.) болса, басқаларында біріншілерге қарама – қайшы, керісінше, судың қасиеті (тыныштық, жалғыздық, жұмсақтық, сабырлылық және т. б.) басым. Экстраверт әлем оның айналасында, ал интроверт өз ішінде болғанын жақсы көреді. Оқыту жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту процесі, құрылымы бойынша өзгермелі (жағдайларға байланысты өзгеріп отырады) болғандықтан, экстраверттерде ол мейлінше сәтті жүреді. Олар үшін тапсырманы тезірек бастау, сонымен қатарқашықтықты жеңу процесі әдетегідей іс. Интроверттер, экстраверттерге қарама – қарсы, керісінше, тапсырмаларды орындауда бірқалыптылықты жақсы көреді. Негізгі оқыту кезінде интроверттердің көрсеткіштері мен нәтижелері жоғары болуы мүмкін.

Оқу – жаттығу процесінде экстраверттер де, интроверттер де өздерінің жеке іс – әрекет стилін қалыптастырады және жетілдіреді. Барлық жағдай жасалып, іс – әрекетке деген ынталандыру болған кезде, экстраверттер мен интроверттер жұмыс атмосферасына тез бейімделеді. Темпераменттің қасиеттерін ашатын мәселені қарастыра отырып, оның эмоционалды компонентіне тоқталмай кету мүмкін емес. Оған невротизм сияқты факторды жатқызуға болады (яғни, эмоционалды қозғыштық – тұрақтылық). Осы фактордағы көрсеткіштердің асып түсуі ұстамсыздықты, теңгерімсіздікті, шамадан тыс қозғыштықты, алаңдаушылық сезімін көрсетеді. Төмен көрсеткіштер – бұл спорттық іс – әрекет процесінің тұрақтылығының дәлелі.

Түрлі уақытта әр түрлі мамандар жүзгіш спортшыларға жүргізген зерттеулер көптеген қарама – қайшылықты нәтижелер берді. Ұқсас нәтижелердің бірі экстраверсия факторы бар адамдардың қысқа қашықтықтарға, ұзақуақытқа – интроверсия факторы бар адамдардың мейлінше көбірек бейімделуі болды. Невротизм дәрежесі спортшыларды жарыстарға дайындау процесі мен құрылымына әсер етеді [2]. Белсенділік танытқан кезде адам (жеке адам) үшін оның «шабытының» негізгі көзі оның қажеттіліктері болып табылады. Өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті адамның мұқтажы кезінде пайда болатын сезімі қажеттіліктерді анықтайды.

Адамның қажеттіліктері үш негізгі топтан тұрады: биологиялық, әлеуметтік және рухани [3]:

– биологиялық (материалдық қажеттіліктер) – тамақ, тұрғын үй, киім, тұрмыстық және басқа да техника және т. б.;

– әлеуметтік – белгілі бір әлеуметтік топқа жату, онда белгілі бір орын алу және басқалар;

– рухани (мәдени) – өзінен бастап қоршаған әлемге дейін тану (кең мағынада).

Барлық үш қажеттілік адамға негізгі сипаттама береді және осы қажеттіліктердің әрқайсысының өзіндік басымдылығы бар, өзіндік ер екше және әр түрлі бағалау комбинацияларын құрайды. Алайда, көп жағдайда басым қажеттіліктер – әлеуметтік

қажеттілік. Спортшының жеке басының ерекше жағдайына спорттық қызметтің мотивациясын жатқызу қалыптасқан.

Спортшының мұндай жағдайы тең арақатынаспен, формуланың бір түрімен сипатталады: «қажеттілік – мүмкіндік» немесе «мүмкіндік – қажеттілік» және мақсаттарды тұжырымдау мен іске асыруда негіз (қаңқа) болып табылатын спорттық іс – әрекеттің мәні. Олардың рөлі – «қазіргі уақытта және осы жерде» мүмкін болатын максималды спорттық нәтижені дамытуға бағытталған күш [4].

Спортшылардың негізгі психологиялық дайындығынан басқа, арнайы дайындық қолданылады. Ол құрылымдық және өзара байланысты буындар жүйесін қамтитын жарыстардың белгілі бір түрі мен дәрежесіне дайындық процесінде көрінеді. Мұндай дайындық әр спортшының темпераментінің ерекшелігін ескереді. Жарыстың шарттары туралы ақпарат жинау кезінде, егер бұл бассейнде жарыс алғашрет болып жатса, жаңалық сезімін ескеру қажет.

Жүзушіні алдағы жарыстарға алдын – ала дайындау процесін спортшының мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мақсат анықтайды. Жарыс басталар алдында спортшыға тән мақсат пен мотивтерді өзектендіруге ерекше көңіл бөлінеді. Жаттығушының жағдайын бақылап, оның өзгеруіне байланысты тактикалық жоспарды түзетіп отыру қажет (жеке жаттығу, жүзуге дейін уақыт өткізу, психорегуляциялық жаттығу).

Әдебиет:

1. Булгакова Н.Ж., Авдиенко В.Б., Фомиченко Т.Г. Пятьсот статей по плаванию// Теория и практика физической культуры. – 1995. – №10. – С.48 – 51.
2. Орлов А.В. Использование средств плавания в системе реабилитации слабовидящих детей// Педагогика – психологические и медико – биологические проблемы физической культуры и спорта. – 2009. – №10.
3. Коц Я.М. Спортивная физиология. – М.: Физкультура и спорт, 1998. – 200 с.
4. Ильин Е.П. Психология спорта. – СПб.: Питер, 2008. – 352 с.

УДК 372.8

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Дюсембекова С.М.

(КМҚК «Бизнес және сервис колледжі» (Семей қ., Қазақстан))

Андатпа: Бұл мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасының басты аспектілері, сондай – ақ химия пәніне тиімді педагогикалық технологиялар және пәнді жүргізуде қалыптастырушы бағалау кезінде қолданылатын тиімді әдіс – тәсілдердің бірнеше түрі қарастырылған.

Орта білім беру ұйымдарындағы жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұндық аспектілері мынада: – пән мазмұнын жобалаудағы "шиыршық" ережесі, яғни білім мен дағдыларды тігінен де, көлденеңінен де біртіндеп кеңейту (пәндер мен сыныптар бойынша дағдылардың күрделілігі басым болады); – пәндердің ең маңызды түрлері бойынша жіктелген және білім заңдарына негізделген Блум таксономиясына сәйкес оқу мақсаттарының нақтылығы; – білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік

байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беретін аспект; – пәндер арасындағы байланыстарды, сондай – ақ пәнаралық байланыстарды іске асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы қамтылған [3, 15 б].

Жаңартылған оқу бағдарламасының тағы бір аспектісі – білім алушылардың пәндік білім мен дағдыларын ғана емес, сонымен қатар дағдылардың кең спектрін қалыптастыруға бағытталуы деп айтсақ болады. Білім беру мақсаттарының жүйесі мынадай кең дағдыларды дамыту үшін негіз болып табылады: білімді функционалдық және шығармашылық жүргізу, сыни ойлау нысанында қолдану, зерттеулер жүргізу, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым қатынастың әртүрлі түрлерін пайдалану, жеке және топта жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру аясында, сабақтарды жоспарлауда жаңа тәсілдерді пайдалану қажет. Яғни, үздік тәжірибелерді, оқу мен оқытудағы жаңа технологиялар мен әдістерді, бағалау жүйесін енгізуді, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді тәсілдерін нығайту, оқытуда әртүрлі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануды кеңейту. Жаңартылған мазмұндағы оқу пәндері бойынша үлгілік оқу жоспарлары білім алушылардың белгілі бір білім көлемін алудан ғана емес, оларды оқытуда және өмірлік міндеттерді шешуде, яғни білім алушыларда функционалдық сауаттылықты және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудан тұратын нақты білім беру мақсаттарына қол жеткізуіне бағытталған.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының мақсаты білім алушылардың кейінгі өмірінде қажетті ойлау дағдыларын дамыту (маңызды шешімдер қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеу, негізгі және қайталама ақпаратты ажырата білу, құбылыстарды жан – жақты талдау) болып табылады. Бұл технология білім алушыларды дамытуға бағытталған [2, 21 б]. Химия сабақтарында АКТ – ны кеңінен қолданданған жөн, сондай – ақ білім алушыларды презентациялар жасау процесіне тарту керек.

Әр түрлі қызмет түрлерінің ырғақты ауысуын қолданған жөн деп санаймын: қарқынды ақыл – ой әрекеттері және қысқа мерзімді релаксация, мысалы, дене шынықтыру минуттары, қажетті демалу. Бұл балалардың жұмысын күшейтеді. Оқудағы ең күшті ынталандыру "Жарайсың!!!" мадақтамасы. Бұл ынталандырудың болмауы оқудың мағынасының жоқтығын білдіреді.

Жаңарту жағдайында бағдарлама оқу жетістіктерінің нәтижелі сипатымен ерекшеленеді, ал оқу процесі әр сабақта білім алушылардың "білім алу" бойынша белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайда білім алушы таным субъектісі, ал оқытушы білім алушылардың танымдық іс – әрекетін ұйымдастырушы болып табылады.

Оқу мақсаттарын білім алушы мен оқытушы бөліскен кезде ғана білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісі болып табылады. Қалыптастырушы бағалау білім алушыларды оқытуға жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осыған байланысты оқытушының рөлі өзгеруде. Бағалау үздіксіз жүргізіледі, сапалы нәтижеге жету процесі бағаланады. Білім алушылар өздерінің кемшіліктері мен олқылықтарын өз бетінше және саналы түрде анықтайды және оқытушымен бірге оларды жою үшін жұмыс істейді. Бақылаудың бір бөлігі өзін – өзі бақылау мен өзін – өзі бағалауға айналып, білім алушыға ауысады [4, 33 – 35 б].

Қалыптастырушы бағалауды жүргізу кезінде білім алушыларға өзінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, тиімді кері байланыс арқылы кейінгі қадамдарын түзетуге, іс – әрекетке деген мотивациясы мен қажеттілік деңгейін арттыруға мүмкіндік беру ұсынылады.

1 кесте. Химия пәні сабағында ҚБ – да қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдердің бірнеше түрлері [1, 13 – 16 б]

Р/н	ҚБ техникасында қолданылатын әдіс – тәсілдер	Берілген әдіс – тәсілдің мақсаты	Тиімділігі	Қолданылуы
1	«Сұраққа жетіп ал» әдісі А.Ж.Егізбаев бойынша	Бұл әдіс оқушының өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту үшін қолданылады.	Ақпаратты өз бетінше ойлап табуға және игеруге қабілетті. Ақпаратпен жұмыс істейді. Мәтінге, сұрақтар қояды, тұжырымдайды. Басқа оқушылардың жауаптарын ықыласпен тыңдап, сұрақтар қояды. Танымдық іс – әрекет процесінде коммуникативті дағды дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша бір – біріне сұрақ қояды және талқылайды.	1.Атом деген не? 2. Атом қандай бөлшектерден тұрады? 3.Нуклидке анықтама бер 4.Нуклон дегеніміз не? 5.Протон санын қалай анықтаймыз т.с.с сұрақтарды оқушы өз бетімен қояды. Сыныптастары жауап береді.
2	«Джигсо» әдісі Элиот Аронсон бойынша	Топтық жұмыс әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады, топ ішінде берілген тақырыпты талқылайды.	Бірлікте, ынтымақта жұмыс жасайды, білгенін достарымен бөліседі, бірге тақырыптарды талқылайды, негізгі ойларды талдайды.	Сынып үш топқа бөлініп «Атом құрлысы» тақырыбына постер құрайды, талдайды, талқылайды, қорғайды.
3	«INSERT» әдісі	Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру.	Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды, жазылым дағдысы қалыптасады.	Атом дегеніміз химиялық жолмен бөлінбейтін ең кіші бөлшек. Осы сияқты инсерт әдісі арқылы түртіп алып дәптерлеріне жазып алады.
4	«Кластер» әдісі	Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау.	Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.	«Атом құрлысы» тақырыбын өткенде ең алдымен тақырыпты түсіну үшін кластер әдісін қолдануға болады, бұл әдісті 10 – шы сынып оқушыларына қолданған жөн.Өткен білімді қайталап, еске түсіру мақсатында.

Продолжение Таблицы 1

Р/н	ҚБ техникасында қолданылатын әдіс – тәсілдер	Берілген әдіс – тәсілдің мақсаты	Тиімділігі	Қолданылуы
5	«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс)	Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу.	Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады.	Изотоп – атомның массалық саны бірдей элементтің нуклидтерінің жиынтығы деген қорытынды жасайды .
6	SMART – мақсат	Мақсат құруда нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайылыққа негіздеу.	Нақты мақсатқа жете алады: SMART сөзі Specific – арнайы, нақты; Measurable – өлшеуге болатын, шектеулі талап етушілік; Attainable – қолжетімділік; Realistic – шындыққа сай, қысқа да нұсқа берілуі; Timed – белгілі бір уақыт арлығымен шектелген деген ұғымдарды білдіреді.	Оқушылар атом құрылысы жайындағы заманауи көзқарастардың негізгі ережелерін атайды; Протондардың, нейтрондардың, электрондардың, нуклондардың және нуклидтердің физикалық мағынасын түсіндіреді; Изотоптар, изотондар туралы түсініктерді ашады.

Оқытудың сапалы нәтижесін алу үшін стратегияны мақсатты түрде қолдану ұсынылады. Сабақта қалыптастырушы бағалау аралық қорытынды жасау қажет болған кезде жаңа материалдың белгілі бір көлемінен өткеннен кейін қолданылады [2, 12 б].

Қазіргі күннің қажеттілігі – қарқынды (интенсивті) оқытудың ашық жүйелерін жасау және қолдану. Цифрлы технология – экономиканы дамытудың сенімді құралы. Елімізде қазақстандықтардың білім деңгейін көтеру және білікті мамандар дайындау мәселесіне ерекше мән беріліп келеді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында да еліміздің дамуы үшін өндіріске озық технологиялар мен инновациялар енгізу қажет екенін атап көрсетті [2, 12 б].

2 кесте. Camtasia Studio бағдарламасының артықшылығы мен кемшілігі

№	Camtasia Studio артықшылығы	Camtasia Studio кемшілігі
1	Бағдарлама тез жұмыс істейді	Жазу процесінде бейнені масштабтау функциялары жоқ
2	Қарапайым интерфейс	Кіріктірме бейне редакторы жоқ
3	Реттеудің кең мүмкіншілігі бар	Экранда сурет салу функциялары жоқ
4	Мәтін түсіндірмелерді, қосымшалауды қолданбайды	
5	Бейнені флэшке конвертациялау	

Camtasia Studio – бұл бағдарлама бізге экранда болып жатқан іс – әрекеттердің барлығын жазып алуға және бейне файлдарды желі арқылы демонстрациялау үшін сапалы сығуға мүмкіндік береді [6, 15 – 16 б]. Тегін және қолдануға ыңғайлы бағдарлама. Бағдарламаның дыбысты да жазып алуға мүмкіншілігі бар. Camtasia Studio бейнепрезентациялар мен оқытушы курстарын жасаудың эффективті құралы болып саналады.

Қазіргі оқытушы білім алушылардың өзіндік белсенді танымдық іс – әрекетін ұйымдастырушы, кеңесші және көмекші болып табылады. Бірақ бұл ақпарат беруші ретінде мұғалімнің рөлін алып тастамайды, мұғалім оқытудың мәнін де түсіндіруі керек. Бұл мақсатқа жеке тұлғаға бағытталған технологиялар арқылы қол жеткізуге болады. Ол оқушының зияткерлік даму деңгейін және осы пәнге дайындығын, оның қабілеттері мен перспективаларын ескере отырып, оқуға са – раланған көзқарасты қарастырады.

Бұл технологиялар жаңа және дәстүрлі оқы – ту жүйесінде де жазылған. Бүгінгі таңда мұғалімдер практикада қолданылатын оқыту әдістерін жүйелеп, оқу процесіне жаңа педагогикалық тәсілдерді белсен – ді енгізуі керек деп айтуға болады. Сонымен қатар, АКТ – ны кеңінен қолдану, онлайн – ресурстарды пайдалану, білім беру мазмұнын жаңартуға көшу жағдайында оқушылардың белсенді өзіндік танымдық іс – әрекеті үшін жағдай жасау қажет [5, 65 б].

Қортындылайтын болсам, жаңартылған бағдарлама өмірдің кез – келген саласында нәтижелі жұмыс істей алатын, өз ойларын еш қиындықсыз құрастыра және жеткізе алатын тілдік және тілдік емес пәндер бойынша оқушының құзыреттілігін дамытуды көздейді.

Осыған байланысты, дайындық сапасын арттыру мақсатында оқытушы сапалы білім беруді қамтамасыз ететін негізгі және негізгі құзыреттіліктерге ынталандыруды арттыру мен дамытуды қамтамасыз ететін деңгейлік сипаттағы қосымша тапсырмалар құрастыра білуі тиіс. Нәтижесінде оқушылардың құзыреттілігі, көшбасшылық қасиеттері және азаматтық сауаттылығы дамиды.

Әдебиет:

1. Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» Оқулық, Алматы, 2014.
2. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған жолдауы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7 – 9 – сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 14 – қосымша.
4. Критическое мышление: отчет об экспертном консенсусе в отношении образовательного оценивания и обучения (Дельфи – доклад) (Critical Thinking: A Statement of Expert Consensus for Purposes of Educational Assessment and Instruction. Executive Summary) // Dr. Peter A. Facione (Dean of the College of Arts and Sciences, Santa Clara University), аударма Е.Н. Волкова.
5. Методические рекомендации по совершенствованию образовательного процесса приграничных сельских школ, в том числе МКШ. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 120 – б.
6. Camtasia Studio бағдарламасы көмегімен оқыту курстарын жасақтау [Электрондық ресурс]. Режим доступа: <https://winappstore.ru/prog/CamStudio> (қарастырылған күні: 12.05.2019)

ЕРЕСЕК ЖАС ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҢЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерменбаева А. Ә.

*(Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қаласы)*

Қазіргі уақыттағы мәселелердің арасында өзекті тақырыптардың бірі адам өмірінде маңызды кезең болып саналатын мектепке дейінгі жас кезеңінде балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Бұл кезеңде баланың болашақ тұлғасының негізі, ақыл – ой, адамгершілік және физикалық дамуының алғышарттары қалыптасады.

Білімді меңгерудегі сензитивті кезең ретінде мектеп жасына дейінгі кезең ерекшеліктерін ескере отырып, баланың танымдық қызығушылығын дамыту үшін педагогикалық және психологиялық жағдай жасау маңызды. Оқыту мен тәрбие тұлға қалыптасуына әсер етуі үшін баладағы танымдық қажеттілікті ояту қажет. Өйткені, танымдық қажеттілік адамның танымдық белсенділігінің негізгі көзі мен танымдық қызығушылығының негізі болып табылады. Танымдық қызығушылық тақырыбы көптеген психологтар мен педагогтардың еңбектерінде жеткілікті зерттелген. Бұл тақырыпқа Б.Г. Ананьев, Л.Н. Божович, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, А.Г. Запорожец, А.Г. Макаренко, Н.В. Рубинштейн, Г.И. Щукина, Д.Б. Эльконин секілді көптеген ғалымдар, педагогтар мен психологтардың еңбектері арналған.

Алайда, осы мәселеге байланысты кейбір сұрақтар әлі шешімін таппаған. Олардың арасындағы маңыздысы – балада белгілі бір іс – әрекетке немесе материалға деген тұрақты танымдық қызығушылығын тудыру. Яғни, бұл мәселені нақтырақ алатын болсақ: мектеп жасына дейінгі кезең балаларына артық жүктемесіз ақпаратты толық меңгеруіне қол жеткізуде олардың танымдық мүмкіндіктерін, белсенділіктерін дамытуды қамтамасыз ететін тәсіл болуы қажет. Бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да, осы мәселені шешу үшін балалардың тұрақты танымдық қызығушылығын тиімді дамытуға арналған оқытудың формалары мен әдістерін іздеуді жүзеге асыру керек.

Қоғамға білімді қолдана білетін ғана емес, сол білімге қол жеткізе алатын тұлғалар да керек. Қазіргі уақытты стандартты емес ерекше жағдайлар біздің қызығушылығымыз аясының кең болуын талап етеді. Қызығушылық – адамға айрықша маңызды болып сезілетін әрекеттердің мотивтері. Мұны субъектінің оның әрекетіне деген жағымды бағалау қатынасы ретінде қарастыруға болады.

Б.Г. Ананьев [1], Л.Н. Божович [2], Л.А. Венгер [3], Л.С. Выготский [4] секілді көптеген ғалымдардың зерттеулері танымдық қызығушылық белсенді танымдық іс – әрекет барысында сәтті қалыптасатынын атап өтеді. Баланың танымдық қызығушылығы жаңаны тануға, заттар мен құбылыстардың мәнін түсіну және олардың арасындағы қатынастар мен байланыстарды табу үшін олардың мәнін түсіну және олардың арасындағы қатынастар мен байланыстарды табу үшін қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтауда көрініс табады.

Қазіргі уақытта танымдық қызығушылық ұғымын түсіндіруге байланысты түрлі бағыттар бар. Н.Ф. Добрынин «Танымдық қызығушылық – адам зейінінің таңдамалы бағытталуы» деп анықтама береді.

Ал, Л.С. Рубинштейн танымдық қызығушылықты зияткерлік және эмоциялық белсенділігінің көрініс табуымен түсіндіреді [5]. Н.Г. Морозова танымдық қызығушылықты тұлғаның қоршаған әлемге деген белсенді эмоциялық – танымдық қатынасы деп есептейді. А.Г. Ковалев танымдық қызығушылықты адамның әлеуметтік – өмірлік мәні мен эмоциялықтар тымдылығы мен туындаған объектіге өзіндік қатынасы ретінде анықтады [5].

Қазіргі уақыттағы зерттеулерде танымдық қызығушылықты қалыптастыру мәселесі бойынша түрлі көзқарастар да кездеседі. Н.К. Постникова қызығушылықты белгісіз нәрсені анықтауға бағытталған танымдық іс – әрекет ретінде қарастырады. Бұл жағдайда қызығушылық белсенділік көріністерінің жиынтығы ретінде ұсынылады, алайда мұндай бағыт қызығушылықтың туындау механизмдерін дұрыс ашып көрсетпейді. А. Валлон зерттеулерінде танымдық қызығушылық таным пәніне деген эмоциялық қатынас ретінде қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі кезең балаларында таным объектілерінің алғашқыларының бірі заттық әлем болып саналады.

Заттық әлемге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру баланың мектеп жасына дейінгі кезеңде оны меңгеріп алуына байланысты. Көбінесе, баланың әлеуметтену процесімен анықталады. Л.И. Божович және Л.С. Выготский «мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық қызығушылықтың дамуы белсенділіктің ерекше формаларының артықшылығына және жағымды эмоциялық жағдайға байланысты сыртқы әсерлер қажеттілігінен туындайды» деп есептейді. Оның қалыптасуы іс – әрекетте туындайды (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн) [5].

Танымдық қызығушылықтың мақсаты – адамның қоршаған әлемнің алуан түрлілігімен танысуға, оның санасына тән процестерді, себеп – салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды бейнелеуге ұмтылысы. Сонымен бірге, танымдық іс – әрекетпен қосылған танымдық қызығушылық әр түрлі жеке қатынастардың пайда болуымен тікелей байланысты: белгілі бір ғылым саласына таңдамалы қатынас, танымдық қызмет, оларға қатысу, танымдағы серіктестермен қарым – қатынас.

Дәл осы кезеңде заттық әлемді тану мен оған деген көзқарас, ғылыми фактілер, идеология қалыптасады, оның сипатына танымдық қызығушылық ықпал етеді. А.Н. Леонтьев танымдық қызығушылық адамның барлық психикалық процестерін оның дамуының жоғары деңгейінде ынталандырады, адамды қызметтегі жаңалықтарды үнемі іздеуге итермелейтінін де атап өтті (өзгерістер, мақсаттардың күрделенуі, пәндік ортада оларды жүзеге асырудың маңызды жақтарын анықтау, басқа қажетті әдістерді табу және оларға шығармашылықты енгізу) [6].

Танымдық қызығушылық педагогикалық процесте маңызды рөл ойнайды. И.В. Метельский қызығушылық ұғымына мынадай анықтама береді: «Қызығушылық – затты меңгеруге деген мағымды эмоциялық қатынаспен, таным, қиындықтарды жеңу, жетістікке жету қуанышымен, дамып келе жатқан тұлғаның өзін өзі көрсетуімен байланысты белсенді танымдық бағыт».

Педагогикада танымдық қызығушылық балалардың танымдық белсенділігінің құралы ретіндегі сыртқы стимул деп қарастырылады. Педагогикада танымдық қызығушылықты зерттеумен айналысып жүрген Г.И. Щукина мынадай анықтама береді: «танымдық қызығушылық тұлға белсенділігінің деңгейін көрсетеді, ол адамның психикалық процестерімен байланысты, адам мінез – құлығы құрылымында маңызды орын алады». Оның ұсынғаны бойынша, қызығушылықтың дамуы үстіртіннен тұрақты, терең бағытқа қарай жүреді [7].

Нақты тұлғаның өміріндегі танымдық қызығушылықтың мәнін бағалау қиын. Қызығушылық іс – әрекеттің, шынайы заттық, оқу, шығармашылық әрекеттердің ең қуатты активаторы, стимуляторы.

Б.П. Есипов танымдық қызығушылықты білімнің тұлғамен тығыз байланысы ретінде қарастырады. Қызығушылықтың жалпы феномені ретінде бұл ұғым жеке психикалық процестерден (интеллектуалды, эмоционалды, реттеуші) және қарым – қатынаста көрінетін адамның әлеммен объективті және субъективті өзара әрекетінен тұратын күрделі құрылымға ие. Мотивациялық және реттеушілік мүмкіндіктері бар танымдық қызығушылық баланың танымдық іс – әрекет субъектісі ретінде өнімді дамуына ықпал етеді.

Тұлғаның тұрақты сипаттамасы бола отырып, танымдық қызығушылық оның қалыптасуына ықпал етеді, өйткені оның әсерінен қабылдау жақсы жүреді, бақылау дамиды, эмоционалды және логикалық есте сақтау белсендіріледі, қиял қарқынды жұмыс істейді. Осыған сүйене отырып, зерттеушілер қызығушылықтың белгілі бір жеке бағытын табады. Атап айтқанда, Г.И. Щукина қызығушылықты индивидтің танымдық салаға және оның объективтік жағына және білімді игеру процесіне бағытталған таңдаулы бағдары ретінде анықтайды [7].

М.А. Данилов, М.Н. Скаткин объективтілік және субъективтіліктің бірлігінде қызығушылықтың қалыптасуы, дамуы мен тереңдеуінің диалектикасы көрінетінін атап өтті. Қызығушылық әрекетте туындайды және дамиды, оған әрекеттің жекелеген компоненттері емес, оның бүкіл объективті – субъективті идеясы (сипаты, процесі, нәтижесі) әсер етеді.

Қызығушылық – бұл белсенді іс – әрекетті, жеке тұлғаның ерекше күйлерін қалыптастыратын көптеген психикалық процестердің жиынтығы (оқу процесінің қуанышы, қызығушылық танытатын субъектінің біліміне, танымдық белсенділікке, сәтсіздіктер тәжірибесі мен оларды жеңуге деген еріксіз ұмтылыс). Осылайша, қызығушылық ең қуатты активатор, белсенділікті, нақты мақсатты, тәрбиелік, шығармашылық әрекеттерді және жалпы өмірді ынталандырушы рөлін атқарады деп айта аламыз.

Танымдық қызығушылық әртүрлі күйлермен көрінеді. Г.И. Щукина мынадай күйлерді атап өтті: әуестік, білімқұмарлық, танымдық қызығушылық, теориялық қызығушылық. Бұл кезеңдер таза шартты болып ерекшеленсе де, олардың ең типтік белгілері жалпыға белгілі [7].

Әуестік – бұладамның назарын аударатын таза сыртқы, жиі болжанбайтын жағдайлармен анықталатын таңдамалы қарым – қатынастың негізгі кезеңі. Адам үшін бұл ыңғайсыздықпен, жағдайдың жаңалығымен байланысты қарапайым бағдарлау, сонымен бірге ерекше маңызды болмауы мүмкін. Әуестік кезеңінде бала белгілі бір заттың, белгілі бір жағдайдың күлкілі болуымен қанағаттанады. Бұл кезең меңгеруге деген нағыз талпынысты көрсетпейді. Дегенмен, танымдық қызығушылық көрініс беруінің қозғаушы күші ретінде ойын – сауық оның іс – әрекеті үшін бастапқы стимул бола алады.

В.Б. Бондаревский білімқұмарлықты «адамның өз көргендерінен тыс жағдайға тап болуға дайындық секілді ерекшелігі бар тұлғаның маңызды күйі» деп сипаттады. Қызығушылық дамуының бұл кезеңінде танып – білу қуанышы, таңдану, іс – әрекетке қанағаттану эмоциялары айқын көріне бастайды. Жұмбақтар мен оның шешімінің пайда болуында әлемді белсенді түсіну ретінде білімқұмарлықтың идеясы жатыр. Білімқұмарлық мінездің тұрақты ерекшелігіне айнала отырып. Тұлға қалыптасуында үлкен құндылыққа ие. Қызығушылық танытқан адамдар әлемге бей – жай қарамайды, олар әрқашан ізденіс үстінде.

Б.П. Есиповтың көзқарасы бойынша, теориялық қызығушылық нақты ғылымдардың күрделі теориялық сұрақтары мен мәселелерін зерттеуге ұмтылыспен, сонымен қатар оны таным құралы ретінде пайдаланумен байланысты. Бұл кезеңде

тұлға құрылымындағы танымдық бастама ғана емес, адам қайреткер, субъект, тұлға ретінде анықталады.

Танымдық қызығушылықтың барлық берілген кезеңдері күрделі өзара байланыстар жиынтығын көрсетеді. Танымдық қызығушылықта заттық саланың ауысумен байланыстағы қайталану да, әуестік танымқұмарлыққа ауысқан кездегі бірыңғай таным әрекетінде болуы да кездеседі. Танымдық қызығушылықтың көрсетілген кезеңдерін бір – бірінен бөліп қарастыру қателік болып табылады.

Шынайы процесте танымдық қызығушылықтың барлық кезеңдері күрделі үйлесім мен өзара байланысты көрсетеді. Алайда, түрлі жағдайдың күшімен (ұжымда атағын көтерген сәтті жауап, қызықты болуы, т.б.) пайда болған қызығушылық күйі тұлға дамуына әсер етпеуі мүмкін.

И.М. Цветков білімқұмарлық пен қызығушылықтың айырмашылығын көрсете отырып, білімқұмарлықта қызығушылыққа тән эмоциялар жоқ екенін атап өтеді. Оның пікірінше, білімқұмарлыққа қанағаттану, рахаттану, танып – білу қуанышы, таңдану секілді жалпы эмоциялар тән. Ал, қызығушылыққа арнайы эмоциялар: қатысу, жақындық, ерекше орналасу тән [9].

Танымдық қызығушылықтың ерекшеліктерін зерттей отырып, оған ерікті бағытталу тән болатынын көрсетуге болады. Танымдық қызығушылық таным процесіне ғана емес, оның нәтижесіне де бағытталған, ал бұл әрқашан мақсатқа ұмтылумен, оның жүзеге асырумен, қиындықтарды жеңумен, ерікті құлшыныспен байланысты. Өйткені, танымдық қызығушылық ерікті құлшынысқа қарсы жүрмейді, оның серігі деп атаса да болады. Танымдық қызығушылықта тұлғаның маңызды көріністерінің барлығы бір – бірімен өзара әрекеттеседі.

Іс – әрекеттің дұрыс педагогикалық және әдістемелік ұйымдастыруда, жүйелі және мақсатқа бағытталған тәрбие арқылы танымдық қызығушылық баланың тұрақты тұлғалық қасиеті болып, оның дамуында маңызды рөл ойнауы мүмкін. Тұлға қасиеті ретінде танымдық қызығушылық барлық кез – келген жағдайда көрініс береді. Бұл қызығушылық әсерінен балада ойлау белсенділігі дамиды.

Ойлау белсенділігі балалар қызықтыратын құбылыстардың мәнін тәрбиешіден, ата – анасынан, ересектерден сұрағанда көрініс табады. Қызығушылық тудыратын салада кітап іздеу және оқу, баланың қызығушылығын қанағаттандыра алатын белгілі бір жұмыс түрлерін таңдау оқушының жеке тұлғасын тиімді қалыптастырады және дамытады.

К.Д. Ушинский балаларға қызықты болуы үшін сабақ дайындау маңызды екенін атап өтті. Осы мақсатта мұғалімдер өз іс – әрекеттерін оқушының тікелей қызығушылығын тудыратын әдістермен толықтырады. Олар әртүрлі қызықты танымдық материалдар мен рөлдік ойындарды, мини – викториналарды, тапқырлық ойындарды, ребустар, ойын – сауық жағдайларын пайдаланады.

И.Г. Морозованың, Г.И. Щукинаның көпжылдық зерттеулері танымдық қызығушылық адамға туғаннан бастап тән емес, ол адамның өмір сүру процесінде дамиды, оның өмір сүруінің әлеуметтік жағдайларында қалыптасады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы қызығушылықты қалыптастыру жолын бірнеше сапалы кезеңдерден өтеді: қызығушылықтан сыртқы қасиеттерге, қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарының қасиеттеріне, олардың арасындағы қатынас пен байланысқа дейін.

Танымдық қызығушылық оқытудың, әрі дамытудың мықты тәсілі ретінде қолданылады. Бұл тиімді тәжірибелермен, түсті оқу құралдарының демонстрациясымен, қызықты тапсырмалар және әңгімелермен толықтырылған оқыту емес екендігін, тіпті барлығы айтылып түсіндірілген, балаға тек есте сақтау қажет болатын жеңілдетілген оқытуды да білдірмейді.

Қызығушылық оқыту әдісі ретінде сыртқы әсерлерден туындайтын қызығушылық импульсін тежеуге қабілетті ішкі мотивтер пайда болған кезде жұмыс істейді. Жаңалық, өзгешелік, күтілмеген жағдай, алдыңғы меңгерілген білімге ұқсамауы сияқты ерекшеліктер тек бір сәттік қызығушылықтарды ғана емес, мәліметтерді терең зерттеуге алып баратын эмоцияларды да оятып, қызығушылықтың тұрақты болуына әсер етеді. Классикалық педагогика өкілдері жалықтыратын мұғалім педагог емес екенін бұрыннан айтып келеді.

Зерттеушілер ұжымдық оқу іс – әрекетінің танымдық қызығушылықтың дамуында маңызды рөл алатынын көрсетеді және олардың зерттеуі бойынша қызығушылық дамуының негізгі шарттарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- Оқытудың түрлі әдістерін дұрыс сәйкестендіру (Ю.К. Бабанский).
- Мәселелік оқыту ситуациялары (А.М. Матюшкин; М.Н. Скаткин).
- Жас ерекшелікке қарай оқытудың міндеттері (В.С. Ильин).
- Оқытудың интенсивтілігі (В.Г. Леонтьев; Г.М. Шемакина) [8].

Өткен тәжірибелерге, қазіргі тәжірибенің арнайы зерттеулеріне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі кезең балаларында танымдық қызығушылықты қалыптастыру, дамыту және бекітуге әсер ететін шарттарды атап өтуге болады.

Бірінші шарт – баланың ой іс – әрекетіне максималды сүйену. Танымдық қызығушылық дамуының іргетасы секілді танымдық күш пен мүмкіндіктер дамуының іргетасы танымдық тапсырмаларды шешу, белсенді ізденіс жағдайлары, болжамдар, ойландыратын жағдаяттар, онда белгілі бір көзқарасты аша отырып өзі анықтауы қажет әр түрлі позициялардың соқтығысуы болып табылады.

Екінші шарт – баланың даму деңгейіне сәйкес оқыту, дамыту және тәрбие процестерін жүргізу. Оқытудың шынайы процесінде мұғалім білім алушыларға қажет дағдылар мен біліктерді меңгерте отырып, үнемі оқытуы қажет. Түрлі пәндік дағдылардан оқыту мазмұнынан тыс бала өзі меңгере алатын жалпы дағдылар да бөлінеді. Мысалы, оқи алу (кітаппен жұмыс), талдау және жалпылау, негізгі ойды бөліп алу, логикалық тұрғыда жауап беру, дәлелдер келтіру және т.б. Бұл біліктіліктер эмоциялық және реттеуші процестердің кешеніне негізделген.

Үшінші шарт – оқытудың эмоциялық атмосферасы, оқыту процесінің жағымды эмоциялық тонусы. Жағымды атмосфера дамудың екі негізгі қайнар көзімен байланыстырылған: түсініксіз қатынас тудыратын және баланың көңіл – күй тонусын өзгертетін іс – әрекет пен қарым – қатынас. Бұл екі дереккөз үнемі бір – бірінің стимулдарымен байланыста, олардың білімге деген танымдық қызығушылық пен іс – әрекетіне әсері әр түрлі. Оқытудың жағымды атмосферасы балалардың ақылды, тапқыр болуға ұмтылысына мүмкіндік береді.

Д.И. Писарев әр адамның ақылды, тапқыр болуға ұмтылатынын жазады. Дәл осы мықты болуға деген ұмтылыс және қол жеткізгенге тоқтамау табысты іс – әрекет кезінде терең қанағаттану мен жақсы көңіл – күй сыйлайтын абырой сезімін тудырады. Баланың танымдық іс – әрекетінің жағымды эмоциялық атмосферасын құру – тұлғаның танымдық қызығушылығы мен дамуын қалыптастырудың маңызды шарты.

Төртінші шарт жағымды қарым – қатынас болып табылады. Бұл мынадай қатынастармен анықталады: «бала – тәрбиеші», «бала – ата – анасы мен жақындары», «бала – ұжым». Бұл қатарға баланың сәттілік пен сәтсіздікті қалай басынан кешіруі, оның бейімділігі, басқа да қызығушылықтарының болуы сияқты кейбір жеке ерекшеліктерін қосуға болады. Бұл қатынастардың әрқайсысы қызығушылыққа жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда аталған шарттардың барлығын сақтай білу іс – әрекет процесінде баланың танымдық қызығушылығын қалыптастырады. Осы шарттарды ескере отырып, баланың танымдық қызығушылығын дамытпай танымдық іс – әрекетін белсендендіру

мүмкін емес. Сондықтан да танымдық қызығушылықты оқытудың негізгі мотиві ретінде, тұлға қасиеті ретінде және оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыратын құралы ретінде қарастыра отырып, оны балада үнемі жүйелі түрде дамытып, бекітіп отыру қажет. Оқыту мен тәрбие процесінің ұйымдастырушысы ретінде тәрбиеші танымдық қызығушылықты дамыту мен қолдауда маңызды рөл ойнайды [9].

Берілген ақпараттарды талдай отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады: танымдық қызығушылық – баланың танымға, жаңаға, терең білімге ұмтылысымен сипатталатын қоршаған орта зарттары мен құбылыстарын тұлғаның таңдамалы бағыттылығын.

Ал танымдық қызығушылықтың негізгі ерекшеліктері мынадай: ерік – жігерге бағдарланған; оқудың маңызды мотивтерінің бірі болып табылады; іс – әрекетті дұрыс педагогикалық және әдістемелік ұйымдастыруда, жүйелі және мақсатқа бағытталған тәрбиелеу процесінде баланың тұрақты жеке қасиетіне айналуы мүмкі; танымның тиімді құралы.

Мектепке дейінгі ересек жас тобындағы балаларда психикалық процестер мен танымдық іс – әрекет процестері қарқынды дамиды. Бұл кезең жақындарымен қатынас арқылы, құрдастарымен ойын және шынайы қатынас арқылы қоғамға бейімделу кезеңі. Бұл кезеңде танымдық іс – әрекет бірінші орында тұрғандықтан психикалық жағынан айрықша өзгерістер болуы мүмкін. Біртіндеп танымдық процестердің құрылымында ойлау негізгі рөлді атқара бастайды.

Мектепке дейінгі балалық шақта ойлау дамуының ерекшелігі ойлау іс – әрекетінің нақты деңгейінің абстрактілі – логикалыққа, нақтылықтан ойлаудың икемділігін, тәуелсіздігі мен өнімділігінде көрініс табатын мәселелікке ауыса бастағанда байқалады. Ойлаудың дамуы мектеп жасына дейінгі кезең балаларының тілінің дамуына жағымды әсер етеді.

Тілдік іс – әрекет сандық және сапалық қатынаста дами бастайды. Бұл жаста балада тілді меңгерудің жаңа кезеңі басталады – сөйлеу әрекетінің дыбыстық жағы жетіледі: дыбыстың айтылуындағы ақаулар жойылады, бала ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажыратады және өз сөйлеуінде сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгереді; сөйлеу әрекетінің мәндік – мағыналық жағы жетіледі: сөздік қоры толықтырылады, лексикалық өзгергіштік көрінеді, сөйлеудің үйлесімділігі қалыптасады, балалар монологты меңгереді.

Қабылдау – қоршаған орта бейнелерін қалыптастырудың мақсатқа бағытталған, белсенді зияткерлік процесс. А.В. Запорожец тиімді шығармашылық іс – әрекет әсерінен балада объектілерді бағалау бойынша перцептивті және зияткерлік әрекеттердің күрделі түрлері қалыптасатындықтан бұл кезеңде қабылдау жақсы дамитынын айта өтеді. Мектепке дейінгі ересек жас тобындағы балалардағы қабылдау процесінде көру арқылы салыстыру, вербалды ақпаратты өңдеудің рөлі күшейеді.

Сенсорлық жағдайларды дұрыс қабылдау ойлау іс – әрекеті операцияларының дамуында маңызды орын алады [4]. Қабылдау мәнді, зияткерлік процеске айналады, қоршаған ортаға дұрыс бейімделуіне және құбылыстардың күрделі жақтарын білуге мүмкіндік береді. Есте сақтаудың дамуы ең алдымен баланың қабылдауына байланысты, оның негізгі түрі мектепке дейінгі жаста бейнелі болады.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде есте сақтаудың дамуы ырықсыздан ырықты есте сақтауға біртіндеп өтуімен сипатталады. Бұл психикалық іс – әрекеттің реттеуші элементтері мен ойлау іс – әрекеті операцияларымен сәйкес вербалды ақпаратты есте сақтау тәсілдерінің құрылумен байланысты. Мектепке дейінгі жас кезеңінде тілді белсенді меңгеру процесінде ауызша есте сақтау дамиды; тілдің реттеуші функцияларының өсуімен және іс – әрекеттің ерікті механизмдерінің пайда болуымен ырықты есте сақтау туындайды.

Мектепке дейінгі ересек жас кезеңінде зейіннің даму процесі де жүреді. Зейін – таңдалған объектке бағытталған танымдық іс – әрекетті ұйымдастырудың формасы. Психикалық реттелуіне қарай зейін ырықты және ырықсыз болып екіге бөлінеді. Зейін деңгейі оның негізгі сипаттамаларымен анықталады: көлемі, шоғырлануы, ауысуы және таралуы. Бұл жас кезеңіндегі зейіннің дамуы туралы айта отырып, оның барлық қасиеттерінде өзгерістер орын алатынын айта өту керек: көлемі (бір уақытта 3 – 4 объектті қабылдай алу); таралуы (бала зейінің автоматизациялануымен байланысты), тұрақтылығы (бір объектке 10 – 15 минут зейінін шоғырландыра алуы).

Мектеп жасына дейінгі ересек жас тобындағы балаларда ырықты зейіннің дамуы тілдік іс – әрекеттің жан – жақты дамуымен, іс – әрекеттің мағынасын, оның мақсатын түсінуімен, ырықты жүріс – тұрыстың пайда болуымен байланысты [10].

Мектеп жасына дейінгі ересек жас кезеңіндегі балалардың қиялы – жеке тәжірибе негізінде қабылданған ақпараттың өзгеруімен жаңа шынайы бейнелерді құрумен сипатталатын психикалық танымдық түрлендіруші процесс.

Балалар қиялының дамуы репродуктивтіден шығармашылық қиялға, ырықсыздан ырықты қиялға ауысуымен шартталатын сюжеттік – рөлдік ойынның күрделенуімен байланысты. Қиял екі негізгі қызметті орындауды бастайды: қоршаған әлемді танудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастырумен байланысты қорғаныс және ойдан жағдай құрастыру арқылы проблемалы жағдайды шешуге мүмкіндік беретін танымдық қызмет [3].

Мектеп жасына дейінгі ересек жас тобындағы балалардың психологиялық дамуында эмоциялар, эмоциялық – тұлғалық ортаның дамуы маңызды рөл ойнайды. Бұл кезеңдегі балалардың эмоциялық дамуының негізгі бағыттары мынадай: іс – әрекетте және жүріс – тұрыста олардың бақылауының эмоциялық пайда болуының күрделенуі; адамгершілік және әлеуметтік эмоциялардың қалыптасуы, балалардың эмоциялық және психикалық дамуының қалыптасады; балалар кездейсоқ сезімдер мен көңіл – күй ауысуын көрсетпей, өзін ұстауға мүмкіндік беретін эмоциялық реттеу дағдыларын меңгереді [10].

Мектеп жасына дейінгі кезең – жеке параметрлермен толықтырылатын тұлғалық жаңашылдықтардың даму, жетілу кезеңі. Бала тұлғасының дамуы екі жақты жүреді. Олардың бірі – бала қоғам ережелеріне сәйкес қоршаған ортадағы өз орнын түсіне бастауы. Ал, екіншісі – сезімдер мен еріктің дамуы. Олар мотивтерді ұйымдастыруды, жүріс – тұрыс тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

М.В. Матюхина баланың тәуелсіздігін, бастамашылығын қалыптастыруға әсер ететін мотивтердің екі тобын ажыратады: 1) іс – әрекеттің мазмұны және оның орындалу процесімен байланысты танымдық мотивтер; 2) бала және қоршаған орта арасындағы түрлі қатынаспен байланысты әлеуметтік мотивтер [8].

Танымдық мотивтердің өзін бірнеше топқа бөуге болады: баланың жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруге бағытталуынан тұратын кең танымдық мотив; баланың білімге жету тәсілдерін меңгеруге бағытталуынан тұратын оқу – танымдық мотив (өз бетінше білімді меңгеру тәсілдері, таным әдістері, іс – әрекетті бақылау тәсілдері); баланың дағдыларды өз бетінше меңгеруіне бағытталған өз бетінше білім алу мотиві. Бұл мотивтер танымдық қызығушылықты, өз бетінше әрекет етуге, білікті болуға деген ұмтылысты қалыптастырады.

Әлеуметтік мотивтер де бірнеше топқа бөлінеді: қоғамға пайда алып келетін білімді меңгеру мақсатымен байланысты кең әлеуметтік мотив; белгілі бір авторитетке ие болу мақсатымен байланысты тар әлеуметтік мотив; баланың тек қана басқа адамдармен өзара әрекеттесіп қана қоймай, ересектермен және құрдастарымен тұлғааралық қатынастар құру тәсілдерін түсінуден, талдаудан, оларды үнемі жетілдіруден тұратын әлеуметтік мотив.

Мотив әрекетке деген көзқарасты қалыптастырады, ал мақсатты іздеу мен түсіну баланың оқу міндеттерін өз бетінше орындауын қамтамасыз етеді. Сонымен, мектеп жасына дейінгі ересек жас кезеңі – жаңа психикалық қасиеттердің үздіксіз қалыптасу, танымдық процестердің өзгеруі кезеңі. Бұл кезең психофизиологиялық дамудың қасиеттері және ерекшеліктерімен сипатталады.

Әдебиет:

1. Ананьев, Б.Г. Человек как предмет познания. – М.: Наука, 2000. – 351 б.
2. Божович, Л.И. Проблемы формирования личности; под ред. Д.И. Фельдштейна. – М.: Ин – т практ. психологии; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1995. – 349 б.
3. Венгер, А.Л. Психологическое консультирование и диагностика. – М.: Генезис, 2001. – 128 б.
4. Выготский, Л.С. Психология развития человека. – М.: Изд – во Смысл; Изд – во Эксмо, 2005. – 1136б
5. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 1998. – 705 б.
6. Леонтьев, А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Академия, 2005. – 352 б.
7. Метельский, И. В. Как поставить перед учащимися учебную задачу. – М.: Педагогическое общество России. – 2004. – 57 б.
8. Матюхина, М.В. Возрастная и педагогическая психология. – М., 2012. – 256 б.
9. Белкина, В.Н. Психология раннего и дошкольного детства. – М.: Ярославль: Академический проспект, 2005. – 256 б.
10. Антонова, Г.П. Познавательная деятельность детей 6 – 7 лет. – Мысль, 1991. – 124 б.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКАНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Жакипова А.С.

(Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы)

Бүгінгі таңда жас ұрпақ алдында «Қазақстан – 2050» бағдарламасындағы қазақтардың өсіп – өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл – ауқатының артуы деген жауапкершілік тұр. Технология дамып, білім ауқымы кеңейді. Еліміздің өсіп өркендеуі ұлттық білім жүйесінің деңгейіне байланысты. Қазіргі кезде білім берудің негізгі мәселесінің бірі – өзіндік ұлттық үлгіні қалыптастыру. Мектептердегі жұмыстың нәтижелі болуы ана тілін оқытудың дұрыс жолға қойылуына байланысты. Оқушыны шебер сөйлеуге үйрету мектепте үйретіледі.

Абай атамыз адамның ұлы мұраттарының бірі «Тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген. Балаға берілетін лексикалық білім оқушының сөздік қорын молайту негізінде жүргізіледі: Лексиканы сөйлеу де дұрыс қолдана алу үшін меңгертіледі. Мәтіндерді оқып түсіну, өз ойын жеткізе білу үшін лексиканы меңгере алатындай деңгейде меңгеруге жету, негізгі мақсат. Лексиканы меңгертуде мынандай қағидаларға сүйенеміз:

1. Тіл заңдылықтарын игерту;
2. Бала тілін дамыту үшін сөздік қорын молайту;
3. Лексикалық мәлімет баланың қатысымдық – әрекетіне қажетті болуы тиіс.

Себебі үйренген сөздерін өз ойын толық жеткізе білуде дұрыс қолдана алатын болғаны дұрыс.

Т.Р. Қордабаев: «Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау қызметінде өз ойын басқаға білдіру, басқаның ойын білу, – дейді. Тіл мен сөйлеу бір – бірінен ажырамас бірлікте», – деп тіл мен сөйлеуді өзара байланыста қалады.

Қазіргі қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдерін түркі тектес тілдердің дамуымен бірлікте қарастырғанмыз жөн. Қазақ тілінің түпкі шығу тегі көне Алтай дәуірінен, Хун дәуірінен (біздің заманымыздан бұрынғы III – V ғасыр аралығы) одан бергі көне түркі дәуірінен басталады.

Алтай дәуіріндегі тілдің дамуын салыстырмалы түрде анықтай аламыз. Ал Хун дәуіріндегі тіліміздің даму жолы моңғол, тұңғыс тілдерінен ажырап, өз ішінде шығыс және батыс яғни шығыс хун, батыс хун болып екіге бөліне бастаған.

Қазақ тіліміз батыс түркі қыпшақ тобына жатады. Бұл тілдің өзге тілден айырмашылығы дыбыстық және морфологиялық ерекшеліктерінде:

Дыбыстық ерекшелік:

- а. сегіз, тоғыз дауысты дыбыстың болуы;
- ә. ерін үндестігінің әлсіз болуы;
- б. созылыңқы дауыстылар болмайды;
- в. дауысты, дауыссыз дыбыстардың тіркесіне жаңа тіркестердің сәйкес келуі, тағ/тау, өгрен/үйрен.

Морфологиялық ерекшелік:

- а. ілік, барыс, табыс септіктері қысқартылмай қолданылады.
- Ілік ын/ін, барыс – а, қалау райдың қы,кі,ғы,гі тұлғалары арқылы жасалуы. Мысалы, келг(сі).

Тіл жағынан алғанда қазақ жеріндегі тайпалардың бәрі түркі негіздес диалектілерде сөйлеген. V – X ғасырларда көне түркі тілдері жайынан табылған таңбалар көне ұйғыр таңбаларында сақталған. Міне, бұлар көне замандағы тіл құрылымынан мәлімет береді.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I – жартысында қисса дастандар ауыз әдеби тілінің үлгілерін ақтай отырып жазба поэзияға тән үлгілерді қолданған ақын – жыраулар Бұхар, Шөже, Махамбет, Дулат шығармалары пайда болды.

XIX ғасырдың II – жартысынан бері түркі тілдес ұлттар пайда болды. Қазақ жері түгелдей орыстардың құрамына еніп, әкімшілік жүйесі қалыптасты. Бұл жағдай қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына қолайлы болмады.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы XX ғасырмен деңгейлес келеді. Ұлт қалыптасқан кезде сол ұлттық әдеби тілі де қалыптасады. Қазақ халқының тілі қалыптасқан кезден бастап, өзінің ерекшеліктері бола тұра түркі тілдері дамуындағы шеңберден шыққан жоқ. Бір – бірімен туыстық қатынас сақталып келеді.

Қазақтың ұлт тілі халықтың тілінің мұрагері. Ұрпақтан – ұрпаққа тарихи, мәдени дәстүрлерді жеткізу мәнін жоғалтпайды. Қазақтың ұлттық тілі деген өте кең ұғым. Бүкіл ұлтқа қызмет ететін баспасөз тілі, ауызекі сөйлеу тілі, әдеби тіл, жеке аймақтарда қолданылатын диалектілер мен говорлар, кәсіби мамандыққа тән сөздер құрамы жағынан бірдей емес.

Айтулы, стильдік қолданылуы жалпы халықтық сипатта тұрақталған сөздер, грамматикалық тұлғалар дайын қалпында ұлттық тілге ауысып отырады. Қазақстан тәуелсіздік алып, қазақ тілі мемлекеттік дәрежеге көтерілуде. Қазақ тіл білімі онан әрі даму үстінде. Ғылым, өнер, техника, шаруашылық салаларына байланысты жаңа термин сөздер жасалып, кейбір орысша қолданылып жүрген түрлеріне қазақша баламасы жасалуда. Лексикалық жаңа қолданыстар өрістелуде.

– Жер – су, қала, көше атауларының, адамдардың аты – жөнінің айтылуы мен жазылуы ретке келтіру жолға қойылуда.

– Әдеби тілдің стильдік салаларын жетілдіріп отыру, қазақ тіл білімінің зерттелу дәрежесін, қоғамдық – әлеуметтік негізінің нығайып кеңеюін қамтамасыз ету.

Бір тілде қанша сөз болса, тіл ғылымында сол сөздердің жиынтығын **лексика** не **сөздік құрам** дейді. Ал осы сөздердің лексикалық жүйеде алатын орынын, қолдану аясын, стильдік мәні мен сипатын қарастыратын ғылымда **лексикология** дейміз.

Қазақ тілінің сөздік құрамы халқымыздың басынан кешірген бүкіл өмірінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, замандар бойы біртіндеп қалыптасқан ұзақ дамуының желісі. Лексиканы зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе деп қарастырылады. Қазақ лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің қазіргі даму заңын, сөздердің стилистикалық мәні мен қолдану аясын тексереді.

Сөз – лексикалық единица. Сөз жеке тұрып та, басқа сөздермен тіркесіп те қалыптасқан ұғымдарды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отырады. Сөздің осы қасиеті оның лексикалық единица екендігін көрсетеді. Сөз тілдегі дыбыстардан жасалады, дыбыссыз сөз жасалынбайды. Дыбыстарымыз фонетикалық заңдылықтарға сәйкес фонемалық дыбыстардың белгілі жүйеде келуі арқылы жасалады.

Сонымен қатар іс – қимыл жайында жалпыға түсінікті ұғымды білдіреді.

– Сөз грамматикалық тұрғыдан сөз таптарына тікелей қатысады.

Сөздің құрылымдық тұйықтығы, тұтастығы сақталады. Зат, құбылысқа атау болып қалыптасқан сөздердің себебін анықтау, сөздердің сөйлеу барысында қайталанып, даяр күйінде қолданатындығы қарастырылады. Адам баласы қоғамның даму барысында тілі де дамиды, оның лексикасы да дамиды. Өзгеру мен даму тілдің лексикасындағы сөздердің мағыналық жағына да қатысты болады.

Адамдар өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сипатын, белгілерін, әрине, бірден танып білген жоқ. Заттар мен құбылыстар және олардың бір – біріне қатысы мен байланысы, әр түрлі белгілері мен сыр – сипаты адам баласы қоғамның даму барысында біртіндеп танылып отырған. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбент аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі.

Лексикалық мағына – сөздерді бір – бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына. Лексикалық мағына зат, құбылыс жайында жалпыға түсінікті сөздің мағынасы. Тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамы, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастыққа сақталған таңбалық жүйе емес, ол мәдениет айнасы.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //егеменді Қазақстан, 26. XII. 2003.
2. Қордабаев Т.Р. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. Алматы: Мектеп, 1987.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы: Білім, 2000.
4. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. А: Мектеп, 1989. 18 б.
5. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым.
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алмат.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ ЖӘНЕ ӨЗІН – ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ

Жанабаев Д.К., Абдикаримова А.О.

(«№9 Лицейі» КММ Теміртау қ. Қазақстан Республикасы)

Смолькина Т.П.

*(Максим Танка атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті,
Минск қ. Беларусь Республикасы)*

Бірлігі кәсіби құзыреттілікті болжайтын білім, қабілет пен дағды, бұл өзін – өзі тану процесі жүзеге асырудың екіұштылық тұжырымдамасының бір бөлігі ғана. Ол мұғалімнің мәдени дамуын, таңдалған әрекетке қатысты жеке ұстанымын (мотивацияны және құндылықты) қамтиды. Бірліктің қалыптасуы бұрыннан бар сипаттамаларды жинақтау арқылы басталады. Бұл тәсіл жаңа нәрсенің пайда болуына әкеледі.

Бұл жаңашылдыққа тек өзінің дүниетанымы тән, оның барлық ішкі әлемін толық ала алмайтын белгілі догматикалық принциптері негізінде құралады. Бұл мұғалімнің кәсіби дайындығының мәні. Бұрын алынған дағдылар, білім мен дағдылардың негізінде құрылған кәсіби эрудициядан басқа, нағыз мұғалімнің туа біткен қасиеті болып табылатын жоғары мәдениетте болуы керек. Мұның бәрі толық үйлесімді қажет етеді.

Мұғалім – сыртқы жағдайлардың әсеріне мойынсұнбайтын жеке тұлға. Оқушының әрекеттері, әрекеттің бағыты мен реттілігі ішкі қатынастармен анықталады және ынталандырылады.

Психологтар мамандыққа түсу – таңдалған рөлге біртіндеп өсу екеніне сенімді. Бұл процесс жүргізіле бастайды, өйткені олардың шығармашылық әлеуетін іске асыру қажет. Ол мұғалімнің стилі мен имиджін анықтайды. Оның әлемге қанағаттануы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесіне байланысты.

Кәсіби даму қазірдің өзінде қалыптасқан жеке қасиеттер мен сол мамандық категориялары арасында қарама – қайшылықтар болмаған жағдайда ғана пайда болады. Кәсіби қызметтің құндылықтарымен сәйкес келетін негізгі құндылық идеялары болашақта жеке дамудың бірлігін және кәсіби өсудің жоғары қарқынын береді. Өмірдің мәнін табудың бір бөлігі – бұл мамандық таңдау және сүйікті процестермен таңдалған әрекетті меңгеру. Болашақ мұғалімді педагогикалық университетте оқыту – білімді игеруге ынтасын алдын ала анықтайтын мамандықты саналы таңдаудың салдары болып табылады.

Мотивті жеке адамның саналы немесе интуитивті қажеттілігі ретінде тұжырымдауды қабылдай отырып, оның таза танымдық қызығушылығы немесе тәуелсіз қызметке кәсіби дайындықтан өтуге саналы қажеттілігі бар деп айтуға болады.

Негізгі мотивтерді осындай бөлектереге ажыратуға болады:

– ұзақ мерзімді, негізгі мақсатқа жетелейтін ситуациялық, белгілі бір қысқа мерзімді жағдайлар туындауы.

– сырттан туындаған және ішкі қажеттіліктерге байланысты;

– жеке немесе әлеуметтік маңыздылығына байланысты әлді және әлсіз жақтары;

– аралас және біркелкі, педагогикалық қызметтің күрделілігі күші мен үстемдігімен ерекшеленетін бірнеше мотивтердің болуы.

Педагогикалық іс – әрекеттің мотивациясы поливариантты және бұл салауатты құбылыс: жақсы мұғалімнің жұмысы бір мезгілде тамаша нәтижеге жету

қажеттілігімен, басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру – материалдық ынталандыру, басқаларды тану, моральдық баланстан туындайды.

Педагогикалық әрекетті жүзеге асыруда әлеуметтік құнды мотивтер үлкен рөл атқарады. Бұл анықтамаға мыналар кіреді:

- терең саналы борыш сезімі, (кәсіби және азаматтық),
- оқушылар тәрбиесіне, балалармен жақсы қарым – қатынаста болу, балаларға деген сүйіспеншілікке бірдей жауапкершілік білдіру;
- тиісті функцияларды орындауда адалдықты, ар – ұжданды білдіретін кәсіби намыс ұғымы;
- пәнге деген құштарлық және дұрыс тануды таңдаудағы оқыту процесі;
- Мұғалімнің кәсібінің жоғары миссиясын түсіну.

Нағыз мұғалім әрқашан өзін – өзі тану қажеттілігін сезінеді. Оның жаңа нәрсені үйренуге және жаңа әдістерді практикада қолдануға деген ұмтылысына қарап, оның шеберлігіне баға беруге болады. Мұғалімнің мұндай қасиеттері оқушыларды да өзіне тартады, бұл өз кезегінде олардың жаңа нәрсені қабылдау деңгейіне оң әсер етеді. Бұл жағдайда мұғалімнің рухани мәдениетіма ңыздырөлатқарады.

Мәдени мұраны анықтау және дамыту, олардың негізінде мәдени стратификацияның дамуы таптырмайтынды білдірмейді шығармашылық тұлғаның болуы. Олөрнек – сыртқы және ішкі әлемді өзгерту дегі белсенді әрекетте, жекедилеммаларды үнемішешудеүлес, толықберілу. Өзін – өзі бағалауды қалыптастырды, оның сапасы деңгейі сыртқы келбеті үшін үлкен маңызға ие және өзін – өзі дамыту процестерін күшейте түседі.

Психологияда мұндай қалыптастырудың екі негізгі әдісі бар: талаптарды салыстыру және іс жүзінде қол жеткізілген нәтиже және талаптарды басқалардың пікірімен салыстыру, сонымен қатар төмен талаптар әрқашан өзін – өзі бағалауды қалыптастырады. Қиындықтар күрделі, кейде қол жеткізе алмайтын міндеттер қоятындарға тән, бұл өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын мұғалімдердің қызметі бойынша жүргізілген зерттеулермен дәлелденді.

Мұғалім әрқашан мүмкін болатын стандарттарды орната білуі керек. Бұл тәсіл мұғалімнің жұмысында нәтижесінен жағымды эмоцияларды алуға мүмкіндік береді.

Педагогтың идеалды бейнесін санада қалыптастыру – мамандықтың маңызды және ажырамас бөлігі. Өзіндік талдау мақсатты әрекет ретінде қабылданатын өзіндік дамудың ажырамас компоненті. Мұғалімге қойылатын талаптардың бірегейлігі – ойлау, есте сақтау және қиял процестерінің танымдық қызметтерінің дамуы іс – әрекеттің ерекшеліктерінен туындайды.

Педагогикалық және психологиялық ғылымда зейіннің, визуалды есте сақтаудың, қиял мен байқаудың таралуы білім беру индустриясы өкілдерінің маңызды тұлғалық қасиеттері болып саналады. Бұл салада өзін – өзі тәрбиелеу кәсіби өзін – өзі дамытудың ажырамас және қажетті бөлігі болып табылады.

Жоғарыда айта кеткен факторлар бойынша мұғалімде болуға тиіс негіздер:

- ойлау мәдениеті;
- танымдық міндеттерді шешу кезінде өзін жүзеге асыра алатын шығармашылық дағдылармен қамтамасыз ете білу;
- өз уақытын ақылға қонымды түрде бөле алуы тиіс және т.б.

Кәсіби өзін – өзі тәрбиелеуді жетілдіру үшін мұғалім оқу процесіне жақсарту мақсатында инновациялық әзірлемелерді дамытуда, команданың басқа өкілдерімен бірге шығармашылық ізденіске қатысу керек, авторлық курстар мен бағдарламаларды әзірлеуге белесене түрде қатысуы міндетті.

Үнемі өзін – өзі дамытумен айналысатын мұғалімдерде, педагогикалық нәтижесі бірнеше есе жоғары болады. Бұл жағдайда, онда айтылатын өзгерістерді байқауға

болады жеке дамуы мен кәсіби өсуі. Бұл тәсілдің маңызды нәтижесі осы болады, машықтануға дағдыландыру және дамыту өзін – өзі дамыту секілді негіздер құрамында.

Нәтижені сезіну үшін келесі аспектілерге назар аудару қажет:

– өз бетінше таңдауды жоспарлаған кезде әдістер мен тәсілдер;

– өзін – өзі бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі;

– мәселені тұжырымдай білу және қорытынды өзін – өзі дамытудың мақсаттары.

Жоғарыда аталған барлық әдістерді меңгеру үшін, мұғалімде уақыт шектеулері яғни өзіндік дедлайн болуы керек. Кәсіби өзін – өзі дамытудың бірнеше кезеңдері бар:

Біріншісінде нақты мақсаттар мен міндеттер жоқ, немесе олар бұлыңғыр, бірақ сонымен қатар, өзін – өзі жетілдіруге деген ұмтылыс бар. Оған сыртқы тітіркендіргіштер әсер етуі мүмкін. Өзін – өзі тәрбиелеудің құралдары мен әдістерінде әлі нақты контурлар жоқ, және бұл процестің қалай өтуі керек екендігі толық түсініксіз. Процестің өзі жаттығу процедурасына ұқсайды. Бұл жағдайда оқушыға мұғалімнің көмегі қажет.

Екінші кезеңде белгілі бір сенімділікті меңгеру процесі. Бұл жерде оқушының алдына қойылған мақсат пен міндеттер оның жеке қасиеттеріне негізделген. Өзін – өзі дамытуды жүзеге асыру процедурасының белгілі бір тәжірибесі жинақталған кезде, шарттар қысқартылады. Бұл кезеңде жеке тұлғаның келесі қасиеттері көрінеді: өзін – өзі сынау, парасаттылық, тәуелсіз шешім қабылдау мүмкіндігі.

Өзін – өзі дамытудың соңғы үшінші кезеңінде мұғалім өз бетінше мақсат пен міндеттерді тұжырымдайды. Бұл кезеңде барлық сипаттамалар белгілене бастайды.

Әдебиет:

1. Афанасьева Е.А. Қарым – қатынас психологиясы. 1 – бөлім: «Іскерлік қарым – қатынас психологиясы» курсына арналған оқулық. Саратов: Жоғары білім, 2014. 106 б.
2. Абдуллаева М.М. Қарым – қатынас психологиясы: энциклопедиялық сөздік. М.: Когито – орталық, 2011. 600 б.
3. Колесникова Г.И. Манипуляциясыз оң байланыс: оқу құралы. Саратов: IP Et Media, 2018. 198 б.
4. Ряписов Н.А., Ряписова А.Г. Педагогикалық қарым – қатынас негіздері: оқу құралы // Новосибирск: НГПУ, 2004. 77 б.

ОӘЖ 37.013.2

ЕРЕСЕК ЖАС ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жиенбаева С.Н.

(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

Ерменбаева А. Ә.

(«7М01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті)

Қазіргі уақыттағы мәселелердің арасында өзекті тақырыптардың бірі адам өмірінде маңызды кезең болып саналатын мектепке дейінгі жас кезеңінде балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Бұл кезеңде баланың болашақ

тұлғасының негізі, ақыл – ой, адамгершілік және физикалық дамуының алғышарттары қалыптасады.

Білімді меңгерудегі сензитивті кезең ретінде мектеп жасына дейінгі кезең ерекшеліктерін ескере отырып, баланың танымдық қызығушылығын дамыту үшін педагогикалық және психологиялық жағдай жасау маңызды. Оқыту мен тәрбие тұлға қалыптасуына әсер етуі үшін баладағы танымдық қажеттілікті ояту қажет. Өйткені, танымдық қажеттілік адамның танымдық белсенділігінің негізгі көзі мен танымдық қызығушылығының негізі болып табылады. Танымдық қызығушылық тақырыбы көптеген психологтар мен педагогтардың еңбектерінде жеткілікті зерттелген. Бұл тақырыпқа Б.Г. Ананьев, Л.Н. Божович, Л.А. Венгер, Л.С. Выготский, А.Г. Запорожец, А.Г. Макаренко, Н.В. Рубинштейн, Г.И. Щукина, Д.Б. Эльконин секілді көптеген ғалымдар, педагогтар мен психологтардың еңбектері арналған.

Алайда, осы мәселеге байланысты кейбір сұрақтар әлі шешімін таппаған. Олардың арасындағы маңыздысы – балада белгілі бір іс – әрекетке немесе материалға деген тұрақты танымдық қызығушылығын тудыру. Яғни, бұл мәселені нақтырақ алатын болсақ: мектеп жасына дейінгі кезең балаларына артық жүктемесіз ақпаратты толық меңгеруіне қол жеткізуде олардың танымдық мүмкіндіктерін, белсенділіктерін дамытуды қамтамасыз ететін тәсіл болуы қажет. Бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілерінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да, осы мәселені шешу үшін балалардың тұрақты танымдық қызығушылығын тиімді дамытуға арналған оқытудың формалары мен әдістерін іздеуді жүзеге асыру керек.

Қоғамға білімді қолдана білетін ғана емес, сол білімге қол жеткізе алатын тұлғалар да керек. Қазіргі уақытты стандартты емес ерекше жағдайлар біздің қызығушылығымыз аясының кең болуын талап етеді. Қызығушылық – адамға айрықша маңызды болып сезілетін әрекеттердің мотивтері. Мұны субъектінің оның әрекетіне деген жағымды бағалау қатынасы ретінде қарастыруға болады.

Б.Г. Ананьев [1], Л.Н. Божович [2], Л.А. Венгер [3], Л.С. Выготский [4] секілді көптеген ғалымдардың зерттеулері танымдық қызығушылық белсенді танымдық іс – әрекет барысында сәтті қалыптасатынын атап өтеді. Баланың танымдық қызығушылығы жаңаны тануға, заттар мен құбылыстардың мәнін түсіну және олардың арасындағы қатынастар мен байланыстарды табу үшін олардың мәнін түсіну және олардың арасындағы қатынастар мен байланыстарды табу үшін қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтауда көрініс табады.

Қазіргі уақытта танымдық қызығушылық ұғымын түсіндіруге байланысты түрлі бағыттар бар. Н.Ф. Добрынин «Танымдық қызығушылық – адам зейінінің таңдамалы бағытталуы» деп анықтама береді. Ал, Л.С. Рубинштейн танымдық қызығушылықты зияткерлік және эмоциялық белсенділігінің көрініс табуымен түсіндіреді [5]. Н.Г. Морозова танымдық қызығушылықты тұлғаның қоршаған әлемге деген белсенді эмоциялық – танымдық қатынасы деп есептейді. А.Г. Ковалев танымдық қызығушылықты адамның әлеуметтік – өмірлік мәні мен эмоциялық тартымдылығымен туындаған объектіге өзіндік қатынасы ретінде анықтады [5].

Қазіргі уақыттағы зерттеулерде танымдық қызығушылықты қалыптастыру мәселесі бойынша түрлі көзқарастар да кездеседі. Н.К. Постникова қызығушылықты белгісіз нәрсені анықтауға бағытталған танымдық іс – әрекет ретінде қарастырады. Бұл жағдайда қызығушылық белсенділік көріністерінің жиынтығы ретінде ұсынылады, алайда мұндай бағыт қызығушылықтың туындау механизмдерін дұрыс ашып көрсетпейді. А. Валлон зерттеулерінде танымдық қызығушылық таным пәніне деген эмоциялық қатынас ретінде қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі кезең балаларында таным объектілерінің алғашқыларының бірі заттық әлем болып саналады. Заттық әлемге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру баланың мектеп жасына

дейінгі кезеңде оны меңгеріп алуына байланысты. Көбінесе, баланың әлеуметтену процесімен анықталады. Л.И. Божович және Л.С. Выготский «мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық қызығушылықтың дамуы белсенділіктің ерекше формаларының артықшылығына және жағымды эмоциялық жағдайға байланысты сыртқы әсерлер қажеттілігінен туындайды» деп есептейді. Оның қалыптасуы іс – әрекетте туындайды (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн) [5].

Танымдық қызығушылықтың мақсаты – адамның қоршаған әлемнің алуан түрлілігімен танысуға, оның санасына тән процестерді, себеп – салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды бейнелеуге ұмтылысы. Сонымен бірге, танымдық іс – әрекетпен қосылған танымдық қызығушылық әр түрлі жеке қатынастардың пайда болуымен тікелей байланысты: белгілі бір ғылым саласына таңдамалы қатынас, танымдық қызмет, оларға қатысу, танымдағы серіктестермен қарым – қатынас. Дәл осы кезеңде заттық әлемді тану мен оған деген көзқарас, ғылыми фактілер, идеология қалыптасады, оның сипатына танымдық қызығушылық ықпал етеді. А.Н. Леонтьев танымдық қызығушылық адамның барлық психикалық процестерін оның дамуының жоғары деңгейінде ынталандырады, адамды қызметтегі жаңалықтарды үнемі іздеуге итермелейтінін де атап өтті (өзгерістер, мақсаттардың күрделенуі, пәндік ортада оларды жүзеге асырудың маңызды жақтарын анықтау, басқа қажетті әдістерді табу және оларға шығармашылықты енгізу) [6].

Танымдық қызығушылық педагогикалық процесте маңызды рөл ойнайды. И.В. Метельский қызығушылық ұғымына мынадай анықтама береді: «Қызығушылық – затты меңгеруге деген мағымды эмоциялық қатынаспен, таным, қиындықтарды жеңу, жетістікке жету қуанышымен, дамып келе жатқан тұлғаның өзін өзі көрсетуімен байланысты белсенді танымдық бағыт». Педагогикада танымдық қызығушылық балалардың танымдық белсенділігінің құралы ретіндегі сыртқы стимул деп қарастырылады. Педагогикада танымдық қызығушылықты зерттеумен айналысып жүрген Г.И. Щукина мынадай анықтама береді: «танымдық қызығушылық тұлға белсенділігінің деңгейін көрсетеді, ол адамның психикалық процестерімен байланысты, адам мінез – құлығы құрылымында маңызды орын алады». Оның ұсынғаны бойынша, қызығушылықтың дамуы үстіртіннен тұрақты, терең бағытқа қарай жүреді [7].

Нақты тұлғаның өміріндегі танымдық қызығушылықтың мәнін бағалау қиын. Қызығушылық іс – әрекеттің, шынайы заттық, оқу, шығармашылық әрекеттердің ең қуатты активаторы, стимуляторы. Б.П. Есипов танымдық қызығушылықты білімнің тұлғамен тығыз байланысы ретінде қарастырады. Қызығушылықтың жалпы феномені ретінде бұл ұғым жеке психикалық процестерден (интеллектуалды, эмоционалды, реттеуші) және қарым – қатынаста көрінетін адамның әлеммен объективті және субъективті өзара әрекетінен тұратын күрделі құрылымға ие. Мотивациялық және реттеушілік мүмкіндіктері бар танымдық қызығушылық баланың танымдық іс – әрекет субъектісі ретінде өнімді дамуына ықпал етеді. Тұлғаның тұрақты сипаттамасы бола отырып, танымдық қызығушылық оның қалыптасуына ықпал етеді, өйткені оның әсерінен қабылдау жақсы жүреді, бақылау дамиды, эмоционалды және логикалық есте сақтау белсендіріледі, қиял қарқынды жұмыс істейді. Осыған сүйене отырып, зерттеушілер қызығушылықтың белгілі бір жеке бағытын табады. Атап айтқанда, Г.И. Щукина қызығушылықты индивидтің танымдық салаға және оның объективтік жағына және білімді игеру процесіне бағытталған таңдаулы бағдары ретінде анықтайды [7].

М.А. Данилов, М.Н. Скаткин объективтілік және субъективтіліктің бірлігінде қызығушылықтың қалыптасуы, дамуы мен тереңдеуінің диалектикасы көрінетінін атап өтті. Қызығушылық әрекетте туындайды және дамиды, оған әрекеттің жекелеген компоненттері емес, оның бүкіл объективті – субъективті идеясы (сипаты, процесі,

нәтижесі) әсер етеді. Қызығушылық – бұл белсенді іс – әрекетті, жеке тұлғаның ерекше күйлерін қалыптастыратын көптеген психикалық процестердің жиынтығы (оқу процесінің қуанышы, қызығушылық танытатын субъектінің біліміне, танымдық белсенділікке, сәтсіздіктер тәжірибесі мен оларды жеңуге деген еріксіз ұмтылыс). Осылайша, қызығушылық ең қуатты активатор, белсенділікті, нақты мақсатты, тәрбиелік, шығармашылық әрекеттерді және жалпы өмірді ынталандырушы рөлін атқарады деп айта аламыз.

Танымдық қызығушылық әртүрлі күйлермен көрінеді. Г.И. Шукина мынадай күйлерді атап өтті: әуестік, білімқұмарлық, танымдық қызығушылық, теориялық қызығушылық. Бұл кезеңдер таза шартты болып ерекшеленсе де, олардың ең типтік белгілері жалпыға белгілі [7].

Әуестік – бұл адамның назарын аударатын таза сыртқы, жиі болжанбайтын жағдайлармен анықталатын таңдамалы қарым – қатынастың негізгі кезеңі. Адам үшін бұл ыңғайсыздықпен, жағдайдың жаңалығымен байланысты қарапайым бағдарлау, сонымен бірге ерекше маңызды болмауы мүмкін. Әуестік кезеңінде бала белгілі бір заттың, белгілі бір жағдайдың күлкілі болуымен қанағаттанады. Бұл кезең меңгеруге деген нағыз талпынысты көрсетпейді. Дегенмен, танымдық қызығушылық көрініс беруінің қозғаушы күші ретінде ойын – сауық оның іс – әрекеті үшін бастапқы стимул бола алады.

В.Б. Бондаревский білімқұмарлықты «адамның өз көргендерінен тыс жағдайға тап болуға дайындық секілді ерекшелігі бар тұлғаның маңызды күйі» деп сипаттады. Қызығушылық дамуының бұл кезеңінде танып – білу қуанышы, таңдану, іс – әрекетке қанағаттану эмоциялары айқын көріне бастайды. Жұмбақтар мен оның шешімінің пайда болуында әлемді белсенді түсіну ретінде білімқұмарлықтың идеясы жатыр. Білімқұмарлық мінездің тұрақты ерекшелігіне айнала отырып. Тұлға қалыптасуында үлкен құндылыққа ие. Қызығушылық танытқан адамдар әлемге бей – жай қарамайды, олар әрқашан ізденіс үстінде.

Б.П. Есиповтың көзқарасы бойынша, теориялық қызығушылық нақты ғылымдардың күрделі теориялық сұрақтары мен мәселелерін зерттеуге ұмтылыспен, сонымен қатар оны таным құралы ретінде пайдаланумен байланысты. Бұл кезеңде тұлға құрылымындағы танымдық бастама ғана емес, адам қайреткер, субъект, тұлға ретінде анықталады.

Танымдық қызығушылықтың барлық берілген кезеңдері күрделі өзара байланыстар жиынтығын көрсетеді. Танымдық қызығушылықта заттық саланың ауысумен байланыстағы қайталану да, әуестік танымқұмарлыққа ауысқан кездегі бірыңғай таным әрекетінде болуы да кездеседі. Танымдық қызығушылықтың көрсетілген кезеңдерін бір – бірінен бөліп қарастыру қателік болып табылады. Шынайы процесте танымдық қызығушылықтың барлық кезеңдері күрделі үйлесім мен өзара байланысты көрсетеді. Алайда, түрлі жағдайдың күшімен (ұжымда атағын көтерген сәтті жауап, қызықты болуы, т.б.) пайда болған қызығушылық күйі тұлға дамуына әсер етпеуі мүмкін. И.М. Цветков білімқұмарлық пен қызығушылықтың айырмашылығын көрсете отырып, білімқұмарлықта қызығушылыққа тән эмоциялар жоқ екенін атап өтеді. Оның пікірінше, білімқұмарлыққа қанағаттану, рахаттану, танып – білу қуанышы, таңдану секілді жалпы эмоциялар тән. Ал, қызығушылыққа арнайы эмоциялар: қатысу, жақындық, ерекше орналасу тән [9].

Танымдық қызығушылықтың ерекшеліктерін зерттей отырып, оған ерікті бағытталу тән болатынын көрсетуге болады. Танымдық қызығушылық таным процесіне ғана емес, оның нәтижесіне де бағытталған, ал бұл әрқашан мақсатқа ұмтылумен, оның жүзеге асырумен, қиындықтарды жеңумен, ерікті құлшыныспен байланысты. Өйткені, танымдық қызығушылық ерікті құлшынысқа қарсы жүрмейді,

оның серігі деп атаса да болады. Танымдық қызығушылықта тұлғаның маңызды көріністерінің барлығы бір – бірімен өзара әрекеттеседі.

Іс – әрекеттің дұрыс педагогикалық және әдістемелік ұйымдастыруда, жүйелі және мақсатқа бағытталған тәрбие арқылы танымдық қызығушылық баланың тұрақты тұлғалық қасиеті болып, оның дамуында маңызды рөл ойнауы мүмкін. Тұлға қасиеті ретінде танымдық қызығушылық барлық, кез – келген жағдайда көрініс береді. Бұл қызығушылық әсерінен балада ойлау белсенділігі дамиды. Ойлау белсенділігі балалар қызықтыратын құбылыстардың мәнін тәрбиешіден, ата – анасынан, ересектерден сұрағанда көрініс табады. Қызығушылық тудыратын салада кітап іздеу және оқу, баланың қызығушылығын қанағаттандыра алатын белгілі бір жұмыс түрлерін таңдау оқушының жеке тұлғасын тиімді қалыптастырады және дамытады. К.Д. Ушинский балаларға қызықты болуы үшін сабақ дайындау маңызды екенін атап өтті. Осы мақсатта мұғалімдер өз іс – әрекеттерін оқушының тікелей қызығушылығын тудыратын әдістермен толықтырады. Олар әртүрлі қызықты танымдық материалдар мен рөлдік ойындарды, мини – викториналарды, тапқырлық ойындарды, ребустар, ойын – сауық жағдайларын пайдаланады.

И.Г. Морозованың, Г.И. Щукинаның көпжылдық зерттеулері танымдық қызығушылық адамға туғаннан бастап тән емес, ол адамның өмір сүру процесінде дамиды, оның өмір сүруінің әлеуметтік жағдайларында қалыптасады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы қызығушылықты қалыптастыру жолын бірнеше сапалы кезеңдерден өтеді: қызығушылықтан сыртқы қасиеттерге, қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарының қасиеттеріне, олардың арасындағы қатынас пен байланысқа дейін.

Танымдық қызығушылық оқытудың, әрі дамытудың мықты тәсілі ретінде қолданылады. Бұл тиімді тәжірибелермен, түсті оқу құралдарының демонстрациясымен, қызықты тапсырмалар және әңгімелермен толықтырылған оқыту емес екендігін, тіпті барлығы айтылып түсіндірілген, балаға тек есте сақтау қажет болатын жеңілдетілген оқытуды да білдірмейді.

Қызығушылық оқыту әдісі ретінде сыртқы әсерлерден туындайтын қызығушылық импульсін тежеуге қабілетті ішкі мотивтер пайда болған кезде жұмыс істейді. Жаңалық, өзгешелік, күтілмеген жағдай, алдыңғы меңгерілген білімге ұқсамауы сияқты ерекшеліктер тек бір сәттік қызығушылықтарды ғана емес, мәліметтерді терең зерттеуге алып баратын эмоцияларды да оятып, қызығушылықтың тұрақты болуына әсер етеді. Классикалық педагогика өкілдері жалықтыратын мұғалім педагог емес екенін бұрыннан айтып келеді.

Зерттеушілер ұжымдық оқу іс – әрекетінің танымдық қызығушылықтың дамуында маңызды рөл алатынын көрсетеді және олардың зерттеуі бойынша қызығушылық дамуының негізгі шарттарын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- Оқытудың түрлі әдістерін дұрыс сәйкестендіру (Ю.К. Бабанский).
- Мәселелік оқыту ситуациялары (А.М. Матюшкин, М.Н. Скаткин).
- Жас ерекшелікке қарай оқытудың міндеттері (В.С. Ильин).
- Оқытудың интенсивтілігі (В.Г. Леонтьев, Г.М. Шемакина) [8].

Өткен тәжірибелерге, қазіргі тәжірибенің арнайы зерттеулеріне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі кезең балаларында танымдық қызығушылықты қалыптастыру, дамыту және бекітуге әсер ететін шарттарды атап өтуге болады.

Бірінші шарт – баланың ой іс – әрекетіне максималды сүйену. Танымдық қызығушылық дамуының іргетасы секілді танымдық күш пен мүмкіндіктер дамуының іргетасы танымдық тапсырмаларды шешу, белсенді ізденіс жағдайлары, болжамдар, ойландыратын жағдаяттар, онда белгілі бір көзқарасты аша отырып өзі анықтауы қажет әр түрлі позициялардың соқтығысуы болып табылады.

Екінші шарт – баланың даму деңгейіне сәйкес оқыту, дамыту және тәрбие процестерін жүргізу. Оқытудың шынайы процесінде мұғалім білім алушыларға қажет дағдылар мен біліктерді меңгерте отырып, үнемі оқытуы қажет. Түрлі пәндік дағдылардан оқыту мазмұнынан тыс бала өзі меңгере алатын жалпы дағдылар да бөлінеді. Мысалы, оқи алу (кітаппен жұмыс), талдау және жалпылау, негізгі ойды бөліп алу, логикалық тұрғыда жауап беру, дәлелдер келтіру және т.б. Бұл біліктіліктер эмоциялық және реттеуші процестердің кешеніне негізделген.

Үшінші шарт – оқытудың эмоциялық атмосферасы, оқыту процесінің жағымды эмоциялық тонусы. Жағымды атмосфера дамудың екі негізгі қайнар көзімен байланыстырылған: түсініксіз қатынас тудыратын және баланың көңіл – күй тонусын өзгертетін іс – әрекет пен қарым – қатынас. Бұл екі дереккөз үнемі бір – бірінің стимулдарымен байланыста, олардың білімге деген танымдық қызығушылық пен іс – әрекетіне әсері әр түрлі. Оқытудың жағымды атмосферасы балалардың ақылды, тапқыр болуға ұмтылысына мүмкіндік береді. Д.И. Писарев әр адамның ақылды, тапқыр болуға ұмтылатынын жазады. Дәл осы мықты болуға деген ұмтылыс және қол жеткізгенге тоқтамау табысты іс – әрекет кезінде терең қанағаттану мен жақсы көңіл – күй сыйлайтын абырой сезімін тудырады. Баланың танымдық іс – әрекетінің жағымды эмоциялық атмосферасын құру – тұлғаның танымдық қызығушылығы мен дамуын қалыптастырудың маңызды шарты.

Төртінші шарт жағымды қарым – қатынас болып табылады. Бұл мынадай қатынастармен анықталады: «бала – тәрбиеші», «бала – ата – анасы мен жақындары», «бала – ұжым». Бұл қатарға баланың сәттілік пен сәтсіздікті қалай басынан кешіруі, оның бейімділігі, басқа да қызығушылықтарының болуы сияқты кейбір жеке ерекшеліктерін қосуға болады. Бұл қатынастардың әрқайсысы қызығушылыққа жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда аталған шарттардың барлығын сақтай білу іс – әрекет процесінде баланың танымдық қызығушылығын қалыптастырады. Осы шарттарды ескере отырып, баланың танымдық қызығушылығын дамытпай танымдық іс – әрекетін белсендендіру мүмкін емес. Сондықтан да танымдық қызығушылықты оқытудың негізгі мотиві ретінде, тұлға қасиеті ретінде және оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыратын құралы ретінде қарастыра отырып, оны балада үнемі жүйелі түрде дамытып, бекітіп отыру қажет. Оқыту мен тәрбие процесінің ұйымдастырушысы ретінде тәрбиеші танымдық қызығушылықты дамыту мен қолдауда маңызды рөл ойнайды [9].

Берілген ақпараттарды талдай отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады: танымдық қызығушылық – баланың танымға, жаңаға, терең білімге ұмтылысымен сипатталатын қоршаған орта зарттары мен құбылыстарын тұлғаның таңдамалы бағыттылығын. Ал танымдық қызығушылықтың негізгі ерекшеліктері мынадай: ерік – жігерге бағдарланған; оқудың маңызды мотивтерінің бірі болып табылады; іс – әрекетті дұрыс педагогикалық және әдістемелік ұйымдастыруда, жүйелі және мақсатқа бағытталған тәрбиелеу процесінде баланың тұрақты жеке қасиетіне айналуы мүмкін; танымның тиімді құралы.

Мектепке дейінгі ересек жас тобындағы балаларда психикалық процестер мен танымдық іс – әрекет процестері қарқынды дамиды. Бұл кезең жақындарымен қатынас арқылы, құрдастарымен ойын және шынайы қатынас арқылы қоғамға бейімделу кезеңі. Бұл кезеңде танымдық іс – әрекет бірінші орында тұрғандықтан психикалық жағынан айрықша өзгерістер болуы мүмкін. Біртіндеп танымдық процестердің құрылымында ойлау негізгі рөлді атқара бастайды.

Мектепке дейінгі балалық шақта ойлау дамуының ерекшелігі ойлау іс – әрекетінің нақты деңгейінің абстрактілі – логикалыққа, нақтылықтан ойлаудың икемділігін, тәуелсіздігі мен өнімділігінде көрініс табатын мәселелікке ауыса бастағанда байқалады.

Ойлаудың дамуы мектеп жасына дейінгі кезең балаларының тілінің дамуына жағымды әсер етеді. Тілдік іс – әрекет сандық және сапалық қатынаста дами бастайды. Бұл жаста балада тілді меңгерудің жаңа кезеңі басталады – сөйлеу әрекетінің дыбыстық жағы жетіледі: дыбыстың айтылуындағы ақаулар жойылады, бала ұқсас дыбыстарды есту арқылы ажыратады және өз сөйлеуінде сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгереді; сөйлеу әрекетінің мәндік – мағыналық жағы жетіледі: сөздік қоры толықтырылады, лексикалық өзгергіштік көрінеді, сөйлеудің үйлесімділігі қалыптасады, балалар монологты меңгереді.

Қабылдау – қоршаған орта бейнелерін қалыптастырудың мақсатқа бағытталған, белсенді зияткерлік процесс. А.В. Запорожец тиімді шығармашылық іс – әрекет әсерінен балада объектілерді бағалау бойынша перцептивті және зияткерлік әрекеттердің күрделі түрлері қалыптасатындықтан бұл кезеңде қабылдау жақсы дамитынын айта өтеді. Мектепке дейінгі ересек жас тобындағы балалардағы қабылдау процесінде көру арқылы салыстыру, вербалды ақпаратты өңдеудің рөлі күшейеді. Сенсорлық жағдайларды дұрыс қабылдау ойлау іс – әрекеті операцияларының дамуында маңызды орын алады [4]. Қабылдау мәнді, зияткерлік процеске айналады, қоршаған ортаға дұрыс бейімделуіне және құбылыстардың күрделі жақтарын білуге мүмкіндік береді. Есте сақтаудың дамуы ең алдымен баланың қабылдауына байланысты, оның негізгі түрі мектепке дейінгі жаста бейнелі болады.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде есте сақтаудың дамуы ырықсыздан ырықты есте сақтауға біртіндеп өтуімен сипатталады. Бұл психикалық іс – әрекеттің реттеуші элементтері мен ойлау іс – әрекеті операцияларымен сәйкес вербалды ақпаратты есте сақтау тәсілдерінің құрылумен байланысты. Мектепке дейінгі жас кезеңінде тілді белсенді меңгеру процесінде ауызша есте сақтау дамиды; тілдің реттеуші функцияларының өсуімен және іс – әрекеттің ерікті механизмдерінің пайда болуымен ырықты есте сақтау туындайды.

Мектепке дейінгі ересек жас кезеңінде зейіннің даму процесі де жүреді. Зейін – таңдалған объектке бағытталған танымдық іс – әрекетті ұйымдастырудың формасы. Психикалық реттелуіне қарай зейін ырықты және ырықсыз болып екіге бөлінеді. Зейін деңгейі оның негізгі сипаттамаларымен анықталады: көлемі, шоғырлануы, ауысуы және таралуы. Бұл жас кезеңіндегі зейіннің дамуы туралы айта отырып, оның барлық қасиеттерінде өзгерістер орын алатынын айта өту керек: көлемі (бір уақытта 3 – 4 объекті қабылдай алу); таралуы (бала зейінің автоматизациялануымен байланысты), тұрақтылығы (бір объектке 10 – 15 минут зейінін шоғырландыра алуы). Мектеп жасына дейінгі ересек жас тобындағы балаларда ырықты зейіннің дамуы тілдік іс – әрекеттің жан – жақты дамуымен, іс – әрекеттің мағынасын, оның мақсатын түсінуімен, ырықты жүріс – тұрыстың пайда болуымен байланысты [10].

Мектеп жасына дейінгі ересек жас кезеңіндегі балалардың қиялы – жеке тәжірибе негізінде қабылданған ақпараттың өзгеруімен жаңа шынайы бейнелерді құрумен сипатталатын психикалық танымдық түрлендіруші процесс. Балалар қиялының дамуы репродуктивтіден шығармашылық қиялға, ырықсыздан ырықты қиялға ауысуымен шартталатын сюжеттік – рөлдік ойынның күрделенуімен байланысты. Қиял екі негізгі қызметті орындауды бастайды: қоршаған әлемді танудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастырумен байланысты қорғаныс және ойдан жағдай құрастыру арқылы проблемалы жағдайды шешуге мүмкіндік беретін танымдық қызмет [3].

Мектеп жасына дейінгі ересек жас тобындағы балалардың психологиялық дамуында эмоциялар, эмоциялық – тұлғалық ортаның дамуы маңызды рөл ойнайды. Бұл кезеңдегі балалардың эмоциялық дамуының негізгі бағыттары мынадай: іс – әрекетте және жүріс – тұрыста олардың бақылауының эмоциялық пайда болуының күрделенуі; адамгершілік және әлеуметтік эмоциялардың қалыптасуы, балалардың

эмоциялық және психикалық дамуының қалыптасады; балалар кездейсоқ сезімдер мен көңіл – күй ауысуын көрсетпей, өзін ұстауға мүмкіндік беретін эмоциялық реттеу дағдыларын меңгереді [10]. Мектеп жасына дейінгі кезең – жеке параметрлермен толықтырылатын тұлғалық жаңашылдықтардың даму, жетілу кезеңі. Бала тұлғасының дамуы екі жақты жүреді. Олардың бірі – бала қоғам ережелеріне сәйкес қоршаған ортадағы өз орнын түсіне бастауы. Ал, екіншісі – сезімдер мен еріктің дамуы. Олар мотивтерді ұйымдастыруды, жүріс – тұрыс тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

М.В. Матюхина баланың тәуелсіздігін, бастамашылығын қалыптастыруға әсер ететін мотивтердің екі тобын ажыратады:

1) іс – әрекеттің мазмұны және оның орындалу процесімен байланысты танымдық мотивтер;

2) бала және қоршаған орта арасындағы түрлі қатынаспен байланысты әлеуметтік мотивтер [8].

Танымдық мотивтердің өзін бірнеше топқа бөуге болады: баланың жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеруге бағытталуынан тұратын кең танымдық мотив; баланың білімге жету тәсілдерін меңгеруге бағытталуынан тұратын оқу – танымдық мотив (өз бетінше білімді меңгеру тәсілдері, таным әдістері, іс – әрекетті бақылау тәсілдері); баланың дағдыларды өз бетінше меңгеруіне бағытталған өз бетінше білім алу мотиві. Бұл мотивтер танымдық қызығушылықты, өз бетінше әрекет етуге, білікті болуға деген ұмтылысты қалыптастырады.

Әлеуметтік мотивтер де бірнеше топқа бөлінеді: қоғамға пайда алып келетін білімді меңгеру мақсатымен байланысты кең әлеуметтік мотив; белгілі бір авторитетке ие болу мақсатымен байланысты тар әлеуметтік мотив; баланың тек қана басқа адамдармен өзара әрекеттесіп қана қоймай, ересектермен және құрдастарымен тұлғааралық қатынастар құру тәсілдерін түсінуден, талдаудан, оларды үнемі жетілдіруден тұратын әлеуметтік мотив. Мотив әрекетке деген көзқарасты қалыптастырады, ал мақсатты іздеу мен түсіну баланың оқу міндеттерін өз бетінше орындауын қамтамасыз етеді. Сонымен, мектеп жасына дейінгі ересек жас кезеңі – жаңа психикалық қасиеттердің үздіксіз қалыптасуы, танымдық процестердің өзгеруі кезеңі. Бұл кезең психофизиологиялық дамудың қасиеттері және ерекшеліктерімен сипатталады.

Әдебиет:

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – М.: Наука, 2000. – 351 б.
2. Божович Л.И. Проблемы формирования личности; под ред. Д. И. Фельдштейна. – М.: Ин – т практ. психологии; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1995. – 349 б.
3. Венгер А.Л. Психологическое консультирование и диагностика. – М.: Генезис, 2001. – 128 б.
4. Выготский Л. С. Психология развития человека. – М.: Изд – во Смысл; Изд – во Эксмо, 2005.–1136 б
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 1998. – 705 б.
6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, Академия, 2005. – 352 б.
7. Метельский И.В. Как поставить перед учащимися учебную задачу. – М.: Педагогическое общество России. – 2004. – 57 б.
8. Матюхина М.В. Возрастная и педагогическая психология. – М., 2012. – 256 б.
9. Белкина В.Н. Психология раннего и дошкольного детства. – М.: Ярославль: Академический проспект, 2005. – 256 б.
10. Антонова Г.П. Познавательная деятельность детей 6 – 7 лет. – Мысль, 1991. – 124 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумадуллаева¹ А.А., Сегізбаева² А.Ә.

¹МКТУ им Х.А.Ясауи

²Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

Мектепалды даярлықта балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі, бала тұлғасын дамытуда оқу – танымдық іс – әрекет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым болып отыр. Танымдық белсенділік, танымдық іс – әрекет – баланың қызығушылығы жаңаны танып білуге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде балаларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздықтың негізінде қалыптасады. Танымдық қызығушылықты мектеп жасына дейінгі балаларда дамытудың маңызды шарты – ересектермен бірлескен танымдық қызмет болып табылады. Соның ішінде, тәжірибе жасау, ізденіс қызметіне қатысу, белсенділікті бағдарлау баланың қызығушылығын жетілдіруге көмектеседі. Дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық қолдау тек балаларға ғана әсер етіп қоймай, ересектердің жеке тәжірибесін, жалпы қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтеді.

Мектепке дейінгі кезеңде жалпы танымдық даму үш бағытта жүзеге асады: баланың қоршаған ортада өзін – өзі бағыттау әдістері кеңейеді, жаңа бағдарлау құралдары пайда болады, әлем туралы идеялары мен білімдері мазмұнды түре байытылады.

Үш жастан бес жасқа дейінгі кезеңде сенсорлық процестердің сапалы жаңа қасиеттері қалыптасады: қабылдау және сезіну. Бала әртүрлі іс – әрекетке қатысу арқылы(қарым – қатынас, ойын, сурет салу т.б.) заттардың жеке қасиеттерімен танысады. Фонемалық есту, түстерді ажырату, көру өткірлігі, заттардың пішінін қабылдау және т.б жетілдіруде қабылдау процесі біртіндеп объективті әрекеттен бөлініп, өзіндік міндеттері мен әдістерімен тәуелсіз, мақсатты жүйе ретінде дами бастайды.

Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы тікелей баланың эмоционалды жай-күйі мен белсенділігіне қарай қалыптасады. Алайда, тек жан – жақты белсенділік арқылы ғана қызығушылық таным процесіне айналып, білімді тереңдетуге көмектеседі. Ең бастапқыда, бала ойнайды, қозғалады, білім алу үшін емес, жалпы ойын үшін қозғалып қызығушылық танытады. Ал мектепке дейінгі кезеңнің соңғы сатыларында таным қызығушылығы оқуға деген мотивтің пайда болуына септігін тигізеді. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады.

Дидактикалық ойындарды пайдалану келесі перспективаларды көруге мүмкіндік береді:

– балалар оқылатын материалды жақсырақ қабылдай бастайды, оның себебі ойын ішінде бейнелі ақпарат болады, ол әлі оқу мен жазуды меңгермеген балаларға түсінікті болады;

– дидактикалық ойындардың көрнекілігі есебінен тәрбиеленушілердің сабақ барысында жауап беріп, белсенді болуына мотивациясы артады.(заттарды қолдану, суреттерді желімдеу т.б.);

– меңгерілген білім баланың жадында ұзақ уақытқа сақталады және келесі кезекте қысқа қайталау барысында естеріне жылдам оралады.

Дидактикалық ойындардың атауының өзі айтып тұрғандай, бұл ойын түрінің мақсаты – баланың ақыл – ой танымын дамыту болып табылады. Осыған сәйкес, ақыл – ой тәрбиесінің құралы ретінде қарастырылады. Дидактикалық ойындардың мазмұны, оның құрамындағы тапсырмалары сан алуан болып келеді. Мысалы, ұлттық ойындар (асық ату, тоғызқұмалақ т.б.) сенсориканы дамытуға бағытталады (дәлдік, ой ұшқырлығы). Дидактикалық ойыншықтармен ойнау барысында ұсақ моторика, сенсорика және қоршаған орта туралы білімі қалыптасады.

Ақыл – ой, таным тәрбиесін дидактикалық ойындар арқылы дамыту келесі жолдармен жүргізіледі:

- ойындардың кезең сайын мазмұнын күрделендіру;
- дидактикалық ойындарды меңгеруіне көмектесу;
- ойын барысында ойын шарттары мен ережелерін дұрыс орындауға баулу, мектепке дейінгі жаста өзін – өзі бақылау және бірін–бірі бақылауға үйрету.

Ойынды ұйымдастыру барысында баланың қызығушылығына мән беру, баланың өз бетінше әрекет етуіне көңіл бөлу маңызды. Кіші топта ақыл – ой әрекеті ойынмен байланысты болса, біртіндеп ересек топта танымдық қызығушылық дами бастайды. Ол мынадай бағыттарда жүреді:

- тәрбиеленушілердің сезім жолдарының танымдық қалыптасуы: яғни, белгілі затты сенсорлық зерттеу, оның сыртқы бейнесін қабылдау;

- негізгі ақыл – ой әрекеттерінің қалыптасуы (салыстыру, жалпылау, жүйелеу т.б). Танымдық процесстердің дамуы – сезіну, мақсаттылық, қабылдаудың толыққанды күйге көшуі, анализ жасаудың уақыт өте келе тереңдеуі, қарым–қатынастың кеңеюі және т.б.

- ақыл – ой әрекетінің негізгі компоненті ретінде сөйлеу қабілетін дамыту;

- ақыл – ой әрекетінің негізгі бөлігі ретінде өз бетімен жұмыс жасауды үйрету.

Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі баланың таным ынтасын, қызығушылығын арттыру, білімді меңгеру, бекіту, материалды қайталау мақсатында қолданылады. Оқу материалдарын меңгеруге бағытталған дидактикалық ойындар жаңа материалды меңгеруді жеңілдетеді, жаңа білімді нақтылайды, үй тапсырмасын орындауға көңіл аударады. Бұл жағдайда ойынның міндеті оқу материалын ішінара меңгеруге негізделеді. Сонымен қатар, қарым – қатынасты ынталандыру үшін де дидактикалық ойынды енгізу маңызды. Бұл танымдық белсенділіктің жеке, топтық, ұжымдық сияқты әртүрлі формасын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойынның мәні – балалар ақыл – ойды дамытатын тапсырмаларды шешеді. Ойын формасында ұсынылып отырған қиындықтарды жеңе отырып, шешімін табады. Бала ойын ретінде қабылдағандықтан, бұл оның ақыл – ой белсенділігін арттырады. Балабақшаның ересек тобында ойын мүдделері негізінде зияткерлік белсенділік қалыптаса бастайды.

Дидактикалық ойындар – бұл оқыту ойындары. Олардың негізгі мақсаты – балалардың білімін, дағдыларын дамыту, зейінін шоғырландыруға ықпал ететін ақыл – ой қабілеттері. Дидактикалық ойынды оқыту әдісі ретінде қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, есте сақтауын жақсартады, бағдарламалық материалды жақсы игеруді қамтамасыз етеді.

Дидактикалық ойында оқу, танымдық тапсырмалар ойынға байланысты, сондықтан ойынды ұйымдастыру барысында оқу қызметі барысында ойын – сауық элементтерінің болуына ерекше назар аудару керек: іздену, тосынсый, болжау және т.б қызықты дидактикалық элементтер балалардың ақыл – ой мәселелерін шешуге қызығушылық тудырады. Ойынға деген құштарлық кездейсоқ назар аудару қабілетін

арттырады, байқауды күшейтеді, жылдам есте сақтауға дағдыландырады. Әр дидактикалық ойынның дидактикалық тапсырмасы, ойын әрекеті, ойындық ережелері бар. Педагогикалық процестегі дидактикалық ойындар екі рөл атқарады: біріншіден, олар оқыту әдісі болып табылады, екіншіден, тәуелсіз ойын әрекеті болып табылады. Бірінші рөлі ретінде, ойын кеңінен қолданылады, қоршаған ортамен, тірі табиғатпен салыстыру.

Мектепке дейінгі педагогика математикалық түсініктерді, сөйлеу, музыка көмегімен балаларды оқыту, білімді жүйелеу, нақтылау және бекіту мақсатында ойынды қолдануды ұсынады. Сонымен қатар, ойынның мазмұны мен оның ережелері сабақтың белгілі бір түрінің нақты бағдарламалық тақырыптарына сәйкес келетін білім беру және оның міндеттеріне бағынады.

Ойынды таңдау және өткізу бастамасы бұл жағдайда педагогқа бағынады. Дербес әрекет ретінде ойындар оқу қызметінен тыс уақытта өткізіледі. Екі жағдайда да педагог дидактикалық ойынды басқарушы, бірақ қызметі әрқалай өзгеріп отырады. Егер топта ол тәрбиеленушілерге қалай ойнауды үйретсе, ережелермен таныстырса, содан кейін балалар өз бетімен ойнау барысында ол серіктес немесе төреші ретінде болады. Ойындарды басқаруда мұғалім үш кезеңді ажыратады: ойынды дайындау, өткізу, нәтижелерді талдау. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдарды табиғаты бойынша шартты түрде заттық ойындар, ойыншықтар, үстел–баспа ойындары және ауызша ойындарға бөледі. Ойындардың тапсырмалары сан алуан.

Баланың ақыл – ойын дамыту үшін ең маңызды деп мына міндеттерді атап өтуге болады: объектілерді салыстыру, жұмбақтарды шешу және болжау, объектілерді жалпылай алу, жылдам еске түсіру, нақты анықтама беру. Тапсырма сипаты өзгергеніне қарамастан, барлық дидактикалық ойынның мүддесі – баланың алдына қойған мақсатына зейінін аудара білуі. Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылықты анықтау процесі баланы мұқият болуға үйретеді, өз бетінше қорытынды жасауға ынталанады. Баланың зейін шоғырландыруы дамиды. Салыстыру – әлемді танудың маңызды әдістерінің бірі.

Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, салыстыра алмау қабілеті баланың мектепте артта қалуына себеп болуы мүмкін. Осылай, «Не өзгерді?» ойынында заттардың орны мен сыртқы бейнесін алдыңғы қалпымен салыстыру қажет. Салыстыру ойындарын негізгі мақсаты жалпылау болатын ойын түрлерінде қолдану ұсынылады. Мысалы, «Керемет дорба» ойыны: бір бала – тек ойыншық жануарды, екіншісі – тек ыдыс – аяқты таңдауы қажет. Егер ойыншы қателесе, қап ашылмайды; бөлмеде заттарды табу керек: ағаш, металл, жұмсақ, қатты т.с.с

Ойынережелері мен іс–әрекеттерді орындау кезінде ақыл – ой мен ерік – жігер жұмсалатындай болуы қажет.

Ересек топтарда дидактикалық ойындарды басқару педагог тарапынан ойластырылған, үлкен жұмысты талап етеді, ойынға дайындық барысында да, өткізу барысында да. Бұл балаларды тиісті түрде біліммен байыту, ақыл – ой функцияларын дамыту, дидактикалық материалдарды таңдау, ал кейде материалдарды тәрбиеленушілермен бірге дайындау. Мектеп жасындағы бала ойынға қайта оралғысы келетіндей етіп, ойынды ұйымдасқан түрде, эмоционалды аяқтау керек. Ойынды талдау барысында педагог адамгершілік қасиеттер туралы да атап өткені жөн: көмек қолын созу уақытында, мақтанбау, жолдасының сөзін бөлмеу.

Дидактикалық ойындар баланың адамгершілік тәрбиесінде де белгілі мәнге ие. Олардың бойында құрдастарының ортасында әрекет ете алу қабілеті дамиды, бұл бастапқыда қиын болатын әрекет. Бастапқы кезеңде бала басқа құрдастарының қасында оларға кедергі жасамай, ойыншықтарын алып қоймауды, өзі алаңдамауды үйренеді. Тек содан кейін құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді.

Балалардың сөйлеуін дамытуда да дидактикалық ойындар үлкен маңызға ие. Олар есту қабілетін, есту зейінін, дыбыстарды қайталау қабілеттерін қалыптастырады. Ауызша –дидактикалық ойындар барысында баланың бір дыбысты бірнеше рет қайталауға итермелейді, сөздерді, сөз тіркестерін,дыбыстарды дұрыс айтуға көмектеседі.

Келесі бағыттарды ажырата аламыз:

1. Жадты дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар.

Мақсаты: визуалды және есту ақпаратын есте сақтау мен көбейтуді қалыптастыру, логикалық есте сақтау әдістерін игеру. Дидактикалық ойын жалпы оқу процесін эмоционалды, тиімді ету көзделеді, баланың жеке өз тәжірибесін дамытуы да қарастырылады. Бұл бағытқа келесі дидактикалық ойындар мен жаттығулар кіреді: «шахмат баспалдақтары», «домино», «шахмат сағаттары», «жуан – жіңішке».

2. Ойлауды дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл – ой операцияларын дамытатын амалдар үйрету. Вариативті ойлауды дамыту, өз ойын тұжырымдай алуы, қарапайым тұжырымдар жасау. Ерік күш – жігерді мақсатты түрде игеру, құрдастарымен және ересектермен дұрыс қарым – қатынас орнату қабілетін дамыту.

Бұл бағытқа келесі ойындар мен жаттығулар кіреді: «мысалды шеш», «көп» ойыны, «пішінді тап», «саяхат», «не жоғалды?».

3. Зейінді дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар.

Мақсаты: бұрынғы тәжірибе барысында белсенді сөйлеу қабілеті. Зейін қою, оны ұстап тұру қабілетін дамыту. Әрекеттер алгоритмін құруды үйрену (суретке назар аудару, түсіндірмені тыңдау, мысалды қарау, өзі орындау).

Бұл бағытқа жататын жаттығулар мен ойындар: «сөмке», «өз орныңды тап», «Патша, өз орныңды тап».

4. Қиялды дамытуға арналған дидактикалық ойындар мен жаттығулар.

Мақсаты: Шығармашылық белсенділікті, ақпаратты қайта құру қабілетін қалыптастыру, жеке бөліктерден жаңа бейне жасау. Бұл бағытқа жататын жаттығулар мен ойындар: «пошта», «сөмке», «шахмат колобок», «шахмат мұнарасы», «шахмат репа».

5. Қабылдауды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар.

Мақсаты: кез – келген сипаттамалық белгіні оқшаулау қабілетін қалыптастыру, сонымен қатар, белгілі заттарды тақырыптарына қарай ұқсастығы арқылы бөлу, көзбен мөлшерлеу қабілетін, биіктігін, енін, пішінін, көлемін анықтауға үйрету. Бұл бағытқа жататын ойындар мен жаттығулар: «ақтар мен қаралар», «горизонталь», «не ортақ?», «қысқа жол». Осы бағыттарды ескере отырып, тиісті мазмұны бар дидактикалық, ашық ойындар таңдалды. Рөлдік және театрландырылған ойындарды өткізу үшін заттық дамытушы орта дайындалады. Көптеген ойындардың құндылығы – олардың әртүрлі материалдарды балалармен бірге жасауға болады, сонымен қатар оларды ойлап табуға болатын әртүрлі нұсқалар бар. Бұл аталып өткен дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі баланың дамуына үлкен үлесін қосады. Сонымен қатар, баланың эмоционалды көңіл – күйінің көтеріңкі болуына көмектеседі. Дидактикалық ойындардың көмегімен балаларды оқыту қызықсыз,қиын болып көрінбейді. Баланың ойын әрекеті оқу қуанышына айналуына қол жеткізу қажет.

Әдебиет:

1. Дидактические игры в детском саду. Бондаренко А.К. – М.,1990.
2. Игра дошкольника / Под ред. Л.А. Абрамян – М.: Просвещение, 1989.
3. Умственное воспитание детей дошкольного возраста / Под ред. Н.Н. Поддьякова, Ф.А. Сохина – М.: Просвещение, 1988
4. Балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру. А.Г. Мұханбетчина // 2010ж. №4

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ПӘНДЕРДІ КІРІКТІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зубайраева З.А., Завотхан Р.

*(А. Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті.
(Қазақстан, Көкшетау қ))*

Бастауыш мектептің басты міндеттерінің бірі – оқушыларды іс – әрекеттің барлық түрлеріне, әсіресе, бейнелеу іс – әрекетіне негіздей отырып, олардың даму мүмкіндігін көтеру болып табылады. Осы тұрғыда, эстетикалық тәрбие берудің маңызды құрамдас бөлімдері оқушыларды көркемдік шығармашылыққа бейімдейтін бейнелеу өнері пәнінен авторлық бағдарламалар қарастырылды. Авторлық бағдарламалардың көпшілігі бейнелеу өнері пәнінің басқа пәндермен байланысына негізделген, олар оқушылар үшін қызықты ақпаратқа толы, пайдалы дағдылар мен шеберліктерді дамытады [1, 176]. Бірқатар еңбектерде бастауыш мектеп оқушыларына бейнелеу өнерінен білім беруде төмендегі бағыттарды ескеру көзделеді: өнердің жалпы тәсілдері арқылы оқушының жеке тұлғалық, гуманистік және интеллектуалдық қасиеттерін қалыптастыру мен дамыту (В.С. Кузин, Б.М. Неменский, Т.Я. Шпикалова және басқалар); өнердің нақты тәсілдер мен түрлерін пайдалану арқылы жеке тұлғаның жеке қасиеттерін арнайы дамытушы бағыттар (С.А. Золочевский, С.А. Полищук, Ю.А. Полуянов және басқалар). Осы бағыттағы бағдарламаларды оқыту мазмұнын таңдаудағы эстетикалық – тәрбиелілік, эмоциялы – құндылық, мәдениеттану т.б. жетекші принциптері бойынша ажыратуға болады. Мәселен, В.С. Кузиннің 1 – 9 сыныптарға арналған жалпы дамытушы бағыттағы «Бейнелеу өнері» бағдарламасы эстетикалық – тәрбиелілік принциптеріне құрылған. Бұл бағдарламаның міндеті – оқушылардың эстетикалық қабылдауын, көркемдік танымын тәрбиелеумен қатар, сурет салудың негізгі дағдыларын меңгерту, шығармашылық қиялдары мен ауқымды ойлауын қалыптастыру [2, 796].

Суретші әрі педагог Б.М. Неменский баланың жан – дүниесінде мектеп педагогикасында дүниені танудың бірін – бірі толықтырып, үйлесімді, қатар жүретін рационалды – логикалық және эмоциялық бейнелі формаларына негізделген өнердің эмоциялық – құндылық тәрбиесін жандандыруды ұсынады. «Дүниені тану ғылымдағы эстетикалық элементтер» мектеп циклінің барлық пәндері мен оқушы өмірін жаңа мазмұнмен, адами сезімдермен, адамгершілік қатынастармен байытуды басты мақсат ретінде қояды. Қазіргі заманғы мектептер көркемдік цикл пәндерімен қатар, сыныптан тыс жұмыстарды қоса қамтитын эстетикалық тәрбиенің бірыңғай жүйесі болуы тиіс. «Өнер мен бейнелеу іс – әрекеті бала жаңа аяқ басып отырған қоғамдық қатынастардың ауқымды кеңістігі. Өнердегі көркем образдардың мазмұны материалдық, мәнді, нақты қоғамдық қатынастар. Онда тек суретшінің жеке басының емес, сонымен бірге, оның замандастарының немесе басқа уақыт адамдарының қажеттіліктері, қызығушылықтары, сенімдері мен салттары бейнеленген».

Т.Я. Шпикалова оқушыларда адамгершілік – эстетикалық дүниетанымның қалыптасуы халық өнерін аралас, кешенді үрдіс барысында меңгеру, дидактикалық ойындар, әр түрлі сабақ түрлері (вариациялық, импровизациялы) арқылы жүзеге асырылатындығын айтты [3, 496]. Бастауыш мектептің барлық пәндері қандай да шамада эстетикалық бағыт береді: сенсорлық қабілеттерді дамытады, білімнің белгілі бір қорын жасайды және оларды эстетикалық іс – әрекетте пайдалануға ықпал етеді.

Сонымен қатар мәні бойынша кіріктірілген пәнге жататын «Дүниетану» деген курсты оқытудың көп жылдық тәжірибесі бар. Бастауыш сыныпта бір мұғалім математикадан да, сауат ашудан да, дүниетанудан да тағы басқа алғашқы білім беретін пәндердің бәрінен де оқушыларға білімнің негізін қалайды. Педагогикалық тәжірибеде бастауыш мектепте әртүрлі оқу пәндерін бір мұғалімнің оқытуы кіріктірудің тиімділігін арттырады. Бастауыш сыныпта оқу пәндерінің «жақын даму аймағы» ретінде ішкі және пәнаралық байланыстарды пайдалану үшін кәсіби деңгейде түрлі іс – әрекет ұйымдастыруға тура келеді.

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде «Бейнелеу өнері» пәні бағдарламаларының мазмұны мен бағыттарының мәні зор. Қазақстан мектептеріндегі бейнелеу өнері пәнінің бағдарламаларына шолу жасау арқылы төмендегідей мәліметтер алдық: 1976 жылғы бағдарламада оқытудың мақсаты мен бағыты анықталып, қысқаша әдістемелік нұсқаулар, бағдар беріліп, онда: «Көркем білім – тәрбие беру, оқушылардың көру, түсіну қабілеттерін қалыптастыру» – делінген. Бағдарламадағы эстетикалық тәрбие беру мәселесі көптеген толықтыруларды қажет етті.

1984 жылы И. Кенбаев, Л. Марченко, Е. Митрофанова т.б. авторлық ұжымындағы жалпы білім беретін мектептің 1 – 4 сыныптарына арналған бағдарламаның мазмұны мен білім құрылымының жалаңдығы «Бейнелеу өнері» пәнінің мақсат, міндеттерін толық айқындай алмайды. 1987 жылғы осы авторлардың 1 – 10 сынып оқушыларына арналған «Бейнелеу өнері» бағдарламасында да пәннің мақсат, міндеттері толық айқындалмаған және оқушылардың ойын дамытып, шығармашылыққа қалыптастыру мәселесі тіпті қаралмаған.

1988 жылы 1 – 4 сыныптардың оқу – бағдарламасында оқушыларды кеңес суретшілері шығармалары негізінде оқыту көзделген. 1994 – 1996 жылдары орта мектептерде оқу – тәрбие үрдісін жетілдіруге байланысты «Бейнелеу өнері» бойынша жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары жасалды. «Бейнелеу өнері» бағдарламаларында адамгершілікке, эстетикалық тәрбие беруге, әсіресе пәнаралық байланыс мәселелеріне ерекше көңіл бөліне бастады. Пәнаралық байланыс жеке көрсетіліп, әр пән бойынша жіктелген. Эстетикалық тәрбие жүйесінде «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктірудің екі мағынасы бар: біріншіден, бастауыш сынып оқушысына қоршаған дүние туралы біртұтас түсінік беру, мұндай жағдайда кіріктіру оқытудың мақсаты ретінде қарастырылады да, кіріктіру оқушыға өзара байланысқан элементтердің біртұтастығы ретінде дүниені тану туралы білім береді. Мәселен, қоршаған табиғат құбылыстары мен көріністерінің бір – біріне тәуелділігі ауа райы, өсімдік және жануарлар дүниесі, табиғат аясында адамның өмір сүруі, өлі табиғат заттары, дүниенің бояулар үйлесімділігі.

Екіншіден, бұл «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» бойынша пәндік білімдерді бір – біріне жақындастыру үшін ортақ мазмұн мен мақсатты табу. Бұл жерде кіріктіру оқыту құралы ретінде қаралады. Ол баланың білімдарлығын дамытуға, қоршаған орта туралы түсініктерін анықтауға бағытталған. Мәселен, жылдың әр мезгіліне сәйкес табиғаттардағы өзгерістер (күннің суытуы, қардың жаууы, топырақтың тоңазуы, жапырақтардың түсуі және т.б.), өсімдіктер дүниесіндегі (кәрі үйеңкі, жас қайың, шағын емен орманы) өзгерістері зерттеледі, бақыланады, сол арқылы жалпы ұғымдар кіріктіріледі. Осындай міндеттер шешілгенде оқушылар туған жерінің табиғаты жайлы толық білім алып, формалар, құбылыстар, түр – түстердің байлығы, оның алуан түрлілігін көре біледі.

«Бейнелеу өнері» сабағындағы пәнаралық кіріктіру іріленген білім негізінде, яғни сабақты дидактикалық бірліктерді ірілендіру негізінде құру арқылы жүргізіледі. Бұл материалдарды ұсақ бөліктерге бөлмей, тарауға біріктіруге мүмкіндік береді, басқаша айтқанда модельдеуге көмектеседі. Ол бірлесіп іздену барысында баланың жоғарғы

танымдылық дәрежесіне көтерілуіне ықпал етеді. Модельдеу әдісі қоршаған шындық объектілері мен құбылыстарды тану процесінде әр түрлі қорытынды сызбаларды, кестелер мен белгілерді, яғни тірек конспектілерін даярлауды қажет етеді. Модельдеу барысында оқушылар оқытылып отырған материалдарды терең де саналы түрде меңгеруге ықпал ететін басты мәселені бөліп алуды үйренеді.

Мәселен, бейнелеу өнеріндегі «Кескіндеме», «Графика» тақырыптарын «Тұстану» тарауына топтастыра отырып кескіндеме мен графика материалдары негізінде түс танудың қарапайым түсініктерін қалыптастыруға болады. Бұларды оқып үйрену кезінде дүниетану пәніндегі жердің планы, горизонт тұстарын анықтау тақырыптарынан алған біліммен кіріктіріледі. Мұндай жағдайларда оқушы жердің планын кескіндеме бойынша да графика бойынша да бейнелеуге тырысады. Осы тұста материал мазмұны біртіндеп кеңейеді және байытылады, бірақ әр пәннің негізгі мәселесі басты назарда болады. Мәселен, «Дүниетану» пәнінен «Көктем» тақырыбын өткенде оқушылар бейнелеу өнеріндегі «жарық пен көлеңке», «ең жарық нүкте – блик», «басқа заттан шағылысып түскен жарық – рефлекс», «құлай түскен көлеңке», «заттың өз көлеңкесі» сияқты түсініктер негізінде әр түрлі уақыттағы және әр түрлі ауа – райы жағдайындағы қоршаған дүниені бейнелеу тәсілдерімен таныса отырып, оны бейнелеп сызады.

Бейнелеу іс – әрекеттері түрлерінің өзара байланысы мәселелерін қарастыруымыз да кездейсоқ емес. Тәжірбиені кеңінен сараптау сурет салу, мүсіндеу мен дизайн сабақтарында осы өзара байланыстық есепке алынбай жоспарланатынын, ал сабақ тақырыптары оқушылардың заттар мен құбылыстар туралы бақылаулары, білімдері ескерілетін іс – әрекеттердің басқа да түрлерімен өзара байланыспайтынын көрсетті. Сурет салу, мүсіндеу мен дизайн арасындағы өзара байланыстың жоқтығынан мұғалімдердің әрбір бейнелеу іс – әрекетіне тән бейнелеу тәсілдерін есепке алмай, «Бейнелеу өнері» пәнінің бағдарламалық міндеттерін жеке – жеке шешетіндігі де байқалады. Бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу іс – әрекеттері әр түрлі, оқушылардың шындық өмір заттары мен құбылыстарын көркемдік әсерлеуге көмектесетін өзіндік арнайы құралдар – тәсілдері бар.

Бейнелеу іс – әрекет түрлерінің (сурет салу, мүсіндеу, дизайн) өзара байланысы оның мазмұнын байытып қана қоймай, оқушылардың әдіс – тәсілдерді өздігімен меңгеруіне де ықпал етеді. Бейнелеу іс – әрекетінің әр түрінен құралған педагогикалық жұмыс жүйесі оқушының көркемдік дамуын қамтамасыз етеді.

Бейнелеу іс – әрекеті түрлерінің кірігуі біздің тарапымыздан көркемдік тәрбиені кешенді жүзеге асыру жолы ретінде, бастауыш сынып оқушыларының мақсатты және жан – жақты дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жағдай ретінде қарастырылады.

Өзара байланыс арқылы оқушылар қоршаған орта заттары мен құбылыстарын әр түрлі құралдар, амал – тәсілдер мен материалдарды іздестіру барысында бейнелі түрде суреттеу мүмкіндігіне ие бола отырып, әсерлі бейнелеу тәсілдерін салыстыруды, таңдауды және бағалауды үйренеді. Сөйтіп, балалардың дамуы неғұрлым белсенді жүргізіледі. Мәселен, «Көңілді алаң» тақырыбы бейнелеу іс – әрекеттерінің барлық түрлерін кіріктіру. Бастауыш сынып оқушыларын эстетикалық тәрбие беруде «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндерінің пәнаралық байланысы негізіндегі кіріктіруге көп көңіл аударылады. Мұнда басты мәселе негізгі білімдерді біріктіру және ешқандай пән өз мағынасын жоғалтпайтындай жоғары нәтижеге жету.

Әдебиет:

1. «Бейнелеу өнері» (1 – 4 сыныптар) бағдарламалар. – Алматы. РОНД, 2003. – 20 б.
2. Кузин В.С. Программы общеобразовательных учреждений. Изобразительное искусство 1 – 9 классы. М: «Просвещение», 1994, – 174 с.
3. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусства. Основы народного и декоративно – прикладного искусства М, 1996 г.

ЖАСӨСПІМДЕРДІ БОЛАШАҚ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зубайраева З.А., Қожабеков Е.Б.

*(Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті
(Қазақстан, Көкшетау қ.))*

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан – жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру – отбасының, орта және жоғарғы білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті. Бұл процестің стратегиялық негіздері Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықтық жолдауындағы «Қазақстан – 2030» стратегиясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты, ұлттық мәдениетіміз бен халық педагогикасының негізінде, әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» – деп көрсетілген.

Осы тұжырымдарды Білім және ғылым қызметкерлерінің II – ші съезіне қатысушылар алдында сөйлеген Президент: – «Білім беру ісіндегі рухани дәстүрлерді сақтап, жаңаша жетілдіре дамыта беру керек. Бұл жүйедегі – оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі – үзіліп қалды.

Сіздер мен біздер тек болашақ буындарды ғана емес, жалпы азаматтық қадір – қасиеттердің мәні мен маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза білімді азаматтар тәрбиелеуге міндеттіміз. Олардың отаншылдық сезімдерін тәрбиелеуде, білім берудің мектепке дейінгі жүйесі мен жоғары оқу орынның аралықтарын үндестіре ұйымдастыру, көкейкесті мәселе болып табылады», – деп атап көрсеткен еді [1, 26]. Қоғамдық – отбасылық қатынастардың жалпы бағыттылығын айқындау мен үйлестіру тек әлеуметтік – экономиялық емес, ең алдымен үлкен маңызы бар психологиялық – педагогикалық проблема, өйткені жасөспірім ұрпақтың ізгілік – адамгершілігі, денсаулығы – бүкіл қоғамның қамқорлығында.

Қазіргі кезде некелік – отбасының қатынастар ерлі – зайыптылардың адамгершілік – этикалық, психологиялық – педагогикалық дайындықтарының тұрмыс мәдениетінің жоғары деңгейде болуын талап етеді.

Адамның қалыптасуы оның бала күнінен басталады. Сондықтан да жас буынның жеке бас қасиеттерінің ойдағыдай дамуы үшін олардың өз қасиеттерін және басқалардың қасиеттерін түсіне білуіне көмектесіп, жол – жоба көрсету өте маңызды. Бұл оңай міндет емес. Жастарды отбасылық өмірге дайындауға зор көңіл бөлудің мән – мағынасы да, міне, осында болмақ.

Бүгінгі күннің талабына сай жастарды отбасы – некелік өмірге даярлауда ата – ананың рөлі мен міндеттері аса жауапкершілікті талап етеді. Отбасы бала үшін өмір мектебін, онда мейірбандық, шындық, адалдық, қайырымдылық т.б. адамгершілік қасиеттері дамиды және қалыптасады. Отбасында адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт – бағдар түзіледі. Отбасында өз ретімен қарапайым да жеңіл шешіліп жатқан көптеген мәселелер, есейген, ересек шақта біткен шырғалаң күйге түсіп жататыны баршаға аян [3, 232б].

Жоғарыда әңгіме арқауы болған тұжырымдарды жинақтаумен келесідей қорытындылар жасауға болады:

– отбасы ықпал басқа тәрбиелік әсерлердің бәрінен де күштірек. Жас ұлғаюмен ол әсер бәсеңдеуі мүмкін де, бірақ ешашан өз маңызын жоймайды;

– қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапа – қасиеттер тек отбасында ғана өрісін алады;

– отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады.

Отбасындағы тәрбие мазмұны демократиялық қоғамның өзекті мүдде – мұраттарына орайластырылады. Болашақтағы еңбектік, қоғамдық, отбасылық өмірге бейім дені сау, психикалық болымды, адамгершілікті, иманды, парасатты тұлға дайындау – отбасы міндеті. Жанұялық тәрбие мазмұнының құрамды бірліктері ежелден белгілі бағыт – бағдарларды, тән – дене, адамгершілік – имандылық, сана – сезім, эстетикалық, еңбек тәрбиесін қамтиды, олар өз кезегінде жас әулетті экономикалық, экологиялық, саяси, жыныстық білімдендіру істерімен толығып отырады [4, 244б].

Кез келген қоғам үшін ең алдымен әке және ана болудың, яғни балаларды күту мен тәрбиелеу жөніндегі көзқарастар міндеттерін орындаудың әлеуметтік маңызы зор. Сондықтан да, мектеп, отбасы, жұртшылықтың өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы қызметінің маңызды бағыттарының бірі – оны отбасылық өмірге әзірлеу. Бұл әзірлікті іске асыру үшін тәрбиешілерді жыныстық даму үрдісінің өзі және жыныстық тәрбиенің мазмұны туралы, сондай – ақ еркек және әйел жыныстылардың өзара қарым – қатынасында маңызды рөл атқаратын олардың физиологиялық және психологиялық жыныстық ерекшеліктері туралы қазіргі түсініктермен қаруландыру қажет.

Мұның тату отбасын құруға екі адамның жеке басының ғана емес, қоғамдық маңызы бар іс болғандықтан да қажеттігі арта түседі. Қазіргі жастарға жыныстық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады, бұл өсіп келе жатқан ұрпақтардың арасында жүргізілетін жалпы идеологиялық және тәрбие жұмысының бір бөлігі, ол эстетикалық және рухани тәрбиемен тығыз байланысты, себебі, мұның өзі болашақ қоғамның құрылысшылары ретінде болашақ жастарды бақытты отбасы мен берік неке құруға қалыптастырады.

Тәрбиедегі қиындықтардың бірі жасөспірімдердің отбасындағы жағдайы мен жай – күйі болып табылады. Кейбір отбасында жасөспірімдерге еркіндік беріліп, үлкен жауаптылық тапсырылады, кейбір отбасында керісінше, жасөспірімдерге жас балаларға қарағандай қатаң бақылау жасайды, оларды өзіне деген сенімінен айырады. Жасөспірімдер бір – бірімен араласқанда көбінесе отбасындағы жағдайларды салыстырады.

Бұлай ету үлкендермен қарым – қатынастардағы түсінбеушілікке әкеп соғады. Тәрбие жүйесінде жасөспірімдер үнемі өзгергіш және дамымалы буын, ал үлкендер қалыптасқан буын деген фактіні ескере отырып, тәрбиеде жіберілген өз қателіктерін мойындау керек [5, 44б]. Ер азамат әрқашанда ел қорғаны. Анасы қызына – әкең – шығатын биік асқар тауың, ағаң – қорғанышың, інің – сүйенішің, – деп жалпы ер азаматты сыйлай білуге үйретсе, келешектегі оның күйеуіне деген құрметін, дұрыс көзқарасын тәрбиелеу болар еді.

Егеменді ел болып, тәуелсіздік алған кезімізде, ең алдымен ұлтаралық туыстық емес, ұлттық туыстық ұлтаралық жан жүйе емес, ұлттық жан жүйе негізінде бет бұрғандаймыз. Үміт оянды, қиял да қанағаттанған. Десек те ұлттық уызынан нәр алған, ұлттық тәрбие бесігінен тербеліп өскен қаны, тілі, діні таза, қиялдағаны қазуға қарымды, тәні шымыр, ойы өрелі ұрпақ тағдырын, ең алдымен осы өз ұлымыз бен өз қыздарымыздың отау көтеруі мен тікелей байланыстыруды шынайы сезінген кезеңде, өзегіңді өрттей шарпып, мына бір жайт жанына тыныш тапқызбайды. Ол, қалай болғанда да ұрпақты аздырмау жайы.

Тарихтан жақсы белгілі, ұрпағы азған талай ұлт, ұлт болудан қалып, жер бетінен жым – жылас жоғалып кетті. Осы жәйттен хабардар ата – бабаларымыз «Малым жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» – деп ар – намыс үшін отқа да, суға да түскен. Тұрмысқа жасауымен жөнелтіп тұрып қызына әкесі: «Балам, жаман болма,

атаңа нәлет келтіресін» – деп, неке қияр тойынан кейін күйеу баласына енесі: «Балам, қорлама қызымды, атағымды өлтіресін» – деп осы ар, намысты келесі ұрпаққа тағы арқалатты. Тамыры тым тереңге кететін қыз таңдау немесе жігіт таңдау, құда түсу, қыз алып қыз берісуден толып жатқан жол – жоралғысын сақтау сияқты дәстүрлер, міне осыдан.

Жар таңдау ата – анаға ғана емес, қыз бен жігіттердің өздеріне де үлкен сын. Жігіттерге зерде зейіні, тапқырлығы, күш – жігері, қайрат – қаруы, білімі. Қыз ата тегі ақыл парасаты, сымбат көркі, іс – өнері сияқты қасиеттерімен сараланған. Білек күшіне сын жекпе – жектен, ақыл – санаға сай жұмбақ айтысқа дейінгі толып жатқан кедергілерден өту міндет санаған. Міне, осылайша тең – теңін тапқаннан кейін әке – шеше қызын ұзатуға немесе ұлын үйлендіруге жауапкершілікпен қараған. Өйткені осындай жөн – жоралғылармен жас отауды көптеп, көлемдеп сән – салтанатмен тік тұрғызып жіберген.

Сондықтан, жас өскелең ұрпақ тәрбиелеу – қай уақытта болса да адамзат алдында тұратын ұлы мақсат – міндеттердің ең бастысы. Ол келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан – жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі кең озық азамат етіп тәрбиелеу – әрбір отбасының міндеті, отбасын құру – адамзат ғұмырындағы аса бір жауапты кезеңнің бірі.

Ер жеткен жігіттер мен қыздар, бұл жауапкершілікті жақсы сезінуге тиісті. Сол себептен де, олар өздерінің дене тәрбиесінен бастап, мінез – құлықтары мен іс – әрекеттеріне дейін, үнемі қадағалап тәрбиелеп, жетілдіріп отыруға тырысады. Мұндай мақсаттарды мұрат тұтқан жастар, өздерінің рухани жетілулерін кідіртпей, барынша азаматтық бейнелерін қалыптастыруға ұмтылыс жасайды [6,136].

Кез келген халықтың жаңа буыны мен жас ұрпақтарының бастауы – шаңырақ көтеріп, отбасын құрудан басталатындығы табиғи шындық. Отбасылық өмірге дайындауда өскелең ұрпақтың дүниеге келген сәттен бастап, барлық даму кезеңдерінде тәрбиемен қатар жүріп отырады.

Ана баласын емізе отырып бір тәртіппен тамақтануға, шыдамдылыққа, оған өзінің жылы мейірімін төгіп, айналадағылармен жылы қатынаста болуға тәрбиелейді [7,186]. Сондықтан да отбасының тату – тәтті өмірі жастардың ер жетіп өсуіне, адамгершілік қасиеттердің барлығын бойына сіңіруіне жағдай жасайды. Мұндай отбасы қоғам үшін адал қызмет ететін әрі оның дамуына пайда келтіретін жастарды дайындайды.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдаған “Қазақстан – 2030” үндеуі, 1997.
2. Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” Заңы, 1999.
3. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл – қызы. Алматы, Атамұра, 2001 – 232 б.
4. Қалиев С., Майғарапова Ш. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. Алматы, Білім, 2001 – 244 б.
5. Ақпарова Ж., Батырғалиева А. Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп. – 2005 – №4 – 44 – 46
6. Қоңырбаева С. Қазақ отбасында қыздарды жұбайлық өмірге даярлау – гендерлік тәрбие нысаны. // Бала тәрбиесі. – 2006 – №3 – 9 – 136.
7. Мұхтарқызы Г. Отбасы тәрбиесі. // Атамекен – 2004 – қараша – 86.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ – ОЙЫН ДАМУДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Зубайраева З.А., Жусупова А.

*(А. Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті
(Қазақстан, Көкшетау қ.))*

Мемлекетіміздің қазіргі жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды, қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыру, жастарды қарым – қатынас мәдениетіне тәрбиелеуде халықтық дәстүрлерімізді пайдалану ерекше орын алып отырған маңызды мәселенің бірі. Адамзат баласы тарихында құндылықтардың қалыптасу мәселесі ерте заманнан – ақ ойшылдардың ғұламалардың назарында болып келді. Адам атадан өрбіген, ақыл иелері дүниеге келіп, жер бетінде өмір сүргелі неше ықылым заман өтті.

Осы мезгіл ішінде қаншама өркениетті ел дүниеге келіп, қаншама дәуірлеген ел құлдырап өшуінде заңдылық бар сияқты. Елдің гүлденіп дәуірлеуі, құлазып құлдырауы ұрпақ тәрбиесіне мән беруіне тәуелді деген тұжырымға келеміз. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын көреген халқымыз ертеден – ақ түсінген. Тәрбиелеудің оңтайлы әдістерін бала бесігінен бастаған. Тәрбиелеу дегеніміздің өзі – халықтың ғасырлыр бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру [1, 726].

Халық педагогикасы дегеніміз – ол қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі іспетті қанатты сөздер, мақал – мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Ол – жан сезімімізді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы сұлу әндері мен сыршыл күйлері, ұлттық ойындары, осы кезге дейін тәлім – тәрбиелік қадір – қасиетін жоймаған салт – дәстүрі, әдет – ғұрыптары, адалдыққа, тазалыққа, әділдік пен мейірімділікке баулитын ырым – тиымдары, т.б [2, 106]. Әр халықтың өз өркениеттілік белгілері болады. Солардың бірі қарым – қатынас мәдениеттілігін байқату. Осы белгі арқылы халықтық дүниетаным, мәдениеттілік байқалады. Ұлттық арқауы берік төлтума – ол адам бойындағы мәдениеті. Қарым – қатынас адамдар арасында саналы түрде, көпшілік жағдайда міндетті әрі ресми, кейде ерікті түрде ақпарат алмасу және эмоционалдық қауышу жасау акты болып табылады. Қарым – қатынас адамдардың бірлесіп өмір сүру формасы. Қатынарудың түрлері: ресми және бейресми қатынасу; тура және делдалдықпен қатынасу; вербальды және вербальды емес қатынасу. Қатынас деп адамдардың қызметі бірлесіп істеу қажеттігінен туындайтын, адамның өзге адаммен немесе адамдар тобымен ақпарат алмасуын, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасап шығаруын, басқа адаммен оны қабылдау және түсіну бағытында қатынасқа келуін және ол қатынастың кері байланыс арқылы тудырған салдарын айтамыз. Қарым – қатынас түптеп келгенде адамдардың практикалық қызметінен туындайтын күрделі үрдіс болып табылады.

Адамдардың бір – бірімен қатынасуы ұғымына біз мыналарды сыйдырамыз:

- қатынаста болып отырған адамдардың кім екендігін танытатын, оларды бір – біріне жақындастыратын (немесе алыстатын) құрал;
- адамдардың рухани және органикалық қажеттерін өтейтін шарт;
- адамдардың өмір сүру формасының бірі;
- адамдардың психикалық қызметін күшейткіш құрал;
- адамдарды тәрбиелеу құралы.

Адамдар арасындағы қатынас қоғамдық орындардан тыс жерлерде де тоқтаусыз жүріп жатады. Қоғам дамуының қазіргі деңгейі көпшілікпен кездесетін адамдардың қатынасу мәдениеті жоғары болуын қажет етеді. Өйткені, қарым – қатынас мәдениеті кез – келген істі тындырып, игілікті нәтижеге шығаруға қажетті негізгі факторлардың бірі болып табылады. Адамдардың бір – біріне қатынасу құралдарының ішіндегі өмірлік тәжірибеде кең қолданылатыны және аса маңыздысы – тіл. Сөйлеу мәдениеті қатынарудың барлық түрлерінде қолданылады [3, 286].

Әл – Фараби өз заманында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады, жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында ғана жетіліп, өз қабілеттерін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың әлеуметтік мәні қалыптасады» – деп жазды. Тәрбие өмір бойы жүретін үздіксіз үрдіс болса да, қазақ халқы жетілген тұлғаның сипатын: «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген бір ауыз сөзбен түйіндеген. Адам өмірінің алғашқы мақсаты – өзін – өзі тану, өзінің тұлғалық қасиетін жетілдіру. Демек, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім мазмұны мен оқу – тәрбие үрдісінде осы мәселелер кеңінен орын алуы тиіс. Адамның қалыптасуына әлеуметтік ортадағы қарым – қатынастар да әсер етеді. Қарым – қатынас мәдениеті арқылы тұлға өзінің де, өзгенің де тұлғалық қасиетін дамытады. Адамның өмірлік мақсатының келесі бір қыры отбасы мүшелерінің қарым – қатынас мәдениеті болса, дәл сондай өмірлік мақсатының бірі – айналамен, табиғатпен шығармашылық қарым – қатынас орнатып, оны өмірде қолдана білу. Адамның шығармашылығында үш түрлі қарым – қатынас орын алады:

- адамның өзіне деген қарым – қатынасы;
- тұлғаның басқалармен қарым – қатынасы;
- тұлғаның табиғатпен қарым – қатынасы.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті – тарихи мәні бар, өзіндік ерекшеліктері бар құбылыс және ол қарым – қатынас мәдениетінің ең өзекті мәні. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық (халықтық) педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Ал тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен тығыз байланысты. Ұлттық салт – сана сол ұлттың мәдени дәрежесін, рухани сапасын көрсетеді.

Ұлттық салт – сананың қалыптасуының бастауы сол ұлттың құрамындағы жеке тұлғалардың игі әдеттерінен басталады. Ұлттық мәдениеттің дәстүрдегі бастау көрінісі – сәлемдесу. Сәлем – әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің белгісі. Ұлттық мәдениеттіліктің белгілері, әсіресе, отбасындағы сыйласымнан көрінеді. Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері – ұлттық мәдениеттің, ұлттық тәрбиенің айқын белгілері болып табылады [3, 1036]. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі – қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсерімен тәрбие арқылы және адам табиғатын туысынан – дүниеге келуімен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады деп келтіреді. Сонымен қатар, адамның өсіп жетілуінде, оның дүниеге келуімен ілесе келетін қажетті кейбір сапалар мен қасиеттердің болатындығын айта кетеді. Баласағұнның тәрбие тағлымының бастауы болатындай мына пікірін келтіруге болады: «Тәрбиенің барлық ұждағаттылығы, саласы мен түрі...

Өзара ұйымдасқан, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының – жетелі адамдар тобының, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет [4, 3526]. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында – мирасқорлы, пайдалы еңбектің көзі болуы шарт» – деп ой түйеді. Оны Жүсіп Баласағұнның «Адамшылдыққа – адамшылық, қайырымға – қайырым ету туралы» айтқан жыр жолдарынан да көруге болады:

Ілкі сәттік өмірің болса жалғанда –
Қайырым ет, қайырым қылған жандарға.
Сиымды бол силап сені жақтаса,
Тайраңдама қалың елің мақтаса.
Адамшылық – адамға тән қазына.
Солай қазір, солай болған бағыдан.
Қайырым етсе достарың не бауырың,
Еселеп бер, көтер жүктің ауырын.
Қайырымды бол, қырық қатпар ғаламға,
Көзіңді ашып білім берген адамға.
Қайда жүрсең, жасай көрме бетсіздік,
Самарқаулық, ұмытшақтық – тексіздік.
Бауырыңдай демеу болған жігітке,
Сырт айналма, адамдықтан түңілтпе! – *деп ой түйеді.*

Ұлттық тәлім – тәрбиеміздің қайнар көзі болып табылатын ұлағатты ұстаздық ойлардың арғы тегі данышпан Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінде адамдар арасындағы өзара қарым – қатынас мәдениетінің ерекше бір белгісі меймандостық, үлкенді сыйлау, жақсы мінездің қалыптасуы тәрбиеге, жеке адамды тәрбиелеуші оның тегіне байланысты екенін және мінез – құлықтың ең қасиетті мәйегі де ингабаттылық, қайырымдылық екенін қастерлеп келтіреді [5, 108б]. Халықтық педагогиканың қайнар бұлағынан сусындап, тәрбие алған жастарымыздың бойында қашанда инабаттылық, әдептілік қасиеттер қалыптаса, қарым – қатынас мәдениеті де өміршеңдік сипат алары хақ. Қорыта келе, халықтық педагогиканы қарым – қатынас мәдениетін қалыптастырудың аса маңызды құралы ретінде кең пайдаланса, жастарымыздың жан дүниесіне мықты ықпал ететін тәсілдің бірі ретінде атқаратын қызметі мол.

Әдебиет:

1. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2001.
2. Ахметова А. Әлеуметтік психология. – Шымкент, 2009.
3. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы, 2002.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы, «Санат», 1995 – 352 бет.
5. Шашақова А. Халық тәлім – тәрбие бастауы. – Алматы, 1994. 108 бет.

ӘОЖ 37.043.2

ЖОО – ДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Игентаева Ж.Ә.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазіргі қоғам дамып келе жатқан тұлғаға ерекше талаптар қояды. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытудың тиімді әдістерін іздеу және әлеуметтік белсенді жастардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру, әлеуметтік және өндірістік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын тез табатын көшбасшыларды тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр.

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты: жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды дамыған, әлеуметтік талпынысы жоғары, бастамашыл және шығармашыл маман даярлау. Қазіргі еңбек нарықтарының қажеттіліктеріне жауап беретін маман даярлау үшін кәсіби құзіреттіліктің бір бөлігі бола алатын жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағдарлану қажет. Көшбасшылық – бұл, ең алдымен, өзін – өзі тану, өзін – өзі жетілдіру, түсіну және басқаруболып табылады. Осындай қасиеттерді білім алушылардың бойынан көру үшін ЖОО – дағы психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетудің алатын орны ерекше. Сонымен қатар, білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту үшін көшбасшылықты жауапкершілік ретінде қарастыру қажет. Яғни, өз жобаларын құруға, шешімдер қабылдауға және таңдау жасауға дайын болу, соның ішінде шығармашылық тұрғыдан өзін – өзі жетілдіру арқылы көшбасшылық қасиетті дамытуға жағдай жасайтын дидактикалық технологияларды қолдану қажет.

ЖОО – дағы білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруда психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету мәселесі қашанда өзекті болған. Осы мәселені зерттеуде М.И. Рожков, Т.Н. Сапожников, А.Н. Кузнецов, А.Г. Кирпичник, А.И. Тимонин, Т.Л. Крюкова, А.Л. Уманский, О.С Щербина сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Сонымен қатар, педагогикалық қолдау көрсету негізін насихаттаушы және әзірлеуші, танымал педагог О.С. Газман болып табылады. Біздің елімізде баланы әлеуметтік қолдау өткен ғасырдың соңында ғана пайда болды. Кешенді аспектіде психологиялық қолдауды көптеген орыс ғалымдары мен оқытушылары, соның ішінде Л.М. Шипицын, И.С. Якиманская қарастырған. Көшбасшылық мәселесін әлеуметті – психологиялық құбылыс ретінде отандық және батыс елдерінің зерттеушілері Х. Минцберг, А. Залезник, Е. С. Кузьмин, Б.Д. Парыгин, Ф. Галтон, К. Берд, Р. Стогдилл, Э. Хартли, А. Н. Леонтьев, Г. Герт және С. Милз, Р. Кеттель қарастырған [1, 114 б].

М.Р. Битянова мен Е.А. Козыреваның еңбектерінде «қолдау» оқыту жағдайында білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қарым – қатынастың оң дамуына жағдай жасауға бағытталған педагог – психологтың кәсіби қызметінің жүйесі ретінде қарастырылады. М.И. Рожков педагогикалық қолдау арқылы баланың өзі үшін маңызды оқиғаға қосылуын қамтамасыз ететін және болып жатқан жағдайды көрсету негізінде оның өзін – өзі дамытуын ынталандыратын мақсатты дәйекті педагогикалық іс – әрекеттер жиынтығын қамтитын процесті түсінеді [2]. А.Л. Уманский көшбасшылық қасиетті дамытуда психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетудің үш негізгі компонентін анықтады:

- 1) педагогтардың көшбасшылармен жұмыс істеуге дайындығы;
- 2) көшбасшы болуға дайындығын психологиялық – педагогикалық қамтамасыз ету;
- 3) көшбасшылық алаңын психологиялық – педагогикалық құрастыру [3, 261 б].

Педагогтардың көшбасшылармен жұмыс істеуге дайындығы – олардың білім алушылардың жас және әлеуметтік ерекшелігін білуі, әртүрлі теориялар негізінде көшбасшылық феноменін түсінуі, тәрбиеленушінің көшбасшылық әлеуетін диагностикалау және көшбасшыларды дайындауды ұйымдастыра білуі, топта көшбасшылық алаңын құру қабілеті, көшбасшылармен өзара іс – қимыл жасай білуі болып табылады.

Көшбасшы болуға дайындықты – көшбасшылық әлеуетті іске асыру мүмкіндігі мен осыған қажетті білім мен іскерлікті, көшбасшылық мотивациясының іргетасы ретінде қызмет ететін көшбасшылық қызмет тәжірибесі ретінде түсінуге болады. Дайындық перцептивті және іскерлік критерийлерінен көрінеді.

Перцептивті критерий – бұл бағынушыларға әсер ету мүмкіндігі. Оның көрсеткіштері: топтағы тұлғааралық қатынастарды реттеу қабілеті; жанжалды жағдайларды сындарлы түрде шеше білу; бағыныштылардың сезімдері мен ерік – жігеріне белсенді әсер ете алу; педагогикалық әдептілік көрсету.

Іскерлік критерий – бұл топтық қызметтің тиімділігіне айтарлықтай үлес қосу мүмкіндігі. Оның көрсеткіштері: қойылған мақсаттарға жету үшін топ мүшелерінің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру; ұйымдастырушылық жұмыс алгоритмін білу және талдай алу; нәтижеге қол жеткізуге жеке көңіл бөлу; топ қызметіне түзетулер енгізу қабілеті [4, 247 б]. Көшбасшының ішкі дайындығы оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайдың болмауымен бұғатталуы мүмкін. Педагогтардың білім алушылардың көшбасшылық әлеуетінің көрінісін ынталандыратын жағдайды жасауы «көшбасшылық алаңын» қалыптастыруы болып табылады. Бұл педагогтар тарапынан білім алушылардың көшбасшылық қасиетін дамыту үшін жасаған алаңы болып табылады. Көшбасшылық алаңын құру мыналарды қамтиды:

– көшбасшы позициясынан әлеуметтік маңызды қатынастарға енгізуге бағытталған білім алушының жеке басын дамытудың дәлелді әлеуметтік жағдайларын құру;

– топта, топпен және көшбасшымен қарым – қатынастың оңтайлы стилін құру;

– білім алушылардың ең көп санында көшбасшылық әлеуетті барынша көрсетуге ықпал ететін топтың тіршілік әрекеті жағдайын ұйымдастыру, құрастыру.

Білім алушылардың көшбасшылығын педагогикалық қолдаудың бұл компоненттері инвариантты болып табылады. Вариативті компоненттер жұмыс ұйымдастырылатын жастар тобының ерекшеліктеріне байланысты анықталады [5]:

– адамның мінез – құлық және эмоционалдық мәселелері, жұмысқа қатысатын білім алушылар санатының ерекшеліктері;

– осы жұмысты ұйымдастырушылардың жағдайлары мен мамандардың мүмкіндіктері.

Білім алушылардың көшбасшылығын педагогикалық қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ететін келесідей жағдайларды айтуға болады [6]:

– қиындық деңгейі әр түрлі сипаттағы мәселелер шешілетін төтенше және күнделікті жағдайлар кешенін құру және таңдау;

– білім алушының көшбасшылықтың ауыспалы алаңына субъективті қосылуы.

– бірлескен қызмет барысында білім алушының басқа адамдардың ұстанымына қызығушылық білдірудегі рефлексивті өзара әрекеті;

– жеке және топтың әртүрлі жағдайларда кездесетін мәселелерін шешуді талап ететін бірлескен іс – қимылдардың мағынасын вербализациялау.

Психологияда көшбасшылық әлеуметтік – психологиялық құбылыс ретінде әр түрлі тұрғыдан түсіндіріледі. Бүгінгі таңда көшбасшылықтың көптеген теориялары бар [7]:

– Тұлға теориясы.

– Көшбасшылықтың жағдайлық теориясы.

– Өмірлік цикл теориясы.

– Тұлғалық – жағдайлық теориялар.

– Мотивациялық теория.

– Алмасу және транзакциялық талдау теориялары.


– Көшбасшылыққа танымдық көзқарас теориясы.

– Көшбасшылықтың атрибутивті теориясы.

– Мінез – құлық теориясы.

Көшбасшылық пен көшбасшылыққа деген қызығушылық әсіресе соңғы жылдары қарқынды өсті. Бүгінгі таңда барлық жерде әр түрлі көшбасшылық тренингтер

өткізіліп, жастар ұйымдарының жанынан көшбасшылық мектептер құрылуда, ал осы тақырыптағы әдебиеттер кәсіпкерлер мен менеджерлер арасында үлкен сұранысқа ие болып отыр.



Сурет 1. Білім алушының көшбасшылық қасиетін психологиялық – педагогикалық қолдаудың моделі

Және осы білім алушылардың көшбасшылық қасиетін қалыптастырудың ең өткір мәселесі жоғары оқу орындарының психологтары мен педагогтарының, университет әкімшілігінің алдында тұр. Жоғарыда айтылғандардың негізінде білім алушылардың көшбасшылық қасиетін қалыптастырудың моделі жасалды. Оны жоғарыда көрсетілген 1 – суреттен көруге болады. Суреттегі тік нүктелі сызық көшбасшылықтың әртүрлі теориялары – жеке және жағдайлық негізінде белсендіру үрдісінің мазмұнын бөліп көрсетеді. Көлденең нүктелі сызық көшбасшылық қасиетті дамытудың педагогикалық және психологиялық қолдауын көрсетеді.

Алайда, бұл екі шекара да шартты болып табылады. Тұлғалық және жағдайлық теория бір – бірін сәтті толықтырады. Яғни, белгілі бір жағдайлар көшбасшылық қасиеттердің дамуына ықпал етсе, керісінше жеке қасиеттердің дамуы әртүрлі жағдайларда адамның мінез – құлқына әсер етеді. Студенттердің көшбасшылық қасиетін қалыптастыру үшін педагог құрамы бар психологтың ағартушылық жұмысы қажет. Ал білім беру үрдісі барысында педагогтардың білім алушыларды бақылауы осы топпен психологтың жұмысына түзетулер енгізе алады.

Білім алушылардың көшбасшылық қасиетін қалыптастырудың кез келген нысандары олардың жас және әлеуметтік ерекшеліктерін есепке алған жағдайда ғана табысты болады. Сондай – ақ, көшбасшылық қасиетті қалыптастыру үрдісі бинарлы екенін тағы бір рет атап өткен жөн. Яғни, ол психологтың, педагогтың қызметін және білім алушының бастамасын біріктіреді. Бұл маңызды сәтті суретте көрсетілген модельден де көруге болады. Сонымен, қарастырылған мәселелерді қорыта келе, көшбасшы қандай да бір мақсатқа жету жолында адамдарды біріктіруге, ұйымдастыруға қабілетті тұлға.

Ал, көшбасшылықтың ажырамас белгісі – ең болмағанда бір ізбасардың болуы. Көшбасшы болатын тұлғаның бойында табандылық пен еңбекқорлық, шыдамдылық пен төзімділік, ақылдылық пен парасаттылық, алғырлық пен ұтқырлық ұштаса білу керек. Көшбасшы болу деген адамдарға әмір жүргізу емес, адам жанын түсіне алатын, рухани бай адам бола білу керек. Нағыз көшбасшы бола алатын адам ақылмен ғана емес, жүрегімен жолдас болуы керек. Яғни, ЖОО – дағы білім алушылардың бойында осындай көшбасшыға тән қасиеттерді қалыптастыру үшін психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету үрдісі үздіксіз жүріп отыру қажет. Сондықтан сыныпта, колледжде, университетте, жалпы ортада көшбасшылық қасиеттері әлсіз оқушылар мен білім алушылардың өзін – өзі толық көрсете алатындай жағдай мен психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетілуі қажет.

Әдебиет:

1. Леднева С.А., Иванова – Швец Л.Н. Привлечение и удержание молодых специалистов в составе научно – педагогических работников вуза // Вестник Российского экономического университета им. Г.В. Плеханова. – 2018. – № 3(99). – с. 114 – 122. – doi: 10.21686/2413 – 2829 – 2018 – 3 – 114 – 122.
2. Никулина И.В. Формирование лидерских качеств у студентов // СНВ. – 2016. – №4 (17). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie_liderskih_kachestv_u_studentov_1 (дата обращения: 10.10.2021).
3. Пономарёв А.В., Ланцев А.О., Кырчиков М.С. Лидерство в молодежной среде. – Екатеринбург: Изд – во Урал.ун – та, 2020. – 216 с.
4. Раянова Ю.Ю. Психолого – педагогическое сопровождение обучающихся : учебное пособие / Раянова Ю.Ю., Курагина О.В. – Омск : Сибирский государственный университет физической культуры и спорта, 2019. – 247 с.
5. Уманский А.Л. Игровое педагогическое сопровождение детского лидерства// Ярославский педагогический вестник. – 2004. – № 3.
6. Чубарова Ю.Е. Формирование социокультурной компетенции как основы межкультурного общения студентов в условиях диалога культур [Текст] / Ю.Е. Чубарова // Гуманитарное знание: особенности, исторические и современные проблемы: сборник научных трудов по материалам I Международной научно-практической конференции. – Нижний Новгород: Профессиональная наука, 2016. – С. 36 – 45

ӘОЖ 371

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманов А.К., Ахметжанов М.С.

(М. Қозыбаев атандағы СҚУ)

Тәрбиеге байланысты сұрақтар адамдарды әрдайым алаңдатты. Адамға тәрбиелік әсер тек балалық шақта немесе жастық шақта ғана емес, сонымен бірге жетілген жылдары да болады. Қазірдің өзінде Платон тәрбие мен тәлімгерлік өмірдің алғашқы жылдарынан басталып, өмірінің соңына дейін жалғасады деген ойға ие.

Тәрбие педагогика мен психологиямен тікелей байланысты, өйткені педагогика тәрбие мәселелерімен айналысады және білімді адам ол үшін – ең алдымен білімді, ал психологияда субъект пен әлемді оның жанына бағдарлау. Бұл педагогиканың негізгі пәні емес, бірақ ол назар аудара алмайтын құбылыс. Педагогика білім берудің белгілі бір мақсаттарын қоя отырып, балада жеке тұлғаны көрсетудің негізі ретінде әлеуметтік құнды Дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруға тырысады.

Мұғалімнің пікірінше, тәрбие – бұл бір адамның екінші адамға әрекеті.

1. Кең әлеуметтік мағынада – жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы, яғни барлық экологиялық факторлардың жеке басына әсері.

2. Кең педагогикалық мағынада – арнайы (білім беру) мекемелері аясында арнайы адамдар – мұғалімдер ұйымдастырған мақсатты және арнайы (бұл мағынада "тәрбие" ұғымы "білім" ұғымымен бірдей).

3. Тар педагогикалық мағынада – жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс, көбінесе моральдық.

Тұлға – психологияның негізгі категорияларының бірі. Жеке тұлғаның не екенін түсіну және оның жеке басының психикалық қоймасын сипаттауға мүмкіндік беретін негізгі қасиеттерін бөліп көрсету үшін бұл терминді адамды тұтастай сипаттайтын тұжырымдамалардың "жеке тұлға – қызмет субъектісі – жеке тұлға – даралық" қатарында қарастыруға болады.

"Тұлға" ұғымы адамды әлеуметтік болмыс, әлеуметтік қатынастар мен іс – әрекеттің субъектісі ретінде сипаттайды. Тұлғаға мотивация, темперамент, мінез және қабілет сияқты психологиялық қасиеттер кіреді.

Тұлғаның психологиялық құрылымы және үш негізгі ішкі құрылымды қамтиды:

1. Жеке тұлғаның негізгі тенденциялары ретінде қарым – қатынас пен бағдар – бұл адам қалайтын нәрсе.

2. Адамның мүмкіндіктері мен потенциалы ретінде қабілеттер – бұл адам жасай алатын нәрсе.

3. Пайдаланудың, іске асырудың және кеңейтудің басым және тұрақты тенденциялары ретінде мінез – бұл адам.

Әлеуметтік тәрбие үдерісіндегі өзара іс – қимыл әрқашан тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің арасындағы диалог болып табылады. В. Гете айтқандай: "жартысынан гөрі қателескен әлдеқайда оңай". Диалог көптеген "тізбектер" түрінде

жүзеге асырылады: білім беру ұйымы – оны құрайтын топтар; ұжым – жеке тұлға; ұжым – микро топ – жеке тұлға; мұғалім – ұжым; мұғалім – жеке тұлға. Мұндай диалогтың мазмұны ақпарат, құндылықтар жүйесі, мінез – құлық, белсенділік, ойындар және т.б. стереотиптер мен императивтер болуы мүмкін. Әлеуметтік тәрбие процесіндегі өзара іс – қимылдың тәрбиелік тиімділігі объективті (тәрбие ұйымдары) және субъективті (қоғамда бейімделу мен оқшауланудың жеке тәжірибесін алу) факторлармен анықталады.

Адамгершілік тәрбие – қоғамдағы моральды көбейту, мұрагерлік формаларының бірі. Мораль – бұл әдетте "мораль" терминімен синоним ретінде қолданылатын термин, сирек – "этика". Бұл жағдайда мораль – бұл қоғамдастықта қалыптасқан мінез – құлық нормалары. Г. Галлелейдің: "сіз адамға ештеңе үйрете алмайсыз. Сіз оған тек оны ашуға көмектесе аласыз". Бұл мораль мәдениеттің жалпы құндылық негізі болып табылады, ол адамның іс – әрекетін адамның өзін – өзі бағалауын, адамдардың лайықты бақытты өмірге деген ұмтылысындағы теңдігін растауға бағыттайды. Мораль екі сипаттаманың бірлігін білдіреді: адамдардың барлығына міндетті заңдарға сәйкес бірігіп, бейбіт өмір сүру қажеттілігі мен қабілетін білдіреді; адам рухының автономиясына негізделген (жеке тұлғаны еркін таңдау, оның өзін – өзі растау). Мораль нормалары жалпы гуманистік сипаттағы өсиеттерде, қағидаттарда жазылған: "өлітirme", "өтірік айтпа", "ұрлама".

Экологиялық тәрбие – бұл табиғаттың және жер бетіндегі барлық тіршіліктің тұрақты құндылығын түсінуге негізделген тәрбие.

Құқықтық тәрбие адамның өз құқықтары мен міндеттерін, сондай – ақ оларды сақтамағаны үшін жауапкершілікті білуді қамтиды.

Еркін тәрбие тәрбиені қоршаған әлемді игеру процесінде табиғи түрде дамып келе жатқан және ондағы өзін – өзі анықтайтын баланың табиғатына көмек ретінде қарастырады. Отбасылық тәрбие – адамның әлеуметтенуінің құрамдас бөлігі. Отбасында әлеуметтену өздігінен жүреді. Оның нәтижелері объективті сипаттамалармен (білім деңгейі, әлеуметтік мәртебесі, материалдық жағдайлары); субъективті сипаттамалары: құндылық параметрлері (просоциалдық, қоғамға қарсы, қоғамға қарсы); өмір салты; отбасы мүшелерінің қарым – қатынасы; жеке ресурстар (отбасы құрамы, денсаулық жағдайы, жеке мүдделер) және т. б. Діни тәрбие – белгілі бір конфессияның (діннің) догмалары мен қағидаттарына сәйкес келетін дүниетанымды, дүниетанымды, қарым – қатынас пен мінез – құлық нормаларын ұсыну арқылы сенушілерді мақсатты және жүйелі түрде тәрбиелеу. Діни білімнің негізі – әлемді сакрализациялау құбылысы, яғни табиғи құбылыстарға, күнделікті күнделікті рәсімдерге және жеке тұлғаларға салт – дәстүр арқылы қасиетті мазмұн беру.

Әлеуметтік тәрбие – салыстырмалы түрде бақыланатын әлеуметтенудің ажырамас бөлігі. Әлеуметтік тәрбие – бұл арнайы құрылған білім беру ұйымдарында адамның өсуі. Негізгі әдіс – нақты адамдар, ұжымдар, білім беру ұйымдары мен басқару органдарының өзара әрекеттесуі арқылы жүйелі жағдай жасау. Әлеуметтік тәрбиенің мақсаттары:

1. салыстырмалы мақсатты оң даму;
2. рухани – құндылық бағдары;
3. қоғамда бейімделу мен оқшауланудың стратегиясы мен тактикасын таңдау.

Соңғы жылдар аясында тәрбие міндеттерін мемлекет тұжырымдайды. Мемлекет білім беру жүйесінің алдына қойылуы қажет міндеттерді іздейді. Алайда, тәрбиенің әлеуметтік проблемасын қоғамның барлық аспектілері мен жеке ресурстарының, атап айтқанда мемлекеттік құрылымдардың, білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің, ата – аналардың, оқушылардың және т.б. қатысуымен ғана шешуге болады.

Д.Б. Эльконин "балалардың субмәдениетінде алдын – ала ескерту, даму траекториясын күту мүмкіндігі бар"деп атап өтті. Бүгінгі таңда интернетті, теледидарды және басқа да ақпараттық және мультимедиялық құралдарды қолдануға байланысты бала әлемді виртуалды қабылдауды дамытады, бұл мектеп жасындағы баланың психикалық дамуына әсер етеді: балалардың дүниетанымын, балалар мәдениетін, психикасын дамыту негіздері бұзылады. Жоғарыда аталған құралдардан балаға әсер етудің ұйымдасқан және стихиялық ортасының факторларын зерттеу және талдау, ең алдымен, оқушының әлеуметтік тәрбиесінің мазмұнымен сипатталады.

Балаларды әлеуметтік тәрбиелеу – бұл күрделі және күрделі процесс, оның ішінде ақыл – ой тәрбиесі де, адамгершілік, сенсорлық, эстетикалық тәрбие де бар. Бір кездері жаңа білім беру стандарттары ойын әрекеттерін қолдана отырып, оқу бағдарламаларына бағытталған, онда мектеп жасына дейінгі баланың балалар іс – әрекетінің жетекші түрі ойын болды. Тәрбиенің әлеуметтік проблемаларының маңызды факторларының бірі – баланың мінез – құлық пен мәдениеттің нормалары мен ережелерін меңгеретін ерекше атмосфера қалыптасатын отбасының қызметі. "Әкелер мен балалар" дәстүрлі қақтығысы бүгінде де сақталып отыр. С.Л. Рубинштейн балаларға ересек адамның сүйіспеншілігін олардың психикалық дамуының "қоректік ортасы" ретінде қажет деп атап өтті.

Педагогикалық ғылымда ұйымдастырылмаған тәрбие, яғни баланың күнделікті өмірінің оның қалыптасуына әсері бар екендігі мойындалған. Қабылданды деп ойлаймын, ұрпақ тәрбиесіне қатысатын барлық кім оны қоршап, және кім ол қарым – қатынас, ол көреді және естиді. Бұған қоса, тәжірибелі адамдар жүзеге асыратын ұйымдасқан тәрбие пайда болды. Дж. Ж. Руссо балаға тәрбиенің үш факторы әсер етеді деп санайды: Табиғат, Адамдар және қоғам, сондықтан тәрбиешінің міндеті – осы факторлардың әсерін үйлестіру. Көптеген фактілер педагогикада ежелден бері ұйымдастырылмаған білімнің бар екендігі мойындалғанын көрсетеді. Бұл туралы тарихшы Н.А. Константинов былай деп жазады: "Гельветиус адам өзінің айналасындағы барлық заттардың, жағдай оған қойылған ережелердің, тіпті онымен болған барлық апаттардың шәкірті деп санайды. Мұндай түсіндіру табиғи факторларды қайта бағалауға және адамның қалыптасуындағы ұйымдастырылған тәрбиені дұрыс бағаламауға әкеледі".

К.Д. Ушинский:"біз тәрбие, сөздің тығыз мағынасында, әдейі тәрбиелік іс – әрекет ретінде – мектеп, тәрбиеші және тәлімгер, адамның жалғыз тәрбиешілері емес екенін және оның күшті, мүмкін әлдеқайда күшті тәрбиешілері тәрбиешілер екенін білеміз.байқаусызда: табиғат, отбасы, халық, оның діні және тілі, бір сөзбен айтқанда, табиғат пен тарих осы кең ұғымдардың кең мағынасында". Жоғарыда айтылғандардан педагогикада әдейі және байқаусызда тәрбиелеудің, яғни ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған тәрбиенің бар екендігі мойындалған. Жоғарыда айтылғандардан ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған түрде жүзеге асырылатын жалпы білім беру процесі бар екендігі туындайды. Жалпы атау – бұл кең мағынада тәрбие, ал олардың әрқайсысының атауы тар мағынада. Барлығы анық және түсінікті. Алайда, қандай да бір себептермен бұл "мағыналар"туралы әртүрлі түсінік пайда болды. Мысалы, оқу құралында ред.

Ю.К. Бабанский қазірдің өзінде төрт мағына туралы айтады: "кең әлеуметтік мағынада, бүкіл әлеуметтік жүйенің және адамның айналасындағы шындықтың адамға тәрбиелік әсері туралы, кең педагогикалық мағынада, біз оқу – тәрбие жүйесінде (немесе кез – келген жеке оқу – тәрбие мекемесінде) жүзеге асырылатын мақсатты білім беруді білдіретін кезде. бүкіл оқу процесін қамтитын, тар педагогикалық мағынада, білім беру деп арнайы тәрбие жұмысы түсініледі., оқушылардың белгілі бір қасиеттері, көзқарастары мен сенімдері жүйесін одан да тар мағынада қалыптастыруға

бағытталған, мысалы, моральдық қасиеттерді (адамгершілік тәрбие), эстетикалық идеялар мен талғамдарды (эстетикалық тәрбие) қалыптастырумен байланысты белгілі бір тәрбие мәселесін шешуді білдіреді. Кең педагогикалық тұрғыдан алғанда, білім беру – бұл оқу орындарында жүзеге асырылатын және бүкіл оқу процесін қамтитын белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру үшін тәрбиешілер ұжымының тәрбиеленушіге арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын әсері. Тар педагогикалық мағынада білім беру – бұл нақты мәселелерді шешуге бағытталған тәрбие жұмысының процесі және нәтижесі.

Тәрбиенің рөлі әр түрлі бағаланады – оның толық мағынасыздығын растаудан (қолайсыз тұқым қуалаушылық және қоршаған ортаның нашар әсерімен) оны адам табиғатын өзгертудің жалғыз құралы ретінде тануға дейін. Тәрбиемен көп нәрсеге қол жеткізуге болады, бірақ толығымен өзгертуге адам болмайды. Тәрбиенің маңызды міндеті – адамның жеке ерекшеліктеріне, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес бейімділіктер мен таланттарды анықтау, дамыту. Білім жүйесін саналы түрде игеру логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді, қиялды, ақыл – ой қабілеттерін, бейімділіктер мен таланттарды дамытуға ықпал етеді.

Ақыл – ой тәрбиесінің міндеттері:

1. ғылыми білімнің белгілі бір көлемін игеру;
2. ғылыми дүниетанымды қалыптастыру;
3. ақыл – ой күштерін, қабілеттерін және дарындарын дамыту;
4. танымдық қызығушылықтарды дамыту және танымдық белсенділікті қалыптастыру;
5. өз білімін үнемі толықтыру, дайындық деңгейін арттыру қажеттілігін дамыту.

Дене тәрбиесі барлық дерлік білім беру жүйелерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Дене тәрбиесі жастардың сәтті ақыл – ой және еңбек қызметі үшін қажетті қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Еңбек тәрбиесі еңбек іс – әрекеттері қалыптасатын, өндірістік қатынастар қалыптасатын, құралдар мен оларды қолдану әдістері зерттелетін оқу процесінің аспектілерін қамтиды. Тәрбие үдерісіндегі жұмыс жеке тұлғаны дамытудың жетекші факторы ретінде әрекет етеді. Политехникалық білім барлық өндірістердің негізгі принциптерімен танысуға, қазіргі өндірістік процестер мен қатынастар туралы білімді игеруге бағытталған. Политехникалық білім берудің негізгі міндеттері – өндірістік қызметке қызығушылықты қалыптастыру, техникалық қабілеттерін, жаңа экономикалық ойлауын, тапқырлығын, кәсіпкерлікті бастауын дамыту. Дұрыс құрылған политехникалық білім еңбекқорлықты, тәртіпті, жауапкершілікті дамытады, мамандықты саналы түрде таңдауға дайындайды. Адамгершілік тәрбие – қоғамның нормаларына сәйкес келетін адамгершілік ұғымдарды, пайымдауларды, сезімдер мен нанымдарды, мінез – құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі қоғамның тарихи даму процесінде адамдар жасаған жалпыадамзаттық құндылықтарға, моральдық нормаларға, сондай – ақ қоғам дамуының қазіргі кезеңінде пайда болған жаңа принциптер мен нормаларға негізделген.

Әдебиет:

1. Беляков Е.Г., Фомичева И. Г. Психология және педагогика оқу құралы Тюмень баспасы. "Ақиқат", 2006.
2. Константинов Е.Н. Педагогика тарихы. – М., 1982.
3. Подласый И.П. Педагогика. – М., 1998.
4. Сластенин В.А. Педагогика. – М., 2008.
5. Немов Р.С. Психология. – М., 1997.
6. Кулагина И.Ю. жас психологиясы. – М.: "УРАО", 1998.
7. Обухова Л.Ф. Балалар психологиясы: "теория, фактілер, мәселелер". – М.: Тривола, 1995.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калиева Г.Р., Сеңкібаев С.Т.

(Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті)

Жаңартылған білімберу мазмұны мектептерімізге ене бастағаннан – ақ, «дарынды» және «талантты» оқушылармен жұмыс жүргізу бағыты жанданып, жаңа тыныс алғандай. Әсіресе, дарындылықты ерте кезеңде анықтап, диагностика жүргізудің, дарындылықты дамытудың және дарынды балаларға сараланған тапсырмалар жиынтығын іріктеудің маңыздылығы баса айтылуда.

Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда «Дарындылық – белгілі бір іс – әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі» деген анықтама беріледі. Қазіргі кезде психология және педагогика ғылымында дарындылық феноменін ашып, оған тиісінше талдаулар жасалынғаны белгілі.

Мысалы, ғалым Ж. Сейсенбаева: «Дарындылық – баланың алғырлығы, зерделігі, қабілетімен дамып отыратын үздіксіз процесс» деп анықтама берсе [1, 76], психолог – ғалым Қ. Жарықбаев: «Дарындылық – балаға білім беруде туа біткен алғырлық қасиеттің тәрбие жүйесіндегі әдіс – тәсілдермен бірлесе келіп, жеке тұлғаны қалыптастыруда ықпал етуінің нәтижелік көрінісі» деп түсіндірген [2, 384б], ал С. Бап – Баба «Дарындылық – бұл белгілі іс – әрекет саласындағы табысты қамтамасыз етуші қабілеттер тобы» деп қарастырған [3, 92б].

Бұл «дарындылық» ұғымына берілген анықтамалардың бірнешеуі ғана. Дарындылықтың мәнін түсіну үшін «интеллект», «қабілет» сынды ұғымдардың мағынасын ашып, ара – қатынасын анықтау маңызды. Интеллект (лат. *Intellectus* – «түйсіну», «қабылдау», «тану», «ұғыну», «сана – сезім» деген ұғымдардың жиынтығын білдіреді) – жеке тұлғаның ақыл – ойы, болмысты тануы; жаңа жағдайларға бейімделу, тәжірибесі негізінде оқу мен есте сақтау, абстрактілі ұғымдарды түсіну мен қолдану, айналадағы ортаны басқару үшін білімдерін пайдалану қабілеттерінен тұратын психиканың қасиеті.

Интеллект барлық психикалық үдерістерді тұтастырып қарайды. Бала кездегі назардың сапасы, тұрақтылығы, шоғырлану қабілеттігі, есте сақтау интеллект дамуына әсер етеді. Білім көлемі интеллекттің ең маңызды құраушысы болып табылады. Білім неғұрлым жоғары болса, интеллект деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бар білімді жағдайға қарай қисынды түрде пайдаланудың (ойлау операциялары) маңызы зор.

Қабілетке, мысалы Ә.Ж. Алдамұратов былай деп анықтама береді: «Іс – әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті қабілет деп аталады» [4, 118б]. Қ.Б. Жарықбаев болса, «Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі, т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атайды» деп жеке қасиеттерге тоқталса [2, 345б], орыс психологы Л.Д. Столяренко «Іс – әрекеттің белгілі бір түрін нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті қабілет деп аталады» деп бір іс – әрекет түрін қарастырса [5, 133б], А.Г. Маклаков «Адамның әр алуан іс – әрекет түрлеріндегі табыстылығын анықтайтын жеке тұрақты қасиеті қабілет деп аталады» [6, 535б] деп бірнеше іс – әрекеттегі қасиетті көрсетеді. Психология ғылымында қабілеттің келесі даму деңгейлері көрсетіледі:

Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық дейді. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «Дарындылық – белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі». Адамның дарындылығы оның жоғары жүйке қызметінің тума типіне (мида уақытша байланыстардың тез жасалып, берік орнығуы, жүйке үдерістерінің қозғалғыштығы динамикалық стереотиптердің шапшаң жасалып, оңай өзгеруі т.б.) байланысты болып келеді.

Талант – бір әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысып келуі. Адамның таланты музыкада, әдебиетте, ғылымда, техникада, т.б. әрекеттерде көрінеді. Таланттың дамуы еңбек ете білумен, еңбек сүйгіштікпен тығыз байланысты.

М. Горький «талантты өсіретін нәрсе – істі сүю» деп бекер айтпаған. Данышпандық – қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылықпен сипатталатын дарындылықтың жоғары деңгейі. Сонымен, дарындылық – қабілеттің жоғары даму деңгейі. Мектеп мұғалімдерінің (сабақ уақытында) және жеке бір сынып тәрбиешісінің, яғни сынып жетекшісінің (сабақтан тыс уақытта) дарынды оқушылармен жұмысының мақсаты: дарындылықты анықтау және дамыту үшін қолайлы психологиялық ахуал құру, дарынды балаларды психологиялық – педагогикалық тұрғыдан қостау.

Дарынды оқушылармен жұмыс істеуде біз өз тарапымыздан төмендегідей жұмыстар жүргіземіз:

- дарынды оқушыларды сәтті диагностикалау және дамыту үшін жағдай жасалынады;

- дарынды оқушылардың жеке әлеуетін ашуға жәрдемдесіледі;

- дарынды оқушыларды тәрбиелеу және әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту бойынша ата – аналармен ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, дарынды балалармен жұмыс істеуде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынады:

- тұлғалық даму үшін берілетін мүмкіндіктерді барынша алуан түрлі ету;

- сабақтан тыс әрекет рөлін арттыру;

- мұғалімнің минималды қатысуымен оқушылардың бірлескен жұмысына жағдай жасау;

- оқушылардың қосымша білім беру қызметтерін таңдау еркіндігі;

- көмек көрсету, тәлімгерлік;

- тәрбиелеуді даралау (дарынды оқушылармен тәрбие жұмысының жеке жоспарына сай жұмыс жасау).

Психолог мамандар дарынды балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімге қажет келесі қасиеттерді ажыратады:

- сезімталдық (баланың ішкі дүниесіндегі өзгерістерге және қажеттіліктеріне деген сезгіштік);

- педагогикалық үдерісті жекелендіру қабілеті;

- интеллектінің орташадан жоғары даму деңгейі;

- табандылық және адалдық;

- шығармашылық бастама;

- кәсіби және эмоционалдық жетілу;

- эмоционалды тұрақтылық;

- қызығушылықтары мен іскерліктерінің кең ауқымдылығы;

- әзіл – оспақты түсіне білуі.[7, 41 – 42б].

Әдетте мектеп қабырғасында үздік оқитын оқушыларды көбінесе «дарынды оқушы» деп ойлайды. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық

туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды.

Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған.

П. Торранс экспериментінің мәні: оқушылардың бойында кездесетін келесі тұлғалық және іскерлік қасиеттердің қайсысын бағалайсыз? Дарынды балаларға тән қасиеттер қандай?

1. Тәртіпті
2. Оқуда тұрақсыз
3. Ұйымдасқан
4. Жалпы қарқыннан шығушы
5. Эрудит
6. Мінез – құлқы өзгеше, түсініксіз
7. Ортақ істі қолдауға қабілетті адам (ұйымшыл)
8. Қисынсыз сұрақ қойып, ескерту жасап, сабақта көзге түсуші
9. Әрдайым сабақты жақсы оқушы
10. Өз жұмысымен ғана айналысатын (индивидуалист)
11. Ақпаратты шапшаң қабылдағыш
12. Тіл табыса алмайтын, қақтығысты
13. Көпшіл
14. Кейде ұғымтал емес, анық дүниені түсінбейтін
15. Өз ойларын түсінікті білдіретін
16. Көпшілікке немесе ресми басшылыққа бағынбайтын

Дарынды оқушыларда туындайтын алғашқы мәселе – мұғалімдермен қарым – қатынас жасау. Дарынды бала сабақта қиындық тудыруы мүмкін. Мұндай оқушы өз істерімен айналыса бастайды, терең ойға шомып отырады, мұғалімге күрделі немесе сабақ мазмұнынан тысқары сұрақтар қояды, оқу үдерісіне кедергі жасайды, бірінші болып қолын созып, қысқа уақыт ішінде естіген сұрақтарға жауап береді, т.б. Дарынды бала «мәдениетті бұзақы» рөлін иеленеді.

Дарынды оқушыларда туындайтын екінші мәселе – сыныптастарымен қарым – қатынас жасаудағы мәселе. Біреудің көзқарастарын қабылдауға деген қабілетсіздік, серіктесінің ой – пікірін толықтырып, өзі аяқтауы, сөйлеушінің сөзін бөлуі, қателіктерін түзетуі, ымыраға келмеу, бұйрық беруге деген ұмтылыс – дарынды баланы қатарластарынан бөлектеуге жағдай жасайды.

Сыныптастары оны өздерінің ортасынан бөлектеніп, білгішсініп ақылды болғысы келеді деп есептейді. Егер біреу дарынды баланы ренжітсе, ол байқағыштығы мен ойының ұшқырлығының арқасында ренжіткен сыныптасының келеңсіз қылықтарын күлкі ету арқылы өзін қорғайды.

Дарынды оқушыларда туындайтын үшінші мәселе – ата – аналарымен қарым – қатынас жасаудағы мәселе. Қазіргі ата – ананың да дарынды баласына көзқарасы ерекше. Олар баласының мінез – құлқын, ақыл – ойын, ішкі әлемін, қызығушылықтарын түсінбейді [8, 276].

Бұл мәселелерді шешу үшін балаға сынып жетекшісінің көмегі қажет. Сынып жетекшісі дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру барысында өз жұмысын анық жоспарлауы тиіс: тәрбие үдерісін құру кезінде мотивацияның 2 түрін ескеру қажет: әлеуметтік: құрбыларының арасында дарынды оқушының беделін арттыру (жақсы жұмыс жасағаны үшін мақтау, жақсы жұмысы мен оған деген оң қатынасы үшін

күнделігіне мақтау жазу); мазмұндық: дарынды оқушының білімдері мен іскерліктерін ерекше және шығармашылық жағдайларда пайдалану (шығармашылық іс – шараларды даярлауда, оны өткізу барысында). Мектепте педагог – психолог ретінде дарынды балалармен жоспарлы және жүйелі жұмыс істеу керек, себебі олардың жұмыс көрсеткіштеріне педагогтар мен ата – аналар сүйеніп, оқушылардың дарындылығын анықтап, әрі қарай дамытады. Бұл жұмыс бес негізгі бағыт бойынша жүргіземін:

1. Психологиялық ағартушылық жұмыс. Психолог педагогикалық ұжымға, ата – аналарға және оқушылардың психологиялық мәліметтер беру арқылы білімін толықтырып, бұл сұрақта сауатын көтереді. Ол әртүрлі формада болады: дәріс, әңгімелесу, семинар, әдебиеттер таңдау, қабырғалық мәліметтер, т.б. Бұл бағыттың негізгі мәні психология ғылымындағы заманауи жағдайлармен уақытылы таныстырып, психикалық дамудың маңызды заңдылықтары мен тиімді жақтарын қарастыру. Оқушылардың жас және жеке ерекшелігін ескере отырып, педагогикалық процесті тиімді құруға болады, бұл дегеніміз дарынды балаға деген психологиялық көмек болып саналады. Осы саладағы ата – аналармен жұмыс істеу ерекше түрде ұйымдастырылуы керек. Дарынды балалардың ата – аналары психологиялық және педагогикалық қолдауды қажет етеді, олар әртүрлі формалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, бұл жұмыстың мақсаты – балалар дарындылығына байланысты ата – аналардың білімдерін жетілдіру. Себебі, ата – аналар балаға басқа адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасау әдістерін үйретуге, әріптестік және ұжымшылдық рухын сезінуге көмектесуі керек, өйткені ол ересек адаммен қарым – қатынас арқылы қандай мінез – құлық қаншалықты қажет екенін және қауіпсіз/қауіпті болатындығын біледі.

2. Психологиялық диагностикалық жұмыс. Дарынды балалармен жұмыстың басында орын алатын психологиялық жұмыстың бұл бағыты оқушының ынтасын, қызығушылығын, қабілетін тануға мүмкіндік береді, кейін баланың жеке дара қасиеттерін зерттеп, психологиялық портретін жасау арқылы психологиялық қысымды алып тастап, қиын сәтте шәкірттің жүйке жүйесі мен денсаулығына аз шығын келтіретіндей дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Әрине дарындылықты қолдау мақсатында диагностика ата – аналармен және педагогтармен де жүргізіледі. Сонымен қатар дарынды оқушылардың портфолиосында олардың жетістіктері туралы материалдар жинақталып, нәтижесінде әр баланың динамикадағы дамуын көруге мүмкіндік береді.

3. Психологиялық кеңес берушілік жұмыс. Педагогикалық үдеріс барысында мұғалімдерге, ата – аналарға және оқушыларға жеке сұраным бойынша, сонымен қатар диагностика нәтижесіне сүйене отырып, жеке немесе топтық кеңестер беріледі. Баланың отбасындағы, педагогтармен және құрбы – құрдастарымен қарым – қатынасы тақырыбы жиі сұранысқа ие болып жатады.

4. Психологиялық алдын алу жұмысы. Ата – аналар, педагогтар және оқушыларда жалпы психологиялық мәдениеттің қалыптасуына бағытталған бұл жұмыс оқыту мен тәрбиелеудегі психологиялық білімді тиімді қолдануды меңзейді. Нәтижеінде баланың әр жас кезеңінді толыққанды дамуына жағдай жасалып, тұлға мен интеллекттің қалыптасуындағы бұзылыстардың алдын алуы уақытылы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бұл бағытта балалардағы стресстік жағдайлардың алдын алу да қарастырылған, себебі уақыттың тапшылығы, оқу іс – әрекеті жүктемесінің көптігі, қабылдау және есте сақтау керек ақпараттар легінің ауқымдылығы, стресс тудырмай қоймайды. Бұған бала үшін жағымды эмоция деңгейінен асып түсетін эмоционалды жүктемені де қосуға болады.

5. Психологиялық түзетушілік және дамытушылық жұмыс. Дарынды балалардың психофизиологиялық денсаулығын сақтау мақсатында интеллектуалды және басқа еңбектердің алмастыру, салауатты өмір салтын үгіттеу, ата – аналардың «Мен –

концепциясын» балаларында позитивті игерту, сонымен қатар әртүлі ойын – жаттығулар арқылы ақыл – ой еңбегін белсендендіретін, дамытатын және өзара ұштастыратын тренингтер өткізу жүзеге асырылады. Дарынды балалармен жұмыс істеу кезінде ұжымда қолайлы ахуал жасау және қақтығысты жағдайларды шешуге де қатысамын.

6. Мектептегі тәрбие ісі бойынша оқу ісінің меңгерушісі, тәрбиешілер, әлеуметтік ұстаз бен өзін – өзі басқару мүшелерімен тығыз жұмыс жасап, интернатта теріс салдарға алып келетін мәселелерді де көтеріп отырамыз (жаңа ортаға бейімделе алмау, оқушыларды қорлау, дарынды оқушының өзін – өзі жетілдіруден бас тартуы, т.б.).

Психологтың жұмысы баланың ішкі әлеміне деген зейінді күшейтеді, нәтижесінде, дарынды бала өзін «әлемге берер және әлем қуанышпен қарсы алар нәрсесі бар толыққанды адаммын» деп сезінуі тиіс. Дарынды баламен жұмыс істейтін әр педагог жас дарындарды тануға, қолдауға және шабыттандыруға қабілетті адам болуы шарт. Үздіксіз білім алу мен өзін дамыту арқасында мұғалім өз артынан жалындап тұрған жастарды жетектеп, білім нәрімен сусындатып, бойындағы қабілеттерін ашып, өмірде өз орын табуға көмектеседі. Дарындылықты уақытында тану және қолдау социумды дамытуда өте маңызды, себебі дарын иесі кез келген кәсіпте шығармашыл болып, өзін көрсету мен ашуға бейім тұрады. «Зерттеушілік оқыту» саласындағы белгілі маман Д. Треффингердің көпшілік зерттеулеріне сүйенсек, педагогтарға дарынды оқушылармен жұмыста төмендегі ережелерді сақтау маңызды екен:

– Балаларға өсиет айтпай, істейтін ісіне тікелей нұсқау бермей, тәуелсіз әрекет етуге көмектесіңіз.

– Тез қорытынды шығармаңыз. Оқушылар қандайда бір негізгі білімдер мен дағдылардың иесі дегенге сенбеңіз, зерек байқау мен бағалаудың негізінде олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтаңыз.

– Балалардың бастамашылдығын тоқтатпаңыз және олар дербес істей алатынды (немесе үйрене алатынды) өзіңіз істеменіз.

– Оқушыларды пәнаралық байланыстарды байқауға үйретіңіз.

– Балаларда мәселені дербес шешу, жағдайды зерттеу және талдау дағдыларын тәрбиелеңіз. Мектепте және үйде туындаған балалардың қиын жағдайларын қолданып, қандай дағдылардың міндеттерді шешуде көмектескенінен қорытынды шығарыңыз.

– Оқушыларға білімді игеру үрдісін басқаруды үйретіңіз [9, 456].

Қорыта келе, дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтарға негізгі талап оқушының тұлғасын сөзсіз түсіну және сыйлау екен. Мұғалімдердің басты міндеті – балаларға салмақты шығармашылық жұмысқа талғамын тәрбиелеу. Дарынды балалардың өте жараланғыш екенін естен шығармағаны жөн, сондықтан көбінесе интеллектуалды және әдістемелік «жүкпен» қатар мұғалімнен тұлғалық жан қасиеттері талап етіледі. Тәрбиелеу және оқыту үдерісінде мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық жұмыс істегені өте маңызды.

Әдебиет:

1. Сейсенбаева Ж.А., Орманбекова Л.Ж. Дарынды балалармен жұмыс. Оқу – әдістемелік құралы. Алматы, 2011 // http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/darindi_balalar.dos – 7 б.
2. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. – Алматы: «Эверо», 2002. – 415 б.
3. Бап – Баба С. Психология негіздері: Оқу – анықтамалық қолданба. Алматы: Нұр – пресс, 2007. – 106б.
4. Алдамұратов Ә.Ж. Жалпы психология. – Алматы: «Білім», 2007. – 224 б.
5. Столяренко Л.Д. Основы психологии. – Ростов – на – Дону: «Феникс», 2000. – 398с.
6. Маклаков А.Г. Общая психология. – СПб.: Питер, 2008. – 592 с.
7. Ильин Е. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб: «Питер», 2012. – 47 с.

8. Холодная М.А. Принципы и методы выявления одаренных детей // Одаренность: рабочая концепция / Отв.ред. Д.Б. Богоявленская, В.Д. Шадриков. – Москва – Самара: Изд – во РПО, 2000. – С. 22 – 28.
9. Кажарская С. Как развить одарённость и креативные способности. // Минская школа. – 2004, № 2 . – С. 44 – 45.

ӘОЖ 37.03

ҚАЗАҚША КҮРЕСПЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

Кангужина К.М., Исеков Б.М., Исатаев Е.Б.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазіргі кезде қазақ халқының ұлттық спорт түрлері мен қимыл – қозғалыс ойындары еліміздегі барлық балабақша, мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына бүкіл әлемдік спорт түрлерімен қатар енгізіліп, кеңінен пайдаланылып келеді. Солардың бірі – күрес өнері. Қазақ күресі өнердің бір түрі және ежелгі заманнан бері дене тәрбиесін жетілдіру құралы ретінде халық арасында кеңінен қолданылуда. Ол жастарды қуатты, күшті, төзімді, қайратты етіп дайындаудың негізі жолдарының бірі болып табылады [1, б. 12; 2, б. 47; 3, б. 207].

Осы спорт түрімен айналысатын палуандардың табиғи күшін әрі қарай дамыту үшін әрдайым күш дайындығын жетілдіріп отыру қажет. Осыған орай бұл ғылыми – зерттеу жұмысында қазақша күреспен айналысатын жас спортшылардың физикалық дайындығын жетілдірудің жолдары қарастылып, арнайы жаттығулар жүйесі мен әдістері белгіленді. Ғылыми – зерттеу жұмыстары Петропавл қаласындағы ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде қазақ күресімен айналысатын 14 – 15 жастағы он спортшы балалардың қатысуымен жүргізілді. Жас спортшылар екі топқа бөлінді: 5 бала бақылау тобын құрса, қалған 5 бала эксперимент тобына қатысты. Зерттеу жұмыстары 2020 жылдың қазан айынан 2021 жылдың сәуір айлары аралықтарында жүргізілді. Бақылау тобындағы балалардың жаттығу үрдісі белгіленген жоспарға сәйкес дәстүрлі әдістермен жүргізілді. Эксперимент тобындағы балалардың физикалық дайындығын жетілдіру мақсатымен, олардың дайындық үрдісіне келесі қосымша жаттығулар енгізілді:

1. Арқанға өрмелеу;
2. Екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу;
3. 30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою.

Сонымен қатар күреспен айналысушылардың физикалық қасиеттерін жетілдіру үшін келесі ойындар жүргізілді:

1. «Жұп болып тартысу» – ойыны кезінде шектелген аралықта жүгіріп қашу әртүрлі маневр жасалып, қарсыласын тезірек ұстап алып, жеңіске жетуге ұмтылдырады;

2. «Шеңбер ішінде итерісу» – бұл ойын кілем аумағын сезінуді және басқа ойындармен бірге спортшының арнайы күш дайындығын тәрбиелейді;

3. «Әдіске дейін күресу» – бұл ойындар батылдық, табандылық, күрделі жағдайда тез шешім қабылдау сияқты қасиеттерді тәрбиелеп, күрес кезінде туған келеңсіз жағдайдан шығуды ойластыру қаблетін жетілдіреді.

Эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдерінде бақылау және эксперимент топтарына қатысқан күресшілердің физикалық дайындығының деңгейін тексеру және бағалау мақсатымен келесі сынамалар қолданылды:

1. Арқанға өрмелеу (сек);
2. Екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу (20 рет/сек);
3. 30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою – 15 рет/сек.;
4. 8 кг гирді оң қолда 15 рет және сол қолда 15 рет көтеру (сек).

Бақылау және эксперимент топтарындағы қазақ күресімен айналысушылардың сынамаларының орта нәтижелері 1 – ші кестеде берілген.


Кесте 1. Күресшілердің сынамаларының нәтижелері

№ р/с	Арқанға өрмелеу (сек);		Екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу (20 рет/сек)		30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою (15 рет/сек)		8 кг гирді оң қолда 15 рет және сол қолда 15 рет көтеру (сек).	
	А	Б	А	Б	А	Б	А	Б
I. М±m	25,2±1,4	22±0,8	24,4±0,9	21,6±0,9	46±2	42±2	55,4±1,5	50±2
II. М±m	26±1,8	22±1,4	24,6±1,1	21,4±0,9	48±3	43,4±2	52±2,4	46±3

Түсініктеме: I. Бақылау тобы; II. Эксперимент тобы. А – эксперименттің басы; Б – эксперименттің соңы; М ± m – орта мөлшері.

Бұл кестеден бақылау және эксперимент топтарындағы спортшылардың сынамаларының нәтижелері эксперименттің соңғы кезеңінде бастапқы кезеңмен салыстырғанда біршама артқандығын байқауға болады. Дегенмен, эксперимент тобындағылардың көрсеткіштерінің деңгейі бақылау тобындағылардың көрсеткіштерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болғандығы айқын көрінеді. Бұл айырмашылықтың динамикасы төмендегі диаграммаларда бейнеленген.


Бақылау және эксперимент тобындағы күресші балалардың «арқанға өрмелеу (сек)» сынамасының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасын 1 суреттен көруге болады.



Сурет 1. «Арқанға өрмелеу (сек)» сынамасының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы: А – эксперименттің басы; Б – эксперименттің соңы


Бұл суреттен эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобына қатысқан спортшылар арқанға өрмелеуге $25,2 \pm 1,4$ сек. уақыт жұмса, эксперимент тобындағылар – $26 \pm 1,8$ секунд уақыт жұмсады. Сонымен эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобындағы спортшылардың нәтижесі эксперимент тобымен салыстырғанда біршама жоғары болып шықты. Эксперименттің соңында бұл сынамада бақылау және эксперимент тобының қатысушылары бірдей нәтиже көрсетті (22 сек.). Дегенмен, бақылау тобының спортшылары эксперименттің соңында нәтижесін алғашқы деңгеймен салыстырғанда 3,2 секундқа жақсартса, эксперимент тобындағылардың нәтижесі 4 секундқа жақсарды.

Бақылау және эксперимент тобындағы күресші балалардың «екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу (20 рет/сек)» сынамасының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы 2 суретте бейнеленген.



Сурет 2. «Екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу (20 рет/сек)» сынамасының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы: А – эксперименттің басы; Б – эксперименттің соңы

Жоғарыдағы суреттен эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобына қатысқан спортшылар екі қанатты арыста қолды бүгіп – жазу қимылдарына $24,4 \pm 0,9$ секунд уақыт жұмса, эксперимент тобындағылар – $24,6 \pm 1,1$ секунд ішінде орындады.




Сурет 3. «30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою (15 рет/сек.)» сынамасының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы.

А – эксперименттің басы, Б – эксперименттің соңы

Сонымен, эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобындағы спортшылардың нәтижесі эксперимент тобымен салыстырғанда 0,2 секундқа жылдам болып шықты. Эксперименттің соңында да бұл сынамада бақылау және эксперимент тобының қатысушылары 0,2 секунд айырмашылық көрсетті: бақылау тобының спортшылары эксперименттің соңында нәтижесін 2,8 секундқа жақсартса, ал эксперимент тобындағылардың нәтижесі 3,2 секундқа жақсарды. Бақылау және эксперимент тобындағы күресші балалардың «30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою (15 рет/сек.)» сынамаcының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы 3 суретте көрсетілген.

3 суреттен эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобына қатысқан спортшылар 30 кг зілтемірді екі қол және белдің көмегімен жерден көтеріп орнына қою жаттығуын 46 ± 2 секундта орындап шықса, эксперимент тобындағылар бұл тапсырманы орындау үшін 48 ± 3 секунд уақыт жұмсады. Сонымен, эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобындағы спортшылардың нәтижесі эксперимент тобымен салыстырғанда 2 секундқа жылдам болып шықты.



Сурет 4. «8 кг гiрді оң қолда 15 рет және сол қолда 15 рет көтеру (сек)» сынамаcының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы:

А – эксперименттің басы, Б – эксперименттің соңы

Эксперименттің соңында бұл сынамада бақылау тобының спортшылары нәтижесін 4 секундқа, ал эксперимент тобындағылар – 4,6 секундқа жақсартты. Бақылау және эксперимент тобындағы күресші балалардың «8 кг гiрді оң қолда 15 рет және сол қолда 15 рет көтеру (сек.)» сынамаcының эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдеріндегі динамикасы 4 – ші суретте бейнеленген.

Жоғарыдағы суреттен эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобына қатысқан спортшылар 8 кг гiрді оң қолда 15 рет және сол қолда 15 рет көтеру жаттығуын $55,4 \pm 1,5$ секунд ішінде орындағандығын, ал эксперимент тобындағылар бұл тапсырмаға 52 ± 3 секунд уақыт жұмсағандығын көруге болады. Сонымен, эксперименттің бастапқы кезеңінде бақылау тобындағы спортшылардың нәтижесі эксперимент тобымен салыстырғанда 3,4 секундқа төмен болып шықты да, эксперименттің соңында бұл айырмашылықтың біршама артқандығын байқауға болады. Бақылау тобының спортшылары эксперименттің соңында нәтижесін 5,4 секундқа жақсартса, эксперимент тобындағылардың нәтижесі 6 секундқа жақсарды.

Ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жас күресшілердің физикалық дайындығын арттыру мақсатымен қосымша жаттығулар кешені құрылды. Таңдалып алынған қосымша жаттығулар эксперимент тобына қатысқан спортшылардың дайындық үрдісіне енгізілді.

Күресшілердің дене дайындығын салыстыру мақсатымен екі топтың арасында эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдерінде жаттығу сайысы өткізілді. Эксперименттің бастапқы кезіндегі сайыста бақылау тобындағы күресшілер басымдық көрсетсе (60%), эксперименттің соңында өткізілген күрес сайысының нәтижесі эксперимент тобының күресшілердің пайдасына шешілді (90%).

Ғылыми – зерттеу жұмысының барысында жүргізілген эксперименттің нәтижесінде қазақша күреспен айналысушылардың дене дайындығын жетілдіру мақсатымен қолданылған арнайы жаттығулардың тиімділігі дәлелденді.

Әдебиет:

- 1 Алимханов Е. «Балуанның дене күш қабілетін арттыру». Алматы: Қазақтың спорт және туризм академиясы 2004 ж. 72 бет.
- 2 Әлімханов Е. Қазақтың балуандық өнері. Оқу құралы. Алматы: Атамұра, 2008 ж. 152 бет.
- 3 Дөнбаев Ә.Б. Қазақ күресі жарысында алысу әдістерін талдау // Дене тәрбиесі және еліміздің бәсекелестік мүмкіндігі: халық. ғылыми практ.конф.матер. (14 – 16 қазан 2010 ж.). – Алматы, 2010 ж. – 207 – 209 б.

УДК 796.82

ҚАЗАҚША КҮРЕСПЕНАЙНАЛЫСАТЫН СПОРТШЫЛЫРДЫҢ ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қапабаев Б.Ш., Зернов Д.Ю.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Спорт тек денені дамыту және спорттық жетілу үшін үлкен мүмкіндік туғызып қоймайды, сонымен бірге спорттың өзіне тарту күші дене және психикалық күштердің көрінуіне жоғары талап және адамның саналылығы мен рухани бейнесін жекелей бағыттарын тәрбиелеу үшін кең көлемдегі мүмкіндіктерін туғызады. Тәрбиелік мақсатқа жетудің соңғы нәтижесі тек спорттың өзіне ғана емес, барлық тәрбие және даму жүйесінің әлеуметтік бағыттылығына да байланысты. Осындай бейнеде, спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері шешілмейді, спорт аясында жинақталған, тәрбиелік бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады. Спорт әлеуметтік – педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттың күрес түрлерімен шұғылдану нәтижесінде еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады. Сол сияқты, қазақ күресінің ел спортын дамытудағы маңыздылығы орасан зор.

Күресті бабаларымыз қастерлеген, ақсүйектер спортына балаған. Кешегі ХІІІ ғасырда Шыңғысханның жарысына енген ережеде күрестен елдің жеңімпаз балуанына сол кездегі ең жоғары, талантты әскери қолбасыға берілетін “Тархан” атағымен бара – бар құқықтар берілген. Оған орасан зор сыйлықтардан бөлек бас балуанның тоғыз ауыр күнәлары кешірілетін “пайза”, яғни рұқсатнама берілген. Мұндай зор атаққа б.д.д. 539 жылы даңқты Кир патшаның Вавилонды алу жеңісіне арналған әлемдік спорт ойындарында сақ патшайымы Тұмар (Томирис) ханымның жұбайы, қасиетті сыр бойын жайлаған елдің ұланы, Рүстем күрестен грек, парсы балуандарының жауырындарын жер иіскетіп, әлемдік бас балуандықты жеңіп алған.

Нақтылы дерек көздерінен алынған бұл мәлімет біздің халқымыздың әлемдік Халықаралық жарыстағы жеңісі болуы мүмкін. Қазіргі заманғы танымал

спортшыларымыз олимпиада ойындарының әлем біріншіліктерінің жеңімпаздары Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, Дәулет Тұрлыханов, Қабден Байдосов, Амангелді Ғабсаттаров, Мәлік Нәдірбековтер өздерінің даңқты жолдарын қазақ күресінен бастаған. Қазақ күресінің үздік әдіс – тәсілдері орыстың “самбо” күресінің негізгі үлгісіне енген. Күреспен шұғылданған жас жеткіншектер дзю – до, еркін күрес, грек – рим күресі сияқты олимпиада ойындарына енген күрес түрлерін тез меңгеруге алғы шарт жасайды. Қазақша күресті әлемнің 60 елі мойындап отыр. Күресу қазақтың қанымен келген, жүрегіне жақын спорттың асылы. Мұнда ұлттық рух, туған топырағына, еліне деген сүйіспеншілік, ел намысы үшін өз ар намысын құрбан ету сияқты патриотизм бар [5].

Қазіргі таңда елімізде қазақ күресін әлемдік бәсекеге лайықты спорт түрі деңгейінде дамыту басты мақсатқа айналып отыр. Күш пен әдіс – тәсілдерді бір сөзбен айтқан да, күш болмаса әдіс – тәсілдің, әдіс – тәсіл болмаса күшті қолданудың бәрі бекер болғаны және жеңіске жетудің жүзеге асырылуы да мүмкін емес. Сондықтанда қазақ күресімен шұғылданбас бұрын маман жаттықтырушы шұғылдануға талап білдірушілердің денсаулық жағдайын медициналық тексеруден өткізуі тиіс. Жақсы балуан дайындап шығару үшін жанкештілікпен тер төгіп, тиянақты жаттығумен үздіксіз жаттығу жасау қажет. Білікті бапкер оқыту – жаттығу жүйесін күнделікті жүйелі түрде жетілдіре отырып, әр шұғылданушыны үлкен жүктемелерді меңгеруге дайындауы тиіс.

Яғни, бұл кілем үстіндегі белдесулер жоғары қарқындылықта өтетін болғандықтан ұзақ уақыттар жүйелі түрде жаттығу қажет. Осы заманғы белдесулерде жаттықтырушылар мен мамандар назарының шапшаңдық, күш және қарқынды төзімділікті дамытуға аударылуы өмір тәжірибелерінен туындаған қажеттілік. Жылдамдық – күш қызметі жұмыстарын орындаумен байланысты балуандардың бұлшық еттері жақсы дамыған болуы тиіс. Жаттықтырушылар оқу жаттығу сабақтарында жалпы және арнайы дамыту жаттығуларын іріктеп, таңдап алуы қажет. Әсіресе мойын білігі, иық иіні, шынтақ, тізе мен аяқ басы буындарының бұлшық еттерін дамытып, бекітуге ерекше назар аударуы тиіс [1].

Сондықтан да қазақ күресімен шұғылданушы жасөспірім балуанға әдіс – тәсілдерді жетілдіруге бағытталған жұмыс жасауы үшін, алдымен қозғалыстың үйлесімді әрекеттерін үйреніп, оны одан әрі жетілдіру, қозғалыс шапшаңдығын дамыту және оны дағдыға айналғанша жетілдіруді қамтамасыз ету, және оның негізінде жекелеген әдіс – тәсілді және қозғалыс әрекеттерін көп рет қайталау кезеңі жатыр.

Әрбір жаттығуды қайталау сыртқы үйлесімді орындалу бейнесімен өтілген алдыңғыларына ұқсас болғанымен, барлық уақытта өзінде жаңа үйренген, жаңа бөліктің мазмұнын береді. Атап айтқанда, мұнда жаңа қозғалыс әрекетінің біртіндеп қалыптасуының кепілі, кілті жатыр. Тұтас қайталау кезеңін мақсатқа сәйкес шартты түрде екіге бөлеміз:

- 1) Қозғалыс (икемділігін) біліктілігін қамтамасыз ету.
- 2) Қозғалыс (икемділігін) біліктілігін жетілдіру.

Қозғалыс біліктілігінің пайда болу сатысы қозғалыс икемділігінің негізгі түрінің бірінші бастапқы қалыптасуын қамтамасыз етеді, ал әрекетті орындау қозғалыс икемділігінің қалыптасуының өзіне тән белгісі. Жоғары сатыдағы қозғалыс біліктілігіне кезегімен өтетін қозғалыс дағдысын қалыптастыруды қамтамасыз ету жатады.

Міндетке сәйкес педагогикалық жүйенің бұл кезеңі келесі екі сатыға бөлінеді:

- 1) Қозғалыс дағдысының пайда болуы;
- 2) Қозғалыс біліктілігінің жоғары тәртібінің қамтамасыз етілуі.

Жетілдіру кезеңінде барлық әдістер кешені қолданылады, алайда бүтіндей үйрету, жарыстық және ойындық әдістері әр түрлі үйлестікте және түрлері басты орын алады.

Бір уақытта көру және есту бағдарларын пайдалану көлемі тарылады, бірақ қозғалысты сезіну рөлі артады. Балуандардың күресу тәсілдерін жетілдіруде оқытып үйретудің екінші және үшінші кезеңінің негізінде қозғалыс әрекетін көп рет қайталау жүйесі жатыр. Соңғы кезең үшін қайталау мәселесінің ерекше маңызы бар: көп рет қайталаған дұрыс, бірақ көп қайталау шексіз емес, ол ақылға сыятындай дәрежеде шектелуі тиіс [4].

Қазақ күресі тәсілдерінің жалпы негізі балуанның әдіс – тәсілдік, сол сияқты жан – жақты дайындығы және ерік күші мүмкіндіктерін шебер пайдалану болып табылады. Мұның өзінде жарыстардағы нақты жағдайларда қарсыласының ерекшеліктері де есепке алынады. Күрестің әдіс – тәсілдері әдіспен қоса алғанда балуанның спорттық шеберлігінің негізі болып табылады. Балуандар мен жаттықтырушылардың бірлескен шығармашылығы арқасында күрес тәсілдері ұдайы жетіліп, арта түседі.

Әдіс – тәсілдерді ұдайы жетілдіріп, байыта түсу әдіс – тәсілдік шеберлікті арттырудың міндетті шарты. Егер балуан белдесу барысында ең болмағанда бір жаңа әдіс қолдана алатын болса, онда соған сай оның әдіс – тәсілдік әрекетінің аясы да кеңі түседі. Балуандардың әдістік – тәсілдік дайындығының жан – жақты болу қажеттілігі жөнінде айтқанда, біз олардың әр түрлі топтағы бағдарламаларды мінсіз меңгере алулары, шабуылға шыққанда жиі қолданылатын әдістерге қарсы тәсілдер қолданулары, сондай – ақ қарсыластың барлық шабуылдарынан қорғана алулары қажеттігін есте ұстау қажет. Егер балуан қандай болмасын бір қарсыласының негізгі әдісінен қорғана алмайтын болса, оның әлсіз жерін біліп қалған қарсыласынан сөзсіз жеңіліп қалатындығын күні бұрын ақ айтуға болады. Жоғарыда айтып кеткендей балуанның әдіс – тәсілдік мүмкіндіктері көбінесе оның дене күші қабілетіне байланысты.

Жаттығу кезінде балуандардың ет қызметін ғана бақылауға алып қоймай, олардың қан айналым және жүйке жүйесіне де мән берген дұрыс. Тыныштық күйде жүрек соғу жиілігі балуандарда минутына 60 – 65 рет. Жүрек көлемі жоғары дәрежелі балуандарда зерттеулерінің нәтижелері бойынша орта есеппен 953 см^3 – ты құрайды. Мәліметтері бойынша балуандарда бұл көрсеткіш 953 см^3 – қа тең (жеке спортшыларда $719 - 1248 \text{ см}^3$). Балуандарда жүрек көлемі дене салмағына және бой ұзындығына байланысты. Жүрек соғу жиілігі балуандарда белдесу кезінде жұмыстың қуатына байланысты минутына 170 – 200 ретке жетеді [3]. Балуандарда жаттығу сабақтарында жүрек соғу жиілігін телеметриялық тіркеу қарсыласын лақтыру кезінде жүрек ырғағы минутына 180 – 190 ретке дейін өсетінін көрсетеді. Балуанның тәсілдік жағынан даярлануы әдістік әрекеттерді, айқастарды жүргізудегі, сондай – ақ жарыстарға қатысқандағы біліктілігіне, шеберлігіне және дағдыларына байланысты.

Спортшы күресудің әдіс – тәсілдерін спорттық жаттығу ұстанымына сай ұдайы зерттеп, жүйелі және дәйекті түрде жетілдіріп отыруы тиіс. Әдіс – тәсілдерді меңгеріп, жетілдіру жолында жұмыс жүргізгенде жаттығушылардың сол материалдың мәніне қаншалықты терең бойлағандығының маңызы үлкен. Сондықтан – да күрес әдіс – тәсілдеріне үйреткенде жаттығушылардың шығармашылық белсенділігі мен инициативасын ұдайы арттыру, өзінің әрекеттерін сын көзбен және бүге – шігесіне дейін талдау, әдіс – тәсілдік тәжірибесін тұжырымдау қабілетін дамыту қажет. Егер балуан тапсырманы немқұрайды орындай салатын болса, белсенділік және инициатива көрсетпесе, бұрын жинақтаған тәжірибесін пайдаланбаса, ондай спортшы бәсекелерде жоғары нәтиже көрсете алмайды, яғни күрделі әдіс – тәсілдік міндеттерді өз бетінше шешуге оның қабілеті жетпейді.

Өзі жоспарлаған әрекеттерінен қандай болса да ауытқыса (ал мұның өзі жарыста жиі кездеседі), спортшы саса бастайды, қиын жағдайдан амал тауып шыға алмайды, сөйтіп жеңіліп қалу қаупіне ұшырайды. Инициативасы мол, шығармашылық оймен

қимылдайтын балуан тез арада әдіс – тәсілдік тәжірибе жинақтап, оны ұдайы байыта береді. Егер жаттықтырушы балуанды оның өресі жетеді деген барлық жағдайда да өз бетінше шешім қабылдай алатындай етіп үйретсе, егер оны жарыстардағы белдесулерде және жарыстарда кездесетін қиын жағдайлардан өз бетінше жол тауып шығуға баулыса, онда оның шығармашылық белсенділігі артып, спорттың шеберлігі шыңдала түседі. Осы мақсатпен балуанның өзгегенін шығармашылық жұмыс істеу формасын (әдебиеттерді оқу, үйде әртүрлі тапсырмаларды орындау) кеңінен қолданған жөн.

Сонымен қатар, күреспен шұғылданушыларды күнделікті және жарыстарға қатысқандығы жайлы күнделігіне жазып жүруге үйретіп, дағдыландыру керек. Егер жаттығу сабақтары кезінде видео қойылымдар (фильмдер), сондай – ақ жеке жарыстар хроникасы, кинограмма, т.б пайдаланылатын болса, әдіс – тәсілдерді меңгеру және жетілдіре түсу едәуір оңай болады. Сондай – ақ жарыстарға көрермен ретінде қатысу, аса күшті шеберлердің, қарсыластарының жаттығуын көру де едәуір пайда береді.

Осының барлығы палуанға әртүрлі әдістік және тәсілдік әрекеттерді тереңірек талдауға, сөйтіп оны бүге – шігесіне дейін білуге, ол жөніндегі өзінің түсінік аясын кеңейте түсуге мүмкіндік береді. Тәсілдік даярлықтың әртүрлі әдістері мен құралдарын жаттығып жүргендердің жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып пайдаланғанда ғана балуандардың қажетті сапаларын дамытуда жеңістікке жетуге болады. Қазіргі заманғы өскелең өмір талабы жағдайында спорт түрлерінен, оның ішінде қазақ күресінен болашақ жаттықтырушы мамандар даярлауда болашақ мамандар дене шынықтыру мен спорттың теориясы және әдістемесі, анатомия, физиология, биохимия, дене жаттығуларының биомеханикасы, спортменеджменті, педагогика және психология сияқты қатарлас пәндерін оқып, білуі және олармен спорттық жаттығуды үйлестіруі тиіс.

Әрбір отанын сүйетін, елінің патриоты, кәсіпкер азаматтар қазақ халқының ізгі дәстүрлерінің бірі, ұлттық қазақ күресін дамытуға ат салысуы тиіс. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық қазақ күресінің көсегесін көгерту, сонымен бірге әлем мойындайтын спорт түріне дәрежесіне жеткізу үшін жан – жақты кәсіби дайындықтан шеберлік дағдыларын меңгерген білікті мамандар дайындау – дене мәдениеті ЖОО педагогикалық ұжымдарының басты міндеті.

Қазақ күресін дамытуда мына төмендегі міндеттерді қарастырдық:

1) Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамытудың ғылыми – педагогикалық негіздерін саралау;

2) Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамыту дайындығының әдістемелік бағдарларын көрсету;

3) Жоғары оқу орны студенттерінің болашақ қазақ күресінен жаттықтырушылық мамандығына кәсіби бейімделуін ұйымдастырудың педагогикалық іс – шараларының негіздерін қалыптастыру;

4) Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ қазақ күресінің жаттықтырушысы мамандарын даярлаудың үйлесімді жүйесін жасаудың ғылыми – практикалық әдістемесін дайындау .

Жоғары оқу орындарында, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері бөлімдеріндегі және жалпы білім беретін орта мектептеріндегі спорт секцияларындағы оқу – жаттығу сабақтары оқу – тәрбие процесінің бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі, сондықтан, қазақ күресі арқылы олардың дене мәдениетін қалыптастыру, жаттықтырушылық қызметінде жоғарғы оқу орнын оқыған жылдарында меңгерген шеберлік дағдыларын біліктілік пен дағдыларын іс жүзінде қолдану, дәрежелі спортшылар даярлауда педагогикалық шеберліктерін жетілдіру өскелең өмір талабы. Президентіміздің болашақ ұрпаққа салауатты өмір салтынна насихатауы бізге

үлгі беріп, өз күшімізді аямай балаларға спорт өнерінің талай қырын танытып, келекшекте өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыратын, халқының намысын қорғайтын азамат тәрбиелеу осы қағидаға бар күшімізді салуға бел байлаймыз [3].

Күресті үйрету әдістемесі мен қолданылуы. Басқа күрес секілді қазақша күресті де өнер ретінде үйретуге өзіндік түрлі әдістемелік мақсаттарды бар. Бірақ күреске деген талабы күшті әрбір жасқа бұл әдістемелерді үйрену аса зор қиындық емес. Қазақша күреспен денсаулығы мықты әрбір жас айналысуына болады. Бұл өнерді жасөспірім кезде бастаудың (10 – 13 жас) зор пайдасы бар. Себебі бұл жас – адамның ағзасының, дене құрылысының, күшінің қалыптасу кезеңі болатын шағы. Табиғи күші мол балалардың көбі жекпе – жекке шыққанда қара күшіне сенеді де, техникасы мен тактикасын ұмыт қалдырады. Сондықтан реакциясы күшті, батыл, қара күшке әдіс – айласын қарсы қоя білетіндерді қабылдауға тырысу керек. Талапкерлер норматив тапсыруға тиіс. Норматив бойынша талапкердің күшін, жылдамдығын, батылдығын, бойындағы барлық қасиеті білінеді.

Ол үшін мынадай жаттығулар жасатып көрген жөн: аспаға тартылу, қолдарын тірек етіп жерден көтеріліп – басылу, бір аяқпен отырып – тұру, арқамен жатып, денені олай – бұлай иіу. Жылдамдығын білу үшін қысқа қашықтыққа жүгіртіп көруге болады. Қозғалысының үйлесімін білу үшін жай ғана акробатикалық қимылдарды орындаттыру керек. Күреспен айналысатындар үшін жақсы жабдықталған спорт базасы болған дұрыс.

Қазақша күрес спортқа деген шексіз құштарлығы, ерекше талабы бар жастар тартылады. Дайындық жұмыстары айлық, жарты жылдық, жылдық жоспар бойынша жүргізіліп, команданың жаттығуы мен жарысқа түсуін белгіленеді. Жастарды неғұрлым көп тарту үшін үгіт жұмысын кеңінен жүргізіп отырған дұрыс. Күрестің денсаулыққа пайдалы екендігін айта келіп, аты танымал белгілі спортшылар туралы, олардың өмірбаяны жайлы жүйелі әңгімелеп берген жөн. Қазақша күресіміздің тарихына үңіліп, ондағы тамаша оқиғалар жөнінде, палуандардың күрес аренасындағы еліктері, төзімділіктері, батылдықтары жайлы үнемі әңгімелеп отырған дұрыс. Күрес ережесінің әліппесінен бастап нағыз шеберлікке дейінгі болатын, кездесетін қиындықтар жайлы, олардың тайсалмай ілгері, тек ілгері басу керектігі айтып тұрудың ешқандай артықшылығы жоқ.

Секцияға қатысушыларды жас мөлшеріне қарай жеке – жеке іріктеп топтарға бөлу керек. Жаттығуларға берілген уақыт кестесі неғұрлым тұрақты болғаны дұрыс. Бұл тәртіп үшін өте қажет. Жаттығуларды аптасына екі рет немесе үш ретке дейін ғана өткізуге болады. Өйткені күрес әліппесін енді ғана бастап жүрген талапкерлерді жалықтырып алмау жағын қарастырған жөн. Мұның бәрі секция жетекшісінің шеберлігіне байланысты. Жаттықтырушының шеберлігі сонымен қатар жас палуандармен арақатынасын да анықтайды. Олармен сөйлесу, олардың ішкі жан дүниесіне, сезіміне үңіле білу, отбасы мен оқу, жұмыс жағдайларына қамқор бола жүру – міне, осылардың барлығы ұстазы мен шәкірттің бір – бірін түсіне білуіне көп септігін тигізеді. Жаттығу жұмысын ешқандай да босаңсытуға болмайды. Ол жыл бойына жүргізіліп, кестеден ауытқымауы тиіс. Шеберлік үздіксіз жаттығулар арқылы ғана келеді. Сондықтан да ұстаздың өз шәкірттеріне неғұрлым талап қоя білуі қажет [5].

Әдебиет:

1. Донбаев А.В. Становление казах – куреси как учебной дисциплины: дисс. канд. пед. наук. Алматы, 2010.
2. Есмағанбетов З. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Қарағанды, 2005.
3. Мұхитдинов Е. Қазақша күрес. Алматы: Қазақстан, 1994.
4. Тілеуғалиев Ю., Адамбеков Қ., Қасымбеков С. Дене тәрбиесі. Алматы: «Атамұра», 2003.
5. Тілеуғалиев Ю., Адамбеков Қ., Қасымбеков С. Дене тәрбиесі Алматы: «Атамұра», 2004.

**КӨРНЕКТІ ПЕДАГОГ ,ӨЛКЕТАНУШЫ, ШЫҒЫСТАНУШЫ Е.К.БЕТГЕРДІҢ
ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚОСҚАН
ҮЛЕСІ**

Кукеева М.К.

(М. Әуезов атындағы ОҚМУ)

Е.К. Бетгердің бүкіл өмірі Түркістан өлкесімен, Шығыстың мәдени мұрасын зерттеумен байланысты. Ол ағартушы, педагог, кітапхана ісінің энтузиасты, көрнекті библиограф болды. Республиканың жас ғалымдары мен кітапханашыларының қазіргі ұрпағы үшін Е.К. Бетгердің есімі аңыз сияқты естіледі. Евгений Карловичтің бейнесі феноменальды жадымен, энциклопедиялық білімімен, жалпы эрудициясымен, кітапхана жұмысының әдістемесі мен техникасын мүлтіксіз меңгеруімен, Орта Азия туралы, кітапхана ісі тарихы мен кітаптары туралы сирек кітаптарды терең білуімен басқаларды таңдандыратын ғалымның идеалы болып табылады.

Оның еңбектерінің арқасында Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы мен Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасының алтын қорын құрайтын көне кітаптар мен қолжазбалар жинақталып, библиографиялық сипатталған. "Түркістан жинағы" ерекше қызығушылық тудырады және жалпы Қазақстан үшін, Қазақстан тарихын зерттеу үшін үлкен маңызға ие, өйткені ол XIX – XX ғғ. басындағы Қазақстан туралы негізгі жазбаша дереккөздерді (ресейлік, сондай – ақ шетелдік) жүйелі жинақтаудың алғашқы және сәтті әрекеті болып табылады [1, 17 б].

XIX және XX ғасырдың басындағы ірі библиографтар библиографияланатын құжаттарды талдау негізінде мәдениеттің дамуын зерттеу, яғни жаңа ғылыми білім алу деп санады. Библиографияның міндеттерін осы тұрғыдан түсіну оның теориясында ақпараттық – библиографиялық қызметті дамытудың екі ғасырлық жолы бойы кезең – кезеңімен пайда болды. Кітапханалар мәдени – ағартушылық және ғылыми – көмекші мекемелер болып табылады, олар өз қызметімен ғылымның, білімнің, мәдениеттің дамуына және қоғамның зияткерлік және экономикалық әлеуетінің өсуіне ықпал етеді. Кітапхана ісінің қалыптасуына және оның дамуына библиографтардың қосқан үлесі орасан.

Бүгінгі таңда еліміздің кітапхана ісі тарихында библиография саласында еңбектер өте кем. Библиография саласындағы көптеген көрнекті библиографтар туралы материалдар мақала түрінде жеткен. Алайда, осы материалдардың өзі де бүгінде оқырмандардың қолы жете бермейтін сирек библиографиялық көрсеткіштерге айналды. Мақала жазу кезінде мен Қазақстандағы кітапхана ісін дамытуға қалай үлес қосқанын және олардың жариялаған еңбектерін, сондай – ақ кітапхананың қорларындағы материалды басшылыққа алып, библиографтардың шығармашылығы мен өмірбаянын, аты – жөні белгісіз ұмытылғандарды мұқият зерттеу керектігін негізге алдым.

Басылымдарда Е.К. Бетгер, В.В. Андронников, О.В. Маслова, Б.В. Лунин, Н.В. Дмитриевский, В.И. Межов, Ә.Қ. Нарымбетов, Г.П. Царев, С. Ақашев, К.Ш. Бекмұхамедов сияқты көрнекті кітапханатанушылар мен библиографтар, өлкетанушылардың қызметі лайықты көрініс таппаған, сондай – ақ зерттеушілердің рөлі дерлік анықталмаған. Оларсыз Орта Азия мен Қазақстан туралы құнды библиографиялық жинақтарсыз негізін қалау мүмкін емес. Бүгінде біз шығармашылық

мұрамызға, ең болмағанда кейбіреулеріне тиісті бағасын беруіміз керек. Солардың біріне атақты шығыстанушы, өлкетанушы, библиографтың даңқты тобына ғалым Евгений Карлович Бетгер жатады.

Кеңес шығысындағы ұлттық мәдениеттердің қалыптасуы мен дамуына өзінің саналы өмірі мен талантын осы тарихи процесті одан әрі нығайтуға түрлі ұлттардың ірі және көрнекті қайраткерлері үлкен үлес қосты. Осы мақалада мен ғылыми және практикалық қызметі зерттелмеген белгілі библиограф, кітапханашы және тарихшы болған шығыстанушының жарқын ғалымдарының бірі – Е.К. Бетгердің тұлғасын көрсетемін [2. 24 – 26 б].

Евгений Карлович Бетгер (нем. Boetger), 13 шілде (30 маусым) 1887 жылы Ташкентте Пруссиядан көшіп келген неміс эмигрантының отбасында дүниеге келген. Евгений Карлович жалпы және филологиялық білім алды: Гейдельберг (Германия) және Киев университеттерінде оқыды. Бірнеше жылдан кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) шығыс факультетін бітірген. Е.К. Бетгер библиография, кітапханатану және тарих мәселелерінің кең шеңберін зерттеді. Оның жұмыстары қазір де өзекті, олар Қазақстандағы библиографиялық және кітапханалық ғылымдарды жетілдіру үшін қызмет етеді.

Е.К. Бетгер Науаи атындағы Мемлекеттік кітапхана жанындағы сирек кітаптар бөлімінің негізін қалаушы, кітапхана желісін құру, кітапханалық білім беру, Кітапхана ісі мен библиографияның теориясы мен тәжірибесі және т. б. өзекті мәселелер бойынша 150 – ден астам ғылыми жұмыс жазды. Қазір де оның мұрағатында 50 – ден астам жарияланбаған библиографиялық жұмыстары бар.

Е.К. Бетгердің революцияға дейінгі білім мен тәрбие алған және кейіннен белгілі библиограф, кітапханашы, тарихшы болған ғалым ретінде қалыптасуын түсінудің маңызы зор. Көптеген жылдар бойы ол Ортаазиялық мемлекеттік университетінің тарих факультетінің «Археология» кафедрасының тұрақты және құрметті мүшесі болды, жас зерттеушілермен және студенттермен өздерінің бай білімдерімен бөлісті, баяндамалар жасады, студенттердің зерттеу жұмысына рецензия жазды, аудармалар жасады [3].

Е.К. Бетгердің Түркістан өлкесіне кітапхана кадрларын даярлаудағы еңбегі зор. Түркістан мемлекеттік кітапханасында жұмыс істей жүріп, 20 – шы жылдары және 30 – шы жылдардың басында кітапхана қызметкерлерін дайындау бойынша көптеген курстардың негізін қалаушы және оқытушысы болды, пәндік каталог, библиография негіздері, кітап тарихы курсы оқыды.

Дәрістерде және практикалық сабақтарда Е.К. Бетгер пәнді жақсы білетіндігін, шеберлігін көрсетті. Е.К. Бетгер Түркістан көпшілік кітапханасын құруға үлкен үлес қосты. Түркістан Халық университетінің жанынан Түркістан көпшілік кітапханасын қайта құру жөніндегі арнайы комиссия құруда бастамашысы болды, сол кезде кітапхана апатты жағдайда болатын. Кітаптарды жіктеу да, каталогтау да болмады, сондай – ақ оларды орналастыру мен сақтау үшін қарапайым жағдайлар да болған жоқ.

Кітапхананы қайта құру кезінде комиссия біріншіден, халықаралық ондық жүйе бойынша каталогтар жасауға кірісуді, екіншіден, кітап қорларын толықтыруға назар аударуды шешті. Е.К. Бетгердің ондық библиографиялық жіктеуді енгізу де баға жетпес мәнге ие. Түркістан көпшілік кітапханасына қатысты «Ондық жіктеменің» негізін әзірледі. Батыс Еуропаның үздік кітапханаларының жағдайы туралы жақсы білетін Е.К. Бетгерге, сондай – ақ кітапхана комиссиясының мүшелері Л.К. Давыдова мен Л.А. Метленковқа тапсырылды.

1918 жылдың аяғында Е.К. Бетгердің жасап шыққан ондық жіктемесі бойынша кестелер тез арада таралды, ал оған сұраныстар келіп түсіп жатты, 1920 жылы Түркістан халық кітапханасы мемлекеттік деп өзгертілді, қазірдің өзінде екі

карточкалық каталог болды: ондық жүйе бойынша жасалған алфавиттік және жүйелі каталогтар. Ол Түркістан мемлекеттік кітапханасында төрт жылдық жұмыс тәжірибесі негізінде Е.К. Бетгер дайындаған "Методические указания и правила пользования таблицами" атты әдістемелік нұсқаулығы библиография саласындағы құнды дербес еңбегі болып табылады.

Көптеген жылдар бойы бұл ереже Түркістан өлкесінің кітапхана қызметкерлеріне арналған құнды құрал болды. Е.К. Бетгер жасаған екі басылым (1918 және 1922 ж.) «Ондық библиографиялық жіктеме» бойынша брошюралар және кітапхана техникасы бойынша жекелеген ұсыныстар (1920 және 1922 ж.) Түркістан өлкесінің кітапхана ісін нығайтудың негізі болды. Түркістан кітап палатасын құруда Е.К. Бетгердің практикалық қызметіне көп көңіл бөлінді.

Ол КСРО – да кітапхана ісін дамытуға қатысты көптеген қаулылардың, бұйрықтардың және басқа да құжаттардың жобаларын әзірледі. 1918 жылы Түркістан көпшілік кітапханасы туралы бірінші Ережеге енгізді, ереже бойынша барлық баспалар кітапханаға барлық басылымдарды жеткізуге міндетті болды [3, 89 – 94б].

Евгений Бетгер бірінші және екінші Бүкілресейлік библиографиялық съездердің, ғылыми кітапханалардың бірінші және екінші ресейлік конференцияларының қатысушысы болып, көптеген мәселелерді талқылауға қатысқан. Е.К. Бетгер алғашқы кеңестік «Библиография» библиографиялық журналдарының бірінде ынтымақтастық туралы ұсынысқа ыстық ықыласпен жауап берді. Е.К. Бетгер Өзбекстандағы көне және сирек кітаптар қорының негізін қалаушы. 40 жыл бойы кітапхана қызметімен байланысты Е.К. Бетгер сирек кітаптар қорын жинап, ғылыми өңдеуге көп күш, қуатын жұмсады.

Е.К. Бетгердің кең эрудициясы мен шын мәнінде энциклопедиялық білімі, бірнеше батыс еуропалық және шығыс тілдерін білуі (1920 ж. ол Түркістан Шығыс институтының Араб бөліміне түсіп, 1924 жылы бітірген) ғалымға кітапхана қорында сақталған көне, кейде бірегей даналарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалардан кітапхананың бірегей басылымдарды жүйелі түрде сатып алуын ұйымдастыруға, сондай – ақ оларды ғылыми өңдеуді бастауға мүмкіндік берді.

Е.К. Бетгер Ташкент мемлекеттік университетінің іргелі кітапханасының сирек кітаптар қорына үлкен қызығушылық танытты, оны зерттеді және кітаптардың ғылыми сипаттамасын жасады. Кітапханадағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар Е.К. Бетгер көне және сирек кездесетін басылымдар бөлімінде кітапхананың кітап қорының байлығын тереңірек тану үшін, сондай – ақ мәдени – ағарту жұмыстарын күшейту мақсатында әр ірі кітапханада болуы қажет екенін дәлелдеді [4, 46 б]. 20 – 30 – шы жылдары Е.К.

Бетгердің тікелей басшылығымен жергілікті мерзімді басылымдарға библиографиялық жұмыстар жасалды, олар зерттеушілерді жергілікті мерзімді басылымдарды жаппай қарап шығудан арылтты. Олардың арасында Түркістанның географиясы, метеорологиясы, сейсмологиясы, гидрологиясы бойынша мақалалар мен жазбалардың аса құнды көрсеткіштері бар.

Е.К. Бетгер, О.В. Масловамен бірге Түркістан өлкесінің статистикалық комитеттері шығарған жинақтарға және «Орта Азияның халық шаруашылығы» журналына (1924 – 1930 жж.) көрсеткіштер жасап шығарды. Ол қазіргі уақытқа дейін аздаған өзгерістерімен қолданып келген А. Навои атындағы ӨзССР Мемлекеттік кітапханасында сақталған кітаптарды орналастырудың форматтық – реттік жүйесін енгізудің бастамашысы болып табылады.

Сирек кітаптар қорын көп жылдық жинау Е.К. Бетгерге қорды терең зерттеуге мүмкіндік берді. Кеңес ғалымының басты міндеттерінің бірі – қорды танымал ету болатын. Осылайша, Е.К. Бетгердің тікелей қатысуымен сирек кітаптар бөлімінің

ұйымы көптеген халықтардың жазба ескерткіштерінің бірегей даналарын бөлуге көмектесті, ал оларды баспада жариялау және танымал ету одан әрі зерттеушілерге көне ескерткіштерді зерттеуді бастауына көмектесті. Революцияға дейінгі кезеңде Қазақстан тарихымен айналысатын Қазақстандағы бірде – бір библиограф не маман Е.К. Бетгердің зерттеуінсіз жұмыс істей алмайды.

Е.К. Бетгердің эпистолярлық мұрасы ғалымның қызығушылықтарының спектрін және оның ортаазиялық халықтардың мәдени мұрасының рөлін терең түсінуін ашады [5, 42 – 49 б]. Е.К. Бетгер елдің ірі ғалымдарымен байланыста болды, шетелдік ғылыми орталықтармен, Германиямен, Франциямен, Америкамен, Англиямен және т.б. елдермен хат алмасып отырды, оған әр түрлі кәсіптегі адамдар көмек, анықтама, түсініктеме алу үшін өтініш жасайтын.

Ғалымның кең эрудициясы, бірнеше еуропалық және шығыс тілдерін білу, астрономия, археология, тарих және т.б. саласында терең білім алу оны Қазақстан археологтары мен тарихшылары үшін қолдау тапты. Оған библиографтар, шығыстанушылар, тарихшылар, әдебиеттанушылар жүгінетін.[6]

Кітапханаларды құру үшін кітапхана қызметкерлерінің көптеген кадрлары қажет еді, ал олар өте аз болды. Е.К. Бетгер алғашқы кітапхана курстарын құрудың бастамашысы ғана емес, сонымен қатар түрлі курстарда бірқатар пәндерді оқып, осы жұмысқа басқа кітапхана қызметкерлерін тартты. Бұл курсты Оңтүстік Қазақстанның (Шымкент, Жамбыл, Қызыл Орда) кітапханашылары да аяқтады.

Библиограф Л.К. Давыдов пен А.А. Метленковпен бірге 1918 жылы Е.К. Бетгер қағаздың ерекше тапшылығы кезінде «Ондық библиографиялық жіктеме» шығарды, ол 1922 жылы елеулі толықтырулармен қайта басылып шықты, оның көмегімен кітап қорларын ғылыми өңдеу үшін негіз қаланды.

Түркістан халық кітапханасының қызметкерлері мен Е.К. Бетгерге кітапхананың кітап байлығын, әсіресе оның шығыс бөлімін сақтап қалу үшін көп күш жұмсауға тура келді. Кітап жинаушы және сақтаушы Е.К. Бетгер кітапхана үшін сирек және көне басылымдарды іздеу және сатып алу үшін уақытын та, күшін де аямады. Ол кітаптың ұлылығы туралы ұғымды тек кітапхана қызметкерлерін ғана емес, сондай – ақ жас оқырмандарға да жеткізуге тырысты.

Оқырман конференцияларын, көрмелерді ұйымдастыру, кітапты танымал ету – ғалымның бүкіл ғылыми және библиографиялық қызметінің құрамдас бөліктерінің бірі болды. 20 – 30 – шы жылдары Е.К. Бетгердің тікелей басшылығымен және оның жеке қатысуымен құнды библиографиялық жұмыстар пайда болды, оның ішінде зерттеушілер үшін «Түркістан ведомствосы» деген көрсеткіштің маңызы зор [7].

Е.К. Бетгер библиографиялық жіктеудің әлемдік жүйесінің соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, «Түркістан ведомстваларына» көрсеткіш құрастырудың өз жүйесін жасады. Жергілікті газеттер мен журналдар беттерінде Е.К. Бетгер кең танымал жұмыс жүргізді. 30 – шы жылдардан бастап 1945 жылға дейін «Правда Востока», «Комсомолец Узбекистана» беттерінде ғалым оқырманды Орта Азия бойынша алғашқы саяхаттарымен таныстырады, көне кітаптар және кітапхана қорында сақталған бірегей басылымдар туралы әңгімелейді [8].

1952 жылы Е.К. Бетгер, В.И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханада революцияға дейінгі Орта Азияға арналған газеттер мен журналдардан қиындылары бар 29 түптелген жинақ табады. Томдардың сыртқы келбеті бойынша ол бұл жинақтар В.И. Межовтың "Түркістан жинағымен" байланысты болуы керек екенін бірден анықтады.

Томдардың сыртқы келбеті бойынша ол бұл жинақтар В.И. Межовтың "Түркістан жинағымен" байланысты болуы керек екенін бірден анықтады. Жинақтардың мазмұнын зерттеу кезінде оларда мазмұн кестелерінің жоқтығы анықталды, ал бірде –

бір кесу дереккөзді көрсетумен қатар жүрмеді [6]. Жинақтардың мазмұнын зерттеу кезінде оларда мазмұн кестелерінің жоқтығы анықталды, ал бірде – бір кесілген қиындыларда дереккөздер көрсетілмеген. Библиографиялық ізденістердің нәтижесінде Е.К. Бетгер 1812 жазбаның 1094 – ін жеке басылымдармен байланыстырды және тек 718 жазба (39 %) дереккөзді көрсетпей қалды [9, 33 – 44 б].

Дереккөздерді, олардың күні мен ерекшеліктерін анықтау бойынша үлкен жұмысты аяқтағаннан кейін, ол "Түркістан" жинағының барлық 29 томына тақырыптық – тақырыптық көрсеткіш жасап, оны авторлар мен жеке есімдердің алфавиттік тізімімен қамтамасыз етті, сонымен қатар Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған "Түркістан жинағының" 417 – 591 томдарына көрсеткіштер жасау үшін көп жұмыс жасады [10, 14 – 24 б].

Сирек және ескі кітаптар қорын көпшілікке танымал ету тек қана оқырман қауымына ғана емес, ортаазиялық республикалардың ғылыми жұртшылығы да бірегей басылымдармен танысуға мүмкіндік берді. Е.К. Бетгер алғаш рет жергілікті баспасөз беттерінде жазған көптеген бірегей басылымдар кейіннен Қазақстан ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің тақырыбына айналды.

Бұл оның елдің түрлі кітапханаларымен және жекелеген жетекші кеңестік және шетелдік библиографтармен кең көлемді хат алмасуымен расталады. Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихын қалыптастыру және дамыту бойынша бірде – бір зерттеу жұмыстары Евгений Карлович Бетгердің еңбектеріне сілтеме жасалмай зерттелмейді.

Мақаланы қорытындылай келе, Түркістан кітапханасын құруға, оны қайта құруға қатысқан Е.К. Бетгер осы зерттеуде Өзбекстан мен Қазақстандағы кеңестік кітапханатанудың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы толық мәліметтер берді. Е.К. Бетгер туралы өмірбаянын аяқтай отырып, оның жарияланбаған мұралары әлі де көп екенін, оны ғылыми айналымға енгізу шығыстану библиографиясын байытар еді дегім келеді.

Әдебиет:

1. Луни́н Б.Б. Библиографические очерки о деятелях общественных наук Узбекистана. – Ташкент: Фан, 1976. – С. 114 – 117.
2. Дәуен А.К. Қазақстанның кітапханатанушылары, библиографтанушылары, кітаптанушылары, олардың қызметтерін зерттеу нысаны ретінде. Маг. дисс. – Шымкент – 24 – 26 б.
3. Тешабаева, У.А. Вклад видного ученого, педагога, библиографа Евгения Карловича Бетгера в развитие и изучение библиографии Средней Азии / У.А. Тешабаева // Научные и технические библиотеки – 2011. – № 1. – С. 89 – 94.
4. Турапов М.М. Жизнь, отданная книге. – Корреспондент. – 1977. – №8. – С.46
5. Авшарова М.П., Виридарский М.С. Евгений Карлович Бетгер (1887–1956 гг.): Очерк жизни деятельности. – Ташкент, 1960. – С. 42 – 49
6. Бабаджанова А.Х. Евгений Карлович Бетгер – историк, библиограф, библиотековед (1917–1956 гг.). Дис. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1990
7. Памяти Евгения Карловича Бетгера, // Труды САГУ им. В.И. Ленина. Археология Средней Азии, Т. IV. / – Ташкент, 1957
8. Язбердыев А. Библиографическая регистрация произведений печати в Туркестане (1922 – 1924 – гг.) // Советская библиография, 1971, № I, С. 34 – 49.
9. Касымова А.Г. Библиотеки в Туркестане, (Краткий исторический очерк развития библиотечного дела в дореволюционном Туркестане з Туркестанской АССР) – Ташкент, 1966.
10. Мамина И.З. Жизнь, отданная книге и библиотеке // Бетгеровские чтения – 2007: Сборник материалов круглого стола «Библиотека в контексте исторических преобразований». – Ташкент : Изд. – во Нац. би – ки Узбекистана им. А. Навои, 2008. – С. 14 – 24.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ
ДЕНСАУЛЫҒЫНДА ЗЕРДЕЛІК БҰЗЫЛЫМДАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ
МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кыпшакбаева С.А.

(Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті)

Теуелсіз Қазақстан Республикасында барлық өмір салаларын қайта жаңғырту жағдайы өскелең қоғам мүшелерінің рухани өміріндегі мінез – құлқының, қоғамдық құндылық бағдарларының және әлеуметтік көзқарастарының мотивтеріндегі өзгерістердің болуын талапқа қоюда. Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінің алдында дәстүрлі педагогикалық парадигмадан инновациялық оқытуға (әсіресе инклюзивті білім беруде) көшу мәселесі өткір тұр. Ол ең алдымен қоғамымыздың мәдени және тұрмыстық – кәсіби әлеуетінің құрамдасы болып табылатын мектепке дейінгі жастағы (әсіресе кемтар) балалардың денсаулығы мен дамуындағы ауытқуды түзетуіне, әлеуметтік бейімделуіне толыққанды білім алуына жағдай жасауға негізделген мемлекеттің басымдықтағы саясатына айналумен дараланып тұр. Зерделік бұзылымдары бар балаларды мектепке дейінгі жаппай білім беру ұйымдарына интеграциялау бұл қазіргі қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік тапсырысына толымды білім беру жүйесінің дамуының заңды кезеңіне айналды [1]. Алайда, бұл мәселенің қазіргі қолданыстағы білім беру жүйесі шеңберінде шешілуі бірқатар мәселелермен қордалануда. Мұндай жағдай мектепке дейінгі білім беру үрдісіне қойылатын талаптардың жалпы тұжырымдамаларына мамандардың әлі де мән бермеуінде жатқан сияқты. Ең бастысы білім беру үрдісінің ресурстық қамтамасыз етілуін бағалау критерийлері мен параметрлері:

– балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық шарттарының,

– балалардың барлық санаттарына арналған мектепке дейінгі білім берудің адекватты және эксклюзивті мазмұны мен әдістерінің;

– тәрбиешілердің балалармен өзара әрекеттесу сипаты және дамып жатқан ортаны құру жолдарының инклюзивті білім беру шеңберіндегі халықаралық және отандық нормативтік құқықтық актілері талаптарына сайма – сайлығының кейбір шектеулігінде болып тұрғандығымен айқындалуда.

Дәстүрлі мектепке дейінгі тәлім – тәрбиенің жаңашылдыққа көшу кезеңіндегі ерекше алаңдаушылық тудыратын тағы бір мәселе әртүрлі себептермен психо – физикалық және сөйлеу тілінің даму деңгейі жеткіліксіз балалардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінің жасырын жағдайда өткізілуінде болып тұр. Тәрбиешілер мұндай жағдайлардың себебін баланың бойында ауытқуы бар анықталған диагноздың қойылмауында, ата – аналардың баланың дамуындағы ауытқушылықты біле тұра әртүрлі себептермен жаппай балабақшадағы білім алуы мен тәрбиеленуіне мүдделік танытуына байланысты екендігін алға тартады.

Жалпылай алғанда қолданыстағы білім беру жүйесі шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіндегі кездесетін қарама – қайшылықтарды болдырмай оларды қалыпты ортаға интеграциялау шешімі:

– Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде олардың психофизикалық мүмкіндіктеріне және мектепке дейінгі білім беру мекемелерін басқарудың барлық

деңгейлерінде осы үрдісті ұйымдастырудың ғылымилық тұрғыда негізделген стратегиясының нақтылану қажеттілігіне;

– Мектепке дейінгі балалық шақта білім берудің интеллектуализациясын тудыратын қоғамдағы әлеуметтік қайта құрулардың қарқындылығында балалар денсаулығын сақтау мен нығайтуға жасалатын ықпалдардың ескеріліп анықталуына;

– Зерделік бұзылымдары бар барлық санаттарының жеке психофизикалық сипаттамаларына сәйкес келетін білім беру мен тәрбиенің баламалы технологияларын іздеу қажеттілігі және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инновациялық қайта құрулар жағдайында жаңа технологиялардың тиімділігі мен артықшылықтарын бағалау жүйесін жаңартылу жағдайына байланыстылығын аңғартады [3].

Зерделік бұзылымдары бар жалпы білім беру ұйымдарына интеграциялау, ондағы басқаруды жетілдіру, білім беру мекемелерінің түрлерін әртараптандыру формалары мен әдістерін дамыту негізінде, білім беру қызметтерінің де мүмкіндігі кеңейтілмек. Сондықтан аталған балаларды оқытудың басымдықтағы мәселелердің бірі білім сапасын арттыру. Өйткені кез келген жүйенің, оның ішінде педагогикалық жұмыс сапасы оның тиімділігі мен анықталатыны белгілі. Дәстүр бойынша мектеп жасына дейінгі баланың даму деңгейін білім, білік және дағдылар анықтайды. Яғни мектепалды (6 – 7 жастағы) балалар тәрбиесінің түпкі мақсаты және оның сапасын анықтайтын критерийлер мектеп дағдылары болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілерінің міндеті оқу – тәрбие жұмысын мүмкіндігі шектеулі әрбір баланың жасына, психофизикалық және сөйлеу қабілетіне сәйкес келетін білім, білік және дағдыларды игеруді ұсынатындай етіп ұйымдастыру шарттарын орындағанда оқытудың негізгі қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік туады, яғни тәрбиешілердің бағдарламасы тәрбиеленушінің біліміне айналатын өзіндік бағдарламаға ұштасуы қажет. Дегенмен денсаулығында зерделік бұзылымдары бар баланы қалыпты ортамен интеграциялау психологиялық және әлеуметтік әл – ауқат аясында толымды қалыптастады деп санауға болады, егер де:

– Соматикалық аурулары жоқ, антропометриялық көрсеткіштер бойынша барлық жас ерекшеліктеріне сәйкес келсе, физикалық қасиеттері дамыған және моторикасы қалыптасқан;

– Мектептегі барлық дағдыларды қажет санайтын, соларды игеруге тырысатын, салыстыру және жалпылауды жасай алатын, заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін бөліп көрсете алатын, сөздік қоры мен келісті сөйлеу қабілеті бар;

– Мектепке барғысы келетін табандылығы күшті, эмоциясын басқара алатын, адаптивті мінез – құлықтың барлық дағдыларына ие, төзімді және шыдамдылығы мықты болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының басқару параметрлері пәннің берілу жағдайы, түзету, дамыту және қарым – қатынастағы орта болып табылады. Пәнді оқытудың жағдаят критерийлері – санитарлық талап стандарттарына сәйкестік коэффициенттер болса, түзету дамытушы ортаның критерийлеріне қоршаған ортаның қауіпсіздігі және оқушылардың денсаулығының барлық көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы болып табылады. Ал қарым – қатынастық ортаның критерийіне әл – ауқат және педагогикалық үрдістің барлық субъектілерінің жүйеленуіне сай психикалық күйзелістің болмауы жатады. Осы жағдаяттардың сақталуы мақсатты үрдіс нәтижесінің бірі. Интеграция жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәлім – тәрбие беру үрдісінің тиімділік критерийлеріне тәлім – тәрбие нәтижесінде балада пайда болған жаңа сапалық көрсеткіштерде алынады. Білім сапасы бір жағынан белгілі бір білім беру жүйесі деңгейінде және жеке білім беру мекемесі деңгейінде қойылған мақсаттар мен алынған нәтижелер арасындағы сәйкестілік дәрежесімен, екінші бір жағынан алғанда белгілі бір

субъектінің білім беру нәтижесін бағалаудағы әртүрлі параметр арасындағы сәйкестік деңгейімен анықталады.

Тәлім – тәрбие сапасын арттыру жағдайы қолданысқа қажетті бірнеше факторларға (ғылыми – әдістемелік, қаржылық – экономикалық, технологиялық кадрлық құрам) да байланысты. Бірақ ең алдымен үрдістің тиімділік көрсеткіші – оның ұйымдастырушылық және басқарушылық шеберлігіне тәуелділігін ескеру керек.

Баланың үйлесімді дамуы үшін білім беру ордасында когнитивті сөйлеу, көркемдік – эстетикалық, физикалық сауықтыру және әлеуметтік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру білім беру бағдарламасының негізгі (инвариантты) және өзгермелі бөліктерінде тең үлестермен ұсынылу қағидасының сақталуына да байланысты [4]. Ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар зерделік бұзылымдары балаларды әртүрлі білім беру үлгілерімен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына интеграциялау жағдайында келесі мәселелердің шешілу қажеттілігінде алға тартады. Олар:

– біріншіден, мазмұндық деңгейде оқушылардың мақсатты қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламасының негізгі және өзгермелі компоненттерін теңестіруге мүмкіндік беретін білім беру үлгісін жетілдіру мен моторикалық, интеллектуалдық және эстетикалық әсердің тепе – теңдігін қамтамасыз ететін дамудың үйлестіру қағидасының жүзеге асырылуына, сондай – ақ саралап оқытудың жоғары деңгейінің қамтамасыз етілуіне байланысты болғанда;

– екіншіден, білім беру ортасы деңгейінде оқу жүктемесін жоспарлауды және жаттығу қарқындылығын бақылауды қамтамасыз етіп, әр баланы қолдауға қатысты жүйені үйлестіру амалын қолдану негізінде түзету – тәрбиелеу бағыт – бағдарын таңдауға мүмкіндік туады.

– Үшіншіден, қарым – қатынас және өзара әрекеттесу деңгейінде тәрбиешілермен, ата – аналардың сапалы нәтижелерге қол жеткізуге деген ынтасын арттыру мүмкіндігі артады.

Қорыта айтқанда, зерделік бұзылымдары бар білім алушы өзін мектепте сенімді және қорғалғанын сезінуі тиіс. Бұл жағдайда әңгіме тек физикалық қауіп туралы ғана емес, бала үшін психологиялық және эмоциялық қорғалу аса маңызды.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (01.01.2019, 19.04.2019 берілген өзгерістер және толықтырулар). – Нұр – Сұлтан: 2019.
2. Байоразова А. Специальная педагогика в вопросах и ответах .уч. пособие . – Алматы: 2017, С – 12– 15
3. Овчинникова Т.С. Проблемы обучения и воспитания дошкольников с ограниченными возможностями в условиях общеобразовательных дошкольных учреждений. – Санкт – Петербург: «Вестник Ленинградского государственного университета имени А.С. Пушкина», 2013,С.65
4. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015 – 48 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛЫРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Нұрбек Ханыша, Садықова Р.А.

*(«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ
Қазақстан, Семей қ.)*

Менің ойымша мектеп қабырғасына түскен әрбір баланың айналадағы дүниетаным өрісінің аумағы артып, тілінің дамуына, жеке тұлғасының жан – жақты

қалыптасуына әсер ететін ол бастауыш сыныпта жүргізілетін «Әдебиеттік оқу» пәнінің алатын орны ерекше. Бұл пән – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге және сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Адамның ішкі рухани жан дүниесімен байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

Пәннің мақсаты – дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту, оқушыны шығарма авторының көзқарасын түсінуге жетелеу, көркем – шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық пен рухани – адамгершілік тәрбие беру [2].

Н. Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – дейді. Жалпы, әдебиеттік оқу сабағы арқылы жазу мен сөйлеу мәдениетінің алғы шарты қаланады.

Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- сұрақ – жауап;
- әңгімелесу;
- әңгімелеу;
- түсіндіру;
- зерттеу;
- түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.

Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі ретінде – шығарма жаздыруды қарастыруға болады. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат – оның ойын, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой – өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады. Оқылған шығарманы қаншалықты түсінгенін тексеру мақсатында келесідей сараптау жолдарын қарастыруға болады:

- түсінгенін әңгімелету;
- сұрақтарға жауап бергізу;
- кейбір үзінділерді жатқа айтқызу;
- кейіпкерлер іс – әрекетіне баға бергізу;
- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру;
- ең соңында сол шығармаға ұқсатып әңгіме жаздыртып көру т. б.

Тіл байлығын арттырып, оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіруде мәтіндермен жұмыс жүргізу аса маңызды. Көркем мәтінге тақырыптық талдау жасап, негізгі ойын анықтау, кейіпкерлердің іс – әрекетіне баға беру, сол арқылы оқушы танымын кеңейтіп, тәрбиелік жағына көңіл бөлу – бастауыш сынып мұғалімдерінің шеберлігі.

Алайда, көркем мәтінді оқыған соң, талдаған тұста сөздік жұмысын жүргізу одан әрі оқушының барынша дұрыс түсініп, барлық талдауларға еркін қатысуын қадағалап отыру керек. Мақал – мәтелдер, жұмбақ, жаңылпаштар мен тұрақты тіркестерді үйрету барысында да оқушының тіл байлығы артады.

Оқулықта берілген және басқа да мақал – мәтелдерді, жұмбақ, жаңылпаштарды тұрақты тіркестерді ұдайы үйретіп отыру – мұғалімдердің күнделікті жұмыстарының бір түрі. Мақал – мәтелдерді, жұмбақ, жаңылпаштарды қаншалықты білетінін анықтау үшін әрі мейлінше көп меңгерулері үшін осы бағытта сайыс сабақтар ұйымдастырылу керек.

«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «жаңылтпаштан жаңылма», «Жұмбақ, жұмбақ, жұтылдым», «Тазшаның тапқырлығы» тәрізді сайыстар оқушының тіл байлығының артуына ғана емес, ой – өрісінің, танымының артуына ықпал етпек [3].

Оқушының тілін байыту жұмыстары тіл мәдениетімен тығыз байланысты екені белгілі. Тіл мәдениеті бойынша бастауыш сынып оқушыларына мына талаптар қойылады:

- сөздерді лексикалық, фонетикалық нормаға сай орынды қолдана алу;
- орфография, орфоэпия нормаларын сақтай білу;
- ауызша, жазбаша тілде сөздерді талғап қолдана білу;
- шамасы жеткенше ертегі, әңгіме жаза білу т. б.

Сонымен бірге әдебиеттік оқу сабағында өтілген материалды бекіту үшін оқушының ауызша сөйлеу мүмкіндігін арттыруға назар аударған дұрыс. Мұның жолы – түрлі рөлдік ойындар. Ондай ойындар оқушының тілін, еске сақтау қабілеттерін арттырады, зейінін шоғырландыруға көмек көрсетеді. Ойын барысында өзіне бекітіліп берілген рөлді ойнау үшін оқушы ізденеді, талаптанады, жинақталады, айтатын сөзін салмақтайды.

Осындай жұмыстар жүйелі жүргізіліп отырса, кез келген мұғалімнің мақсатына жететіні даусыз. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту күн тәртібінен ешуақытта түсіп көрген емес. Сабақта тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс – пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру керек деп ойлаймын.

Мен өзім осы жұмысым бойынша 3 – сынып оқушылардың сабағына қатысып оларды бақылап көрдім. Жалпы ұстаздар тек әңгімелету бойынша және орфография бойынша жұмыс жасайтынын байқадым. Мен ұстазбен сөйлесіп өзімнің ұсыныстарымды ашық түрде айтып және сол бойынша бір сабақ өткіздім. Жалпы нәтиже жақсы болып оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып сабаққа белсене қатысты. Қорыта келгенде тіліміздің мәртебесі – еліміздің мәртебесі, сондықтан сауатты, тілдік қоры бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеу – жалпы ұстаздардың мақсаты болуы тиіс.

Әдебиет:

1. Леонтьев А.Н. – Основы теории речевой деятельности
2. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. – А., 2003
3. Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері.

ӘОЖ 691.33

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Рахымбай А.Б., Матаев Б.А.

(Павлодар педагогикалық университеті)

Жастардың отбасылық өмірге дайындығы, көзқарастары мәселесі қоғамның қай кезеңінде болмасада өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Отбасын құру үшін бүгінгі күнде жастарымыз ойынша бұл университетте оқу кезеңі. Осы кезеңде жастар өздерінің кәсіби артықшылықтарын таңдаудың кең мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар көбінесе неке серіктесін де ашады. Ортақ мүдделер, өмірлік және кәсіби мақсаттар, ұқсас құндылық бағдарлары – осы факторлардың барлығы ықтимал тұрақты отбасылардың құрылуына ықпал етеді. Осыған сәйкес қазіргі кезде жастардың

отбасылық өмірге дайындығы, мәселесізекті деп санаймыз. Отбасы дегеніміз – бұл біртұтас отбасылық қызметке негізделген, ерлі – зайыптылық, ата – ана, туыстық қатынастармен байланысты және сол арқылы халықтың көбеюі мен отбасылық ұрпақтардың сабақтастығын, сондай – ақ балалардың әлеуметтенуі мен отбасы мүшелерінің өмір сүруін қамтамасыз ететін адамдар қауымдастығы [1, 128б].

Т. Парсонстың пікірінше, «отбасы – бұл ұйымдасқан және интеграцияланған топ, әлеуметтік кіші жүйеде ұжым және сонымен бірге институт, әлеуметтік кіші жүйеде интегративті функцияны орындайтын мәдени кіші жүйенің нормативтік құрылымының элементі» деп атап өткен болатын [2, 112б]. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, студенттік отбасының қалыптасуы мен дамуында болатын бірқатар ерекшеліктерді ажыратады. Олардың ішінде мыналар ерекше көзге түседі:

1. Материалдық қауіпсіздіктің төмен немесе жеткіліксіз деңгейі, өздерінің жеке тұрғын үй кеңістігінің жоқтығы, бұл жас отбасындағы ерлі – зайыптылар арасындағы қосымша проблемалар мен келіспеушіліктердің дамуына ықпал етеді [3, 300б].

2. Жас ерлі–зайыптылардың жастары да рөл ойнайды, себебі дәл осы кезеңде адам белгілі бір әлеуметтену деңгейлерінен өтеді, мысалы, мамандық бойынша қажетті білім алу, сонымен қатар алған мамандығы бойынша жұмыс табу [4, 29б].

3. Жас отбасындағы ерлі – зайыптыларды әлеуметтік рөлдердің, мінез – құлық стилінің, стереотиптердің өзгеруіне, жаңа туыстардың пайда болуына, өз балаларының пайда болуына бейімдеу қажеттілігі [4, 30б].

В.Н. Дружининнің көзқарасына сүйенетін болсақ, отбасылық өмірге дайындықты қалыптастырған кезде, келесі компоненттерге назар аудару керек:

- жауапкершілік;
- төзімділік;
- өзін – өзі дамыту;
- позитивті ойлау;
- әлемге деген оң көзқарас [5, 135б].


Көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, жас студенттік отбасыларда болатын мәселелердің келесідей классификациясын бөліп қарастыруға болады:

1. Жас отбасының бір немесе бірнеше мүшелерінде отбасылық рөлдің орындалуы туралы дұрыс емес түсінік пен қалыптасудан туындайтын рөлдік бейнелер мәселесі.


2. Әр түрлі рөлдерден туындайтын белгілі бір отбасылық рөлді орындауға байланысты қарама – қайшылықты үміттерден туындайтын ұлтаралық мәселелер.

Отбасылық рөлде қарама – қайшы талаптар болған кезде туындайтын ішкі мәселелер [6, 317б]. Жастарды отбасылық өмірге дайындауға көптеген ғалымдар қатысты, олардың ішінде: И.В. Гребенников, Т.А. Куликова, С.В. Ковалев, Р. Нойберт, В.П. Меншутин, А.С. Спиваковская, И.В. Дубровина, Е.С. Кузьмин, Н.А. Голиков, В. Сатир және т.б. Қазақстандық зерттеушілердің қатарына келесі ғалымдардың еңбектері жатады: Ж. Байжанова «Қыздар мен ұлдарды тәрбиелеудің ерекшеліктері», М. Ғабдуллин «Ата – аналарға арналған кітап», М.Д. Джунусбаев «Қазақстандағы отбасылық өмір салты», онда ол «өмір салты» ұғымын енгізді, некені таңдау мотивациясын, сонымен қатар отбасындағы аға және орта буын арасындағы байланысты қарастырды. Л.Н. Авдееваның, Т.А. Долбик – Воробейдің, Е.В. Шеховцева, О.А. Коряковцева, М.И. Рожкова және басқалар. Бұл зерттеушілердің жұмысын талдау студенттер отбасындағы бірнеше нақты мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді: бір – біріне бейімделудегі қиындықтар, отбасылық өмірге дайын болмау, жанжалды жағдайлардағы мінез – құлықтарын реттей алмау, қателіктерді кешіруге қабілетсіздік, ақшалай кірістердің төмендігі, оқу мен отбасылық міндеттерді біріктірудегі қиындықтар, балалардың тууы мен тәрбиесіне байланысты

қиындықтар, қосымша табыс алу мүмкіндігі аз және т.б. Біздің зерттеуіміз студенттердің отбасылық өмірге дайындығы мен некеге дайын болу кезінде жастардың негізге алатын мотивтеріне байланысты анықталады деген болжамды тексеруге бағытталған. Сонымен, Павлодар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3 – 4 курс студенттері, қатысушылар саны 30 студент (27 – әйел адам, 3 – ер адам) –эксперименталдытобыжәне «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбилеу» білім беру бағдарламасының 3 – 4 курс студенттері, қатысушылар саны 30 студент (27 – әйел адам, 3 – ер адам) – бақылаутоп.



1 Сурет. «Отбасылық өмірге дайындықты бағалаудың тест–картасы» бойынша нәтижелер



2 Сурет. «Отбасылық өмірге дайындықты бағалаудың тест – картасы» бойынша нәтижелер

Студенттердің отбасылық өмірге көзқарастарын анықтау үшін ең бірінші И.Ф. Юндың «Отбасылық өмірге дайындықты бағалаудың тест – картасы» жүргізілген болатын. Бұл тест – карта отбасылық өмірге дайындығын бағалау және осы негізде ерлі–зайыптылықтың әл – ауқатын болжау берік неке құруға да, жас жұбайлардың бірге өмір сүру кезеңінде қарым – қатынасын жақсартуға бағытталған. Жүргізілетін тест осындай жетілдірудің жеке бағдарламаларын жасауда, сондай – ақ ұлдар мен қыздарды отбасылық өмірге дайындықтарын анықтауға мүмкіндік береді [7].

Бақылау тобына қатысушы студенттер саны: 30, оның ішінде 27 – әйел адам, 3 – ер адам. Жасы: 18 – 21. Зерттеу нәтижесі сурет – 1 көрсетілген.

Осыдан, 9% отбасылық өмірге дайындығының жоғарғы деңгейін , 67% орташа деңгейі, 24% төмен деңгейді көрсетті. Яғни, зерттеу нәтижесіне сәйкес, жүргізілген тест бойынша студенттердің көп бөлігінде орташа деңгейді көрсетті.


Эксперименталды тобына қатысушы студенттер саны: 30, оның ішінде 28 – әйел адам, 2 – ер адам. Жасы: 18 – 21. Зерттеу нәтижесі кесте 2 көрсетілген. Зерттеу нәтижесі сурет – 2 көрсетілген.

Сонымен, 7% отбасылық өмірге дайындығының жоғарғы деңгейін, 63% орташа деңгейді, 30% төмен деңгейді көрсетті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес студенттердің көп бөлігінде орташа және төмен деңгейдің басым екенің көрсетті.

Осыдан, студенттердің отбасылық өмірге дайындығы бойынша әлі де жұмыс істеу керек екенің аңғаруға болады. Бірінші жүргізілген тестті қорытындылай келе, И.Ф. Юндың «Отбасылық өмірге дайындықты бағалаудың тест – картасы» нәтижелері бойынша бақылау тобымен эксперименталды топтары әлі де отбасылық өмірге жеткіліксіз дайындықтарын байқауға болады. Яғни, студенттердің басым көпшілігі әлі де отбасылық өмірге дайын еместігін отбасылық өмірге әлі де жеткілікті дайындықты талап ететіндерін аңғардық.

Екінші жүргізілген әдістеме С.В. Ковалевтің «Студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін анықтау»тест сауалнамасы.Тест 26 сұрақтан тұрады, әр сұраққа иә, жоқ немесе кейде деп жауап берулері тиіс.

Осы тест арқылы біз студенттердің отбасылық өмірге дайын екенін немесе серіктесімен қарым–қатынас орнатуға асықпау керектігін анықтауымызға болады [8; 1436]. Бақылау тобының қатысушы студенттер саны: 30, оның ішінде 27 – әйел адам, 3 – ер адам. Жасы: 18 – 21. Зерттеу нәтижесі сурет – 3 көрсетілген.



3 Сурет. С.В. Ковалевтің «Студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін анықтау» тест нәтижелері

Осыдан, студенттердің отбасылық өмірге дайындығы 30% жоғары, 49% орташа, 21% төмен екені анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша, студенттердің басым

көпшілігінің отбасылық өмірге дайындығының қалыптасқанын және де қалыптасып келе жатқандарын көрдік. Эксперимент тобына қатысушы студенттер саны: 30, оның ішінде 27 – әйел адам, 2 – ер адам. Жасы: 18 – 21. Зерттеу нәтижесі сурет – 4 көрсетілген.



4. Сурет. С.В. Ковалевтің «Студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін анықтау» тест нәтижелері

Эксперимент тобының жұмысының нәтижесіне сәйкес, студенттерде отбасылық өмірге әлі қалыптаспағанын және ішінара қалыптасып келе жатқанын, яғни студенттердің толыққанды әлі дайын еместігін анықтадық. Екінші жүргізілген С.В. Ковалевтің «Студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін анықтау» тестін қорытындылай келе, бақылау тобымен эксперименталды топтарды салыстыра келе, бақылау тобында отбасылық өмірге дайындық деңгейі төмен 13%, ал эксперименталды топта 37% екені анықтадық. Осыдан, студенттердің көп мөлшерде әлі де отбасылық өмірге деген дайындықтарының төмен деңгейде екені анықталды. Сондықтан да, әлі де осы тұрғыдан студенттермен жұмыс жасау керек екені аңғартады.

Жоғарғы оқу орнындағы студенттердің отбасылық өмірге психологиялық дайындығын қалыптастыру бойынша түзету – дамыту жұмысын жүргізу. Біздің жұмысымызда студенттердің отбасылық өмірге дайындығы мен мотивтерін дамытудың негізгі әдісі ретінде әзірленген тренингтік бағдарлама қолданылды. Зерттелген компоненттерді ескере отырып, біз олардың дамуына көмектесетін әр түрлі жаттығулар, әдістер мен тәсілдерді таңдадық. Тренинг бағдарламасын әзірлеу кезінде біз отбасылық өмірге дайындық деңгейін дамытуды мақсат еттік.

Бағдарламаның мақсаты – жоғарғы оқу орнындағы студенттердің отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруға, студенттердің болашақ отбасы адамының адамгершілік санасын қалыптастыру, отбасын құруға оң ынталандыру, отбасылық өмірге адамгершілік – психологиялық дайындық, позитивті тұлғааралық қарым – қатынас пен төзімділікті дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Студенттердің отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыру.
- Болашақ студенттердің отбасын құруда жеке жауапкершілік мотивациясының өсуіне ықпал ету.
- болашақ отбасылық қатынастарды жоспарлау үшін студенттерде жауапкершілікті тәрбиелеу;
- Бағытталған іс – шаралар кешенің жүзеге асыру және талдау.

Әдістері: әңгімелесу, тренингтік жаттығулар, рөлдік және іскерлік ойындар, ақпараттандыру, пікірталас, рефлексивті талқылау, дамытушы психологиялық диагностика.

Базасы: Павлодар педагогикалық университеті «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3 – 4 курс студенттері

Жоспарланған нәтиже: студенттердің саналы түрде отбасылық міндеттерді қабылдауға дайындығын қалыптастыру, отбасылық өмірге моральдық–психологиялық дайындық, отбасын дамытудың сенімді перспективаларын құрастыру.

Бағдарламаны ұйымдастыру:

Бағдарлама 10 сабақтан тұрады. Барлығы: 14 сағат.

Саны 15 адамнан аспайтын топта өткізіледі.

Өткізу уақыты – қатысушылар үшін ыңғайлы уақыт.

Бағдарлама құрылымы:

– Кіріспе бөлігі отбасылық өмірге бейімделуге мүмкіндік беретін жаттығуларды қамтиды.

– Негізгі бөлігі көп уақытты алады және негізгі материалдың мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыруға арналған.

– Қорытынды бөлім

– қорытындылау;

– рефлексия;

– релаксация.

Нәтижесінде жүргізілген түзету – дамыту жұмысы бойынша нәтижелерді қорытындылау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары:

1. Жүргізілген жұмыстар ұнады ма?

2. Бұл түзету – дамыту бағдарламасы кезінде сізге қай жері көбірек ұнады?

3. Өзіңізге керек ақпаратты ала алдыңызба?

4. Бұл жүргізілген жұмыстар сізге пайдасын тигізді ме?

5. Бағдаламадан алған әсеріңіз қандай?

Сонымен, іс – шаралар кешені кезінде студенттердің отбасылық өмірдің құқықтық, психологиялық, педагогикалық, моральдық – этикалық, және экономикалық аспектілерімен танысты. Олар белсенді өмірлік позицияны қалыптастыруға, болашақ өмірін жоспарлауға және өзін – өзі дамытуға оң көзқарас алды. Жоғарғы оқу орнындағы студенттердің отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенінің мақсаты орындалды. Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінің тапсырмалары орындалды. Біздің жұмысымыздың үшінші кезені болып бақылау эксперименті болды.



5 Сурет. «Отбасылық өмірге дайындықты бағалаудың тест – картасы» бойынша нәтижелерді салыстырмалы талдау



6 Сурет. С.В. Ковалевтің «Студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін анықтау» тесті бойынша салыстырмалы талдау нәтижелері

Қорытындылай келе, салыстыру жұмысын жүргізе отырып, эксперименталды топтың нәтижелері бастапқыда алынған нәтижеге қарағанда жоғары деңгейде екенін байқаймыз. Осыдан, жүргізілген бағдарламаның оң әсерін тигенін және студенттердің отбасылық өмірге жеткілікті дайындықтарының өскенін байқаймыз. Жүргізілген ғылыми зерттеу негізінде біз Павлодар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының студенттерінің отбасылық өмірге дайындығын қалыптастыруға бағытталған іс – шаралар кешені тиімді болғанын, осы жүргізілген жұмыстардың арқасында студенттердің көзқарастарының жоғары деңгейге көтерілгенін анықтадық. Бірақ, болашақта жоғарғы орнындағы студенттердің отбасылық өмірге дайындығын дамыту үшін бір қатар әдістемелік нұсқаулықтар ұсынамыз:

Ең бастысы жоғарғы оқу орнындарында студенттерге отбасылық өмірге көзқарастарын қалыптастыру барысында, төмендегідей тақырыптар бойынша отбасы жайлы мәлімет беру мақсатымен бірнеше жиналыс өткізу:

- 1) «Отбасы бізге не үшін қажет?».
- 2) «Отбасы және неке түсінігін қалыптастыру».

3) «Отбасылық өмірге жауапкершілікпен қараудың психологиялық алғышарттары».

Сонымен қатар, студенттердің отбасылық өмірге дайындық деңгейін арттыру үшін тренингтік жұмыстар өткізу. Қорытындылай келе, жоғарғы оқу орын студенттерінің болашақ отбасылық өмірге дайындау мәселесі өте өзекті және одан әрі егжей – тегжейлі дамуды қажет ететінін атап өтуге болады. Жоғары да сипатталған проблеманың гендерлік аспектісін зерттеу, университеттің әлеуметтік – педагогикалық орталығы негізінде әлеуметтік педагог пен куратордың жұмысын ұйымдастыру, неке мен отбасына дайындықтың арнайы курсына оқу қызметіне қосу мүмкіндігі өте пайдалы болады.

Сонымен қатар, дамыту жұмыс барысында эксперименттік топтың студенттерінің отбасылық өмірге деген көзқарастарының бастапқыға қарағанда өскенін аңғаруға болады. Бұл дегеніміз жүргізілген жұмыстың тиімділігін және сәттілігін көрсетеді. Зерттеу барысында жүргізілген студенттердің отбасылық өмірге даярлығы мен жоғарғы оқу орнынның маңыздылығына талдау жасау арқылы

студенттердің отбасын құрудағы негізгі мәселелерінің негізін ашуға мүмкіндік береді. Ал, жүргізілген жұмыстар студенттердің отбасылық өмірге толыққанды дайындықтарын анықтау үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүргізілген психоәлеуметтік бағдарламалар болашақта жоғарғы оқу орнындағы студенттердің отбасылық өмірге қозқарастарын қалыптастыру барысында оң үлесін қосатынына сенеміз.

Әдебиет:

1. Семья и общество. / Под ред. А.Г. Карчева. – М.: Наука, 2008. – 128с.
2. Парсонс Т. О социальных системах. М., 2002.
